Компьютерде жасалған туындыларға авторлық құқықты қорғаудың Еуропалық тәсілі автордың өзіндік интеллектуалды туындысының тұжырымдамасымен тікелей байланысты. Мысалы, компьютерлік бағдарлама бойынша Еуропалық директивада, егер компьютерлік бағдарлама автордың өзінің интеллектуалды қабілетінен, күш-жігерінен пайда болса, оны қорғауға болатындығы нақтыланған. Деректер базасына қатысты және авторлық құқықтың жекелеген аспектілері бойынша директиваларда осы мәселе бойынша ұқсас ережелер бар. Соңғы директива бойынша, фотографиялық туынды автордың жеке қатысуын көрсететін интеллектуалдық туындысы болса, оның авторлық құқықпен мойындалу мүмкіндігі айтылған. Осы ережелерді қолдана отырып, Еуропалық әділет соты (ЕСЖ) «автордың өзіндік интеллектуалдық туындысы» шартын белгілеп, яғни автордың шығарманы өзінің тікелей қатысуымен жасайтынын түсіндіріп осыған қатысты талаптарды біріздендірді [18, 2 б.]. Компьютерде жасалған жұмыстарды құқықтық реттеу үшін еуропалық юрисдикциялар кей сот істерінде өздерінің стандарттарына немесе тәсілдеріне сүйенді. Мысалы, Inforaq International – бұл өз клиенттеріне Данияның күнделікті газеттері мен басқа да мерзімді басылымдарынан таңдалған мақалалардың қысқаша мазмұнын ұсынатын бұқаралық ақпарат құралдары мониторингі және талдау компаниясы. Мақалалар Inforaq тұтынушыларымен келісілген іздеу критерийлері негізінде қорытындылау үшін таңдалады және таңдау «деректерді жинау процесі» арқылы жүзеге асырылады. Бұл процесс іздеуге болатын мәтіндік файлдарды шығару үшін мақалаларды сканерлеуді, содан кейін мәтіннің он бір сөзден тұратын үзінділерін (іздеу сөзі және екі жағында бес сөз) жасау үшін мәтіндік файлдарды іздеуді қамтыды,

⁸ *Nova Productions Ltd v Mazooma Games Ltd [2007] EWCA Civ 219 (14 March 2007)*

олар электронды түрде басылып шығарылды және сақталды. Бұл іс бойынша сот өз шешімінде жұмыс «автордың жеке интеллектуалдық туындысы» ретінде қамтылса, түпнұсқа ретінде мойындалу мүмкіндігін түсіндірді⁹.

Сонымен қатар, *Bezpečnostní softwarová asociace* атты сот ісінде¹⁰, сот компьютермен жасалатын жұмыстарға қатысты қосымша түсініктеме берді. Негізгі мәселе графикалық интерфейсті еуропалық авторлық құқық стандарттарына сәйкес түпнұсқа туынды ретінде анықтау болды. Іс нәтижесі бойынша, сот автордың интеллектуалдық үлесі болған жағдайда графикалық интерфейс туынды ретінде авторлық құқықпен қорғалуы мүмкін екенін анықтады [15].

Жоғарыда келтірілген сот практикасын ескере отырып, келесідей қорытындылауға болады, яғни шығармашылық туындының еуропалық авторлық құқықпен танылуы үшін туынды автордың жеке басымен тікелей байланысты болуы маңызды.

Компьютермен жасалған туындыларды авторлық құқықпен қорғаудың американдық тәсілі

Жасанды интеллект арқылы жасалған туындыларға авторлық құқықты бекітуге негізгі кедергілердің бірі ретінде авторлық қарастырылуы мүмкін. Мысалы, АҚШ-тың Авторлық құқықтар жөніндегі басқармасы (басқарма) авторлықты қабылдау үшін туындыны тікелей адам өзі жасау қажеттігі туралы ұстанымды алға тартты. Осылайша, егер туындылар аталған талаптарға сәйкес келмесе, авторлық құқықтың объектісі ретінде мойындалмайды. Сонымен қатар, басқарма авторлық құқықпен қорғалмайтын адамның қатысуынсыз орын алатын туындыларды екі санатқа бөледі: табиғат және машинамен жасалған туындылар. Біріншісін түсіндіру үшін басқарма піл салған қабырға сурет, мұхит жағасында пішінделген немесе тегістелген дрейф ағаштарын және т.б. мысал ретінде келтірсе, екінші санат бойынша рентгенмен салынған медициналық фотосуреттерді мысалға келтіреді.

Кейбір ғалымдар адам және адам емес авторларды ескере отырып, авторлықты қайта қарау керектігін алға тартады. Адам емес авторлардың және өнертапқыштардың құқықтық мәртебесін қатты қолдайтындардың бірі – профессор Эббот. Өзінің соңғы еңбектерінің бірінде ол адам емес субъек-

тілерге авторлықты белгілеу немесе тағайынау жасанды интеллектінің өсімі мен дамуын қолдайтын жаңа инновациялық жол деп анықтайды. Алайда, Христов адам және адам емес авторларды қосу арқылы «авторлықты» қайта қараудың қажеті жоқ деп санайды, өйткені бұл бастама болашақта құқықтық мәселелер мен белгісіздіктерге жол ашуы мүмкін [1, б.441].

Профессор Клиффордтың зерттеуінше, АҚШ-тың ағымдағы федералды жүйесі машина көмегінің болуы немесе болмауына қарамастан, жұмыс тек адам шығармашылығының қатысуымен ғана орын алады деген аксиомаға сүйенетіндігін айтады. Осылайша, егер компьютер туындыны өзі жасаған сәтте оның туындылары авторлық құқықпен қорғалмайтынын білдіреді. Мұндай аксиоманың туындына сарапшылар арасында егер машиналар авторлық құқықпен қорғалатын шығармашылық туындыларды өздері жасайтын болса, онда олар сол шығармалардың авторы деген көзқарастың пайда болуы әсер еткен болатын [19, б. 274]. Кей азаматтар машинаны автор ретінде тануды тым артық санайды, өйткені осыған байланысты азаматтар лицензиялау, қорғаудың ұзақтығы сияқты авторлық құқықтың негізгі қағидаларына деген құрметін жоғалтуы мүмкін. Демек, қазіргі құқықтық жүйе машиналарды авторлық құқық иелері ретінде қабылдауға дайын емес деп айтуға болады. Адам емес авторларға қатысты мәселе Наруто атты маймыл ісімен танымал болды. Біріншіден, бұл іс бойынша талапкер Наруто есімді қара макаканың «селфиін» көшіргені үшін Википедияны сотқа берген болатын, өйткені аталған маймыл талапкердің камерасын пайдаланып, кездейсоқта өз суретін түсірген болатын. Өз уәжінде жауапкер талапкердің аталған суретке қатысты авторлық құқығы жоқ деп, маймылдың селфи суретін алып тастаудан бас тартты.

Бұл істің қоғамда резонанс туғызғаны соншалық, өзге тараптардың қатысуына алып келген болатын. Мысалы, жоғарыда аталған талапкерді маймылдың суретін заңсыз көшіріп, авторлық құқықты бұзды деп маймылдың атынан әрекет еткен РЕТА ұйымы сотқа берді [19, б.274]. Жасанды интеллект технологиясын реттеу бойынша АҚШ тәсілінің бір ерекшелігі – АҚШ-тың кейбір заңгерлері жалдамалы жұмыс доктринасын ЖИ-пен туындаған нәтижелерді реттеу үшін

⁹ *Infopaq International A/S v Danske Dagblades Forening (C-5/08) EU:C:2009:465 (16 July 2009)*

¹⁰ *Bezpečnostní Softwarová Asociace - Svaz Softwarové Ochrany v Ministerstvo Kultury (C-393/09) [2011] E.C.D.R. 3 (22 December 2010)*

қолдануға болады деп болжайды. Бұл доктрина авторлық жұмысты жасау мақсатында адамды жалдаған ұйымға бастапқы авторлық құқық иесі атануға мүмкіндік береді. АҚШ сияқты ортақ құқық елдерінің азаматтық-құқықтық елдерден айырмашылығы, айрықша құқықтарды алу үшін шығармашылық туындыларды авторларынан немесе жасаушыларынан бөлуге рұқсат береді. Бұл өз кезегінде ЖИ технологиясымен жасалған жұмыстарға қатысты қолданғанда және осы технологиялар құқықтық қатынас субъектісіне айналған кезде күрделі мәселелерді туғызуы ықтимал. Бұл тәсілді қолдаушылар, егер жалдамалы жұмыс доктринасы ЖИ жасаған жұмыстарға қатысты қолданылмағанның өзінде, бұл мәселе аталған ЖИ технологияларын өндірушілер мен олардың тұтынушылары арасындағы келісімшартта өз шешімін табуы мүмкін [14, б.6].

Бірақ, бұл тәсілдің мәселесі болып шарттық қатынаспен өзара бір-бірімен тығыз байланысты бір жағынан авторлар, және екінші жағынан оларды жұмысқа қабылдаған субъектілер жатады. Шынтуайтында келісімшарт доктринасы құқық иелерінің жалданған қызметкерлер немесе тәуелсіз қызметкерлер екенін анықтауға көмектеседі. Қорытындылай келе, озық технологияның дамуы жасанды интеллект арқылы жасалған жұмыстардың көбеюіне әкелді және адамдардың енді жалғыз шығармашылық пен инновацияның қызметтің қайнар көзі емес екендігін көрсетті. Алайда, АҚШ-тың авторлық құқық туралы заңнамасы бұл шындықты елемей, көптеген жасанды интеллект технологиясы жасаған шығармашылық туындыларды қоғамдық игілікке енгізген сияқты. Бұл тәсіл болашақ жасанды интеллекттің дамытуға немесе инвестициялауға қатысатын бағдарламашылар мен жасанды интеллект дамытушылар үшін тиімді болмауы мүмкін. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, АҚШ-тың авторлық құқық жүйесінде ЖИ-пен жасалған туындыларға қатысты біркелкі жауаптың жоқ екендігін аңғаруға болады.

Қорытынды

ЖИ технологиялары адамның қатысуымен де, қатысуынсыз да, жаңа шығармашылық туындыларды жасауда. «Ex Machina» көркем фильміндегі Ава сияқты жасанды интеллект кейіпкері көрермендер

арасында жасанды интеллектінің қоғамдағы рөлі туралы қызу талқылау туғызған болатын. Бұл процестің басы ғана болса керек. ЖИ-нің дамуы авторлық құқықтың заңнамасына қатысты маңызды өзгерістерге себепші болып отыр. ЖИ технологиясымен жасалатын жұмыстарды авторлық құқықпен қорғау бойынша жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, оны келесідей қорытындылауға болады. Біріншіден, ЖИ – деректерді бағалаудың белгілі бір алгоритмдеріне сүйенетін және тәуелсіз шешімдер қабылдайтын компьютерлік бағдарлама. Ол тәжірибеден сабақ ала алады және мақсатына жету үшін өз функцияларын жетілдіре алады. Екіншіден, авторлық құқық туралы заңның қазіргі ұстанымы ЖИ технологияларына дайын емес және сәйкес келмейтінін байқауға болады, сондықтан авторлық құқық туралы заңды қолданыстағы жүйеге сәйкестендіру үшін тиісті түрде өзгертілуі немесе қайта қаралуы қажет. Еуропа мен АҚШ тәсілдері бойынша, адамның жеке басын шығармашылық үдерістің орталығына қою – біздің ойымызша негізсіз әрі болашақта перспективасы жоқ. Біз Ұлыбританияның тәсілін немесе бағытын, яғни шығармашылық жұмысты жасау үшін қажетті шараларды қабылдаған адамға авторлық құқықпен қорғауды қамтамасыз етуді ең тиімді және орынды деп санаймыз. Мұндай ұстаным компаниялардың ЖИ салаларына инвестиция құюға ынталандырады. Үшіншіден, қазақстандық авторлық құқық туралы заңда компьютерлік туындылардың құқықтық мәртебесі болмағандықтан, Ұлыбританияның құқықтық тәжірибесін бағалай отырып, 1996 жылғы Авторлық құқық туралы ұлттық заңға тиісті өзгертулер енгізіп және оны келесідей редакцияда жариялауды ұсынамыз: *«автор - ғылым, әдебиет және өнер туындыларын жасаған тұлға және осындай туындыларды жасаған жасанды интеллекттің әзірлеушісі және иесі»*.

Бұл жұмыста ЖИ технологиялары арқылы жасалған туындыларға авторлық құқықты қорғау тұрғысынан ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша практикалық құқықтық ұсыныстар қарастырылған. Сондай-ақ, жұмыстың материалдары ЖИ технологиясымен жасалған шығармашылық туындыларды одан әрі құқықтық зерттеу үшін құнды болуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТ

1. Hristov K. *Artificial intelligence and the copyright dilemma //Idea*. – 2016. – Volume 57, Issue 3 – PP. 431- 454.
2. Ramli T. S. et al. *Artificial intelligence as object of intellectual property in Indonesian law //The Journal of World Intellectual Property*. – 2023. – PP. 142-153.
3. Brown N. I. *Artificial authors: a case for copyright in computer-generated works //Colum. Sci. & Tech. L. Rev.* – 2018. – Volume 20. – PP. 1-41.
4. Magauiya A. et al. *The Practices of Advanced Countries in the Legal Regulation of Intellectual Property Objects Created by Artificial Intelligence //Law, State and Telecommunications Review*. – 2023. – Volume 15. – №. 1. – PP. 191-206.
5. Yanisky-Ravid S. *Generating Rembrandt: Artificial Intelligence, Copy-right, and Accountability in the 3A Era: The Human-like Authors Are Already Here: A New Model // Mich. St. L. Rev.* – 2017. – PP. 659- 726.
6. Гурко А. *Искусственный интеллект и авторское право: взгляд в бу-дущее // Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права*. – 2017. – №. 12. – С. 7-18.
7. Suyanto A. I. *Searching, Reasoning, Planning, dan Learning (Revisi Kedua) //Bandung: Informatika Bandung*. – 2014. - <https://suyanto.staff.telkomuniversity.ac.id/textbook-artificial-intelligence/>, access date: 23.08.2023
8. Понкин И., Редькина А. *Искусственный интеллект и право интеллектуальной собственности // Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права*. – 2018. – №. 2. – С. 35-44.
9. Rahman R. A., Al-Farouqi A., Tang S. M. *Should Indonesian Copyright Law be Amended Due to Artificial Intelligence Development?: Lesson Learned from Japan //NTUT Journal of Intellectual Property Law and Management*. – 2020. – Volume 9. – №. 1. – PP. 34-57.
10. Исакова Ж.Т., Кашкин С.Ю. *Современное авторское право и проблемы развития искусственного интеллекта // Вестник Университета имени ОЕ Кутафина*. – 2020. – №. 2 (66). – С. 43-52.
11. Butler T. L. *Can a computer be an author-copyright aspects of artificial intelligence //Comm/Ent LS*. – 1981. – Volume 4. – PP. 707- 747.
12. Президент Казахстана выступил на онлайн-конференции «Artificial Intelligence Journey». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/prezident-kazahstana-vystupil-na-onlain-konferencii-artificial-intelligence-journey (дата обращения: 23.08.2023).
13. Афанасьева Е. *Авторское право в эпоху искусственного интеллекта //Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права*. – 2020. – №. 6. – С. 59-66.
14. Hazucha B. *Artificial Intelligence and Cultural Production: Possible Impacts on Creativity and Copyright Law*. – 2022, Available at SSRN: https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=4028106, access date: 23.08.2023.
15. Guadamuz A. *Do androids dream of electric copyright? Comparative analysis of originality in artificial intelligence generated works //Intellectual prop-erty quarterly*. – 2017(2) Available at SSRN: <https://ssrn.com/abstract=2981304>, access date: 23.08.2023.
16. Guadamuz A. *Artificial intelligence and copyright // WIPO*. - 2017, https://www.wipo.int/wipo_magazine/en/2017/05/article_0003.html, access date: 26.03.2023.
17. Yoon B. *A Comparative Study of the Copyright Laws for Artificial In-telligence in the UK and Korea //Comparative Law Review*. – 2022. – Volume 28. – PP. 281-314.
18. Zurth P. *Artificial Creativity? A Case Against Copyright Protection for AI-Generated Works //UCLA JL & Tech*. – 2020. – Volume 25. – PP.1-17.
19. Abbott R. *I Think, Therefore I Invent: Creative Computers and the Fu-ture of Patent Law // B.C. L. REV.* – 2016. – Volume 57. – PP.1079-1126.
20. Denicola R. C. *Ex machina: copyright protection for computer generat-ed works //Rutgers UL Rev*. – 2016. – Volume 69. – PP. 251-287.

REFERENCES

1. Hristov K. *Artificial intelligence and the copyright dilemma //Idea*. – 2016. – Volume 57. – PP. 431- 454.
2. Ramli T. S. et al. *Artificial intelligence as object of intellectual property in Indonesian law //The Journal of World Intellectual Property*. – 2023. – PP. 142-153.
3. Brown N. I. *Artificial authors: a case for copyright in computer-generated works //Colum. Sci. & Tech. L. Rev.* – 2018. – Volume 20. – PP. 1-41.
4. Magaiuya A. et al. *The Practices of Advanced Countries in the Legal Regulation of Intellectual Property Objects Created by Artificial Intelligence //Law, State and Telecommunications Review*. – 2023. – Volume 15. – №. 1. – PP. 191-206.
5. Yanisky-Ravid S. *Generating Rembrandt: Artificial Intelligence, Copy-right, and Accountability in the 3A Era: The Human-like Authors Are Already Here: A New Model //Mich. St. L. Rev.* – 2017. – PP. 659- 726.
6. Gurko A. *Iskusstvennyj intellekt i avtorskoe pravo: vzgljad v budushhee //Intellektual'naja sobstvennost'. Avtorskoe pravo i smezhnye prava*. – 2017. – №. 12. – S. 7-18.
7. Suyanto A. I. *Searching, Reasoning, Planning, dan Learning (Revisi Kedua) //Bandung: Informatika Bandung*. – 2014. - <https://suyanto.staff.telkomuniversity.ac.id/textbook-artificial-intelligence/>, access date: 23.08.2023
8. Ponkin I., Red'kina A. *Iskusstvennyj intellekt i pravo intellektual'noj sobstvennosti //Intellektual'naja sobstvennost'. Avtorskoe pravo i smezhnye prava*. – 2018. – №. 2. – S. 35-44.
9. Rahman R. A., Al-Farouqi A., Tang S. M. *Should Indonesian Copyright Law be Amended Due to Artificial Intelligence Development?: Lesson Learned from Japan //NTUT Journal of Intellectual Property Law and Management*. – 2020. – Volume 9. – №. 1. – PP. 34-57.
10. Iskakova Zh. T., Kashkin S. Ju. *Sovremennoe avtorskoe pravo i prob-lemy razvitiya iskusstvennogo intellekta //Vestnik Universiteta imeni OE Kutaf-ina*. – 2020. – №. 2 (66). – S. 43-52.
11. Butler T. L. *Can a computer be an author-copyright aspects of artificial intelligence //Comm/Ent LS*. – 1981. – Volume 4. – PP. 707- 747.
12. *Prezident Kazahstana vystupil na onlajn-konferencii «Artificial Intelli-gence Journey»*. — [Jelektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: https://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/prezident-kazahstana-vystupil-na-onlain-konferencii-artificial-intelligence-journey
13. Afanas'eva E. *Avtorskoe pravo v jepohu iskusstvennogo intellekta //Intellektual'naja sobstvennost'. Avtorskoe pravo i smezhnye prava*. – 2020. – №. 6. – S. 59-66.
14. Hazucha B. *Artificial Intelligence and Cultural Production: Possible Impacts on Creativity and Copyright Law //Available at SSRN 4028106*. – 2022, Available at SSRN: https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=4028106, access date: 23.08.2023.
15. Guadamuz A. *Do androids dream of electric copyright? Comparative analysis of originality in artificial intelligence generated works //Intellectual prop-erty quarterly*. – 2017(2), Available at SSRN: <https://ssrn.com/abstract=2981304>, access date: 23.08.2023.
16. Guadamuz A. *Artificial intelligence and copyright // WIPO. 2017 [Electronic resource] – Access mode: https://www.wipo.int/wipo_magazine/en/2017/05/article_0003.html*, access date: 26.03.23.
17. Yoon B. *A Comparative Study of the Copyright Laws for Artificial In-telligence in the UK and Korea //Comparative Law Review*. – 2022. – Volume 28. – PP. 281-314.
18. Zurth P. *Artificial Creativity? A Case Against Copyright Protection for AI-Generated Works //UCLA JL & Tech*. – 2020. – T. 25. – PP.1-17.
19. Abbott R. *I Think, Therefore I Invent: Creative Computers and the Fu-ture of Patent Law // B.C. L. REV.* – 2016. – Volume 57. – PP.1079-1126.
20. Denicola R. C. *Ex machina: copyright protection for computer generat-ed works //Rutgers UL Rev*. – 2016. – Volume 69. – PP. 251-287.

ДЕТЕКТИВ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӘДЕБИ ЖАНР РЕТІНДЕ: ҚОРҒАУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Өмірәлі Шакарапұлы Жалаири

Қонаев университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: vuzkunaeva@vuzkunaeva.kz

Айжан Амангелдіқызы Амангелді¹

Заң ғылымдарының докторы, Қонаев университетінің азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, М. Есболатов атындағы ҚР ПМ Алматы академиясының Ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің аккредиттелген сарапшысы; Алматы қ., Қазақстан Республикасы,
e-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru

Аннотация. Мақала детектив жанрын авторлық құқық объектісі және әдеби жанр ретінде зерттеуге, сондай-ақ қорғау қабілеттілігі критерийлерінің проблемасына арналған.

Қазақ әдебиетінде детектив жанры кең таралмағандықтан, ғылыми тұрғыда қалың оқырман тарапынан қызығушылық туғызады. Сонымен қатар, шығармашылық зияткерлік қызметтің нәтижесі, авторлық құқық объектісі болып табылады.

Мақалада әдеби туындының ерекшеліктеріне талдау жасалып, қазақстандық және шетелдік авторлардың ғылыми көзқарастары келтірілген.

Алайда кез-келген туындыны авторлық құқық объектісі деп тануға болмайды, авторлық құқық объектісі деп тану үшін объектінің қорғауға қабілеттілігін айқындайтын белгілері болуы тиіс.

Туындылардың қорғау қабілеттілігі өлшемдерін айқындау туындыны құқықтық қорғауға жатады деп тануда маңызды болып табылады. ҚР заңнамасымен қорғау қабілеттілігі өлшемдері болып туындылардың шығармашылығы мен нысаны танылады.

Мақалада туындылардың мақсаты, мазмұны, қадір-қасиеті, сондай-ақ оларды білдіру тәсілдері мен нысандары туралы түсінік беріледі.

Заң әдебиетінде қорғауға қабілеттілік критерийлерін зерттеудің түрлі көзқарастары бар: шығармашылық, жаңашылдық, шынайылық және тағы басқалар. Шетелдік тәжірибеде біржақты пікір жоқ, АҚШ-та креативтілік деңгейі критерий ретінде қарастырылады. Қазіргі уақытта шығармашылық сипаты елеусіз туындыларды қорғаудың төменгі деңгейін анықтау тұжырымдамасы барған сайын назар аударуда.

Қазақстан Республикасының сот тәжірибесі дауларды шешуде материалды алу үшін авторлық сараптама және шығармашылық нәтижелердің сәйкестігі сияқты құралдарды пайдалана отырып, шығарманың шығармашылық сипатының, авторлық құқық Копирайт белгісінің болуын анықтау тәсілін ұстанады.

Туындыларды қорғау қабілеттілігі критерийлерін белгілеу тәжірибелік сипатқа ие өзекті мәселе болып табылады және оны шешу авторлық құқықты қорғауды пайдалана алатын туындыларды анықтау үшін қажет.

Түйін сөздер: детектив, жанр, әдебиет туындысы, қорғалу, шығармашылық, зияткерлік меншік, авторлық құқық.

¹ Хат-хабарларға арналған автор

ДЕТЕКТИВ КАК ЛИТЕРАТУРНЫЙ ЖАНР В СИСТЕМЕ ОБЪЕКТОВ АВТОРСКОГО ПРАВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ОХРАНОСПОСОБНОСТИ

Жалаири Өмірәлі Шакарапұлы

*Ректор Университета Кунаева, доктор юридических наук, профессор,
г. Алматы, Республика Казахстан, e-mail: vuzkunaeva@vuzkunaeva.kz*

Амангельды Айжан Амангельдықызы

*Доктор юридических наук, профессор кафедры гражданско-правовых дисциплин
Университета Кунаева, научный сотрудник Научно-исследовательского центра
Академии МВД РК, аккредитованный эксперт научной и научно-технической
деятельности Министерства науки и высшего образования РК;
г. Алматы, Республика Казахстан, e-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru*

***Аннотация.** Статья посвящена исследованию детектива как литературного жанра как объекта авторского права и проблеме критериев охраноспособности.*

Детектив в казахстанской литературе не получил широкого распространения, и от того, вызывает научный интерес. Вместе с тем, является результатом творческой интеллектуальной деятельности, объектом авторского права.

В статье дан анализ особенностей литературного произведения, приведены точки зрения казахстанских и зарубежных авторов.

Однако не каждое произведение может быть признано объектом авторского права, для признания таковыми объект должен обладать определенными признаками, для того чтобы стать охраноспособным.

Определение критериев охраноспособности произведений является важным при признании произведения, подлежащим правовой охране. Законодательством РК признаются таковыми творчество и форма произведений.

В статье раскрыты понятия назначения, содержания, достоинства, а также способов и форм выражения произведений.

В юридической литературе представлены разные точки зрения к изучению критериев охраноспособности: творчества, новизны, оригинальности и прочее. Отсутствует единство мнений и в зарубежной практике, в США в качестве критерия рассматривают уровень креативности. В настоящее время все больше привлекает к себе внимание концепции определения нижнего уровня охраноспособности, отличающий произведения с незначительным уровнем творческого характера.

Судебная практика РК при разрешении споров придерживается подхода определения наличия творческого характера произведения, знака Копирайт, используя такие инструменты как автороведческая экспертиза на предмет заимствования материала и совпадения творческих результатов.

Установление критериев охраноспособности произведений является актуальной проблемой, которая имеет практический характер, и ее разрешение необходимо для того, чтобы определить, какие произведения могут пользоваться авторско-правовой охраной.

***Ключевые слова:** детектив, жанр, произведение литературы, охраноспособность, творчество, интеллектуальная собственность, авторского право.*

DETECTIVE AS A LITERARY GENRE IN THE SYSTEM OF COPYRIGHT OBJECTS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: PROBLEMS OF DETERMINING THE PROTECTION CAPACITY

Zhalairi Omirali Shakarapuly

*Rector of Kunaev University, Doctor of Law, Professor, Almaty, Republic of Kazakhstan,
e-mail: vuzkunaeva@vuzkunaeva.kz*

Amangeldy Aizhan Amangeldykyzy

Doctor of Law, Professor of the Department of Civil Law Disciplines of Kunaev University, researcher of the Research Center of the Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, accredited expert of scientific and scientific-technical activities of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan; Almaty, Republic of Kazakhstan, e-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru

Abstract. *The article is devoted to the study of the detective as a literary genre as an object of copyright and the problem of criteria of protection.*

The detective in the Kazakh literature has not been widely distributed, and therefore arouses scientific interest. At the same time, it is the result of creative intellectual activity, the object of copyright.

The article analyzes the features of the literary work, presents the points of view of Kazakhstani and foreign authors.

However, not every work can be recognized as an object of copyright, in order to be recognized as such, the object must have certain characteristics in order to become protectable.

Determining the criteria for the protectability of works is important when recognizing a work as subject to legal protection. The legislation of the Republic of Kazakhstan recognizes creativity and the form of works as such.

The article reveals the concepts of purpose, content, dignity, as well as ways and forms of expression of works.

The legal literature presents different points of view to the study of the criteria of protectability: creativity, novelty, originality, etc. There is no unity of opinion in foreign practice, in the USA the level of creativity is considered as a criterion. Currently, the concept of determining the lower level of protection capacity, which distinguishes works with an insignificant level of creative character, is increasingly attracting attention.

The judicial practice of the Republic of Kazakhstan in dispute resolution adheres to the approach of determining the existence of the creative nature of the work, the Copyright mark, using such tools as an author's expertise for borrowing material and coincidences of creative results.

The establishment of criteria for the protection of works is an urgent problem that has a practical nature, and its resolution is necessary in order to determine which works can enjoy copyright protection.

Keywords: *detective, genre, work of literature, protectability, creativity, intellectual property, copyright.*

DOI: 10.52026/2788-5291_2024_77_2_158

Кіріспе

Еліміздің қазіргі даму кезеңінде авторлық құқық саласындағы проблемалар реттелмей назардан тыс қалып отыр. Авторлық құқық объектілері интеллектуалдық қызметтің нәтижесі бола отырып, материалдық емес объектілер санатына жатады. Олар ерекше құқықтарды пайдалану мен қорғауға байланысты қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін анықтайтын идеалды және рухани табиғатымен сипатталады [1].

Адамдардың зияткерлік әлеуетін іске асыру нәтижесінде ғылым, әдебиет және өнердің жаңа туындылары жасалады. Бұл мақалада әдебиет туындыларына, атап айтқанда детектив жанрына назар аударғым келеді. Қазақстанда бұл категория толығымен кең таралмаған, сондықтан ғылыми қызығушылық туғызады.

Әдістер мен материалдар

Мақала диалектикалық, формальды-логикалық, жүйелік, салыстырмалы-құқықтық, техникo-заңи сияқты ғылыми танымның жалпы және жеке зерттеу әдістерін пайдалана отырып дайындалған.

Нәтижелер мен талдаулар

Кемел Тоқаев қазақ әдебиетінде детектив жанрының негізін салушы, ол қалың оқырманға «Ұшқын», «Жұмбақ із», «Олар қоныстанған жер» және т.б повестер мен әңгімелердің авторы ретінде өз еңбектерінде өткір де тартымды сюжеттерімен және ондағы көтерілген сауалдарымен оқырмандар арасында қызу пікір тудырды [2].

М.Н. Шәкиев жазушының шығармаларын зерттеуде Кемел Тоқаевтың сол кезде

көпшілік байқамайтын, мән бермейтін мінез-құлық қасиеттері ашылып, образ жаңа туындылармен үндескендей әсер алғандығын жасырмайды. Кемел Тоқаев – атақты жауынгер, жазушы. Рухани қазынамызға үлкен үлес қосты. Жазушының өнегелі өмір жолы, қажырлы еңбегі, адами қасиеттері үлгі алуға тұрарлық. Ал оның шығармалары Қазақ әдебиеті тарихында өлмес мұраға айналды.

Өткен ғасырдағы тұлғалардың ел, Отан игілігі жолындағы адал, жанкешті еңбегін өкінішке орай, шынайы бағалай алмай келеміз [3].

Автор жинаған материалдар әйгілі қазақстандық кинорежиссер Шәкен Айманов түсірген «Атаманның ақыры» фильміне негіз болып, кеңестік киноның қазынасына енді [4].

Ал мұның бәрі шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижесі, демек, авторлық құқық объектісі болып табылады.

Зияткерлік меншік объектілерінің идеалдылық, материалдық емес сипаттағы, ерекше құқықтық қорғалуы және объективті түрде бейнеленуі сияқты қасиеттері бар деп танылады.

Алайда, зияткерлік меншік объектілерінің басым бөлігінде, атап айтсақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы ғылымында, әдеби шығармаларды талдауға және жанрларды зерттеуге тиісті көңіл бөлінбейтінін айта кеткен жөн.

Интеллектуалдық қызметтің нәтижелері материалдық емес объектілер санатына жатады. Объектілердің идеалды және рухани табиғаты ерекше құқықтарды пайдалану мен қорғауға байланысты қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін анықтайды.

Интеллектуалдық белсенділікті жеке тұлғалардың интеллектуалдық әлеуетін жүзеге асыру процесі ретінде ұғыну қажет, оның нәтижесі теориялық немесе қолданбалы сипатта болуы мүмкін жаңа білім болып табылады.

Кең мағынада, адамның интеллектуалдық әрекеті – адамның алған ақпаратты пайдаланудағы ақыл-ой қабілетімен байланысты психикалық, шығармашылық әрекеттің бір түрі. Адамның интеллектуалдық әрекеті оның жеке ақыл-ой қабілеттерінің көмегімен пайдаланатын білімдері мен басқа ақпараттарға негізделеді [5, 694 б.].

Интеллектуалдық қызметтің нәтижелері - бұл ақыл-ой, шығармашылық әрекеттің нәтижесі, мұнда материалдық емес объектіні қорғауды қамтамасыз ету үшін ойды объективті формаға келтіру маңызды орын алады [1]. Әрине, зияткерлік меншік объектілерінің азаматтық құқықтардың басқа объектілеріне тән емес өзіндік сипаттамалары бар, мысалы, олардың материалдық емес сипаты мен идеалдылығы.

Әдеби туынды дегеніміз не?

Әдебиет және өнер туындыларын қорғау туралы Берн конвенциясының 2-бабының (1) тармағына сәйкес «Әдеби және көркем туындылар» термині қандай тәсілмен және қандай түрде берілгеніне қарамастан әдебиет, ғылым және өнер саласындағы барлық туындыларды қамтиды, атап айтқанда: кітаптар, кітапшалар және басқа да жазбаша туындылар; дәрістер, үндеулер, уағыздар және басқа да осы тектес туындылар; драмалық және музыкалық-драмалық туындылар; хореографиялық туындылар және пантомималар; мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық шығармалар; кинематографиялық туындылар, бұларға теңестірілетін, кинематографияға орайлас тәсілмен берілген туындылар; суреттер, кескіндеме, сәулет, мүсіндеме, графика және литография туындылары; сурет туындылары, оларға орайлас әдістермен жасалған туындылар теңгеріледі; географияға, топографияға, саулетке немесе ғылымға жататын қолданбалы өнер туындылары; безендірулер/географиялық қарталар, жоспарлар, нобайлар мен пластикалық туындыла².

Берн конвенциясының мәтінінен конвенцияда тек туындылардың тізімі ғана берілгенін көруге болады.

Ұлыбританияның авторлық құқық, өнеркәсіптік үлгілер және патенттер туралы Заңына сәйкес (1988), «әдеби туынды» термині драмалық немесе музыкалық туындылардан басқа, жазбаша, ауызша немесе ән түрінде болатын және сәйкесінше мыналарды қамтитын кез келген туындыны білдіреді:

(a) кесте немесе жинақ, <...>

(b) компьютерлік бағдарлама [және

(c) компьютерлік бағдарлама үшін алдын ала жобалау материалы]³.

Осылайша, Ұлыбритания заңы әдеби туындының түсінігіне кеңірек қарастырады.

² Бернская конвенция по охране литературных и художественных произведений (измененная 28 сентября 1979г. (Официальный перевод) // <https://www.wipo.int/wipolex/ru/text/283702>. (жүзінген күн 22.11.2023 ж.)

³ Ұлыбританияның авторлық құқық, өнеркәсіптік үлгілер және патенттер туралы Заңы (1988 год) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30971220&pos=1;-15#pos=1;-15&doc_params. (жүзінген күн 22.11.2023 ж.)

С.А. Судариков туындыларды талдай отырып, әдеби туындыларды материалдық ортада бейнеленген көркемдік, публицистикалық және қолданбалы сипаттағы туындылар деп есептейді. Автордың ойынша, әдеби туындылар тек көркем әдебиет туындыларын қамтиды деп есептемеу керек. Әдеби туындыларға әдеби сценарийлер, либреттолар, мәтіндер мен ноталар, газет-журналдағы мақалалар, күнделіктер, хаттар, т.б. жатады. Автор ғылыми, ғылыми-көпшілік, танымдық бағыттағы, материалдық ортада бейнеленген жазба жұмыстарын ғылыми еңбектерге жатқызады [6, 62-66 б.].

Д.А. Братусь әдеби туындылардың келесідей ерекшеліктерін анықтайды:

- 1) көркем ойдың болуы;
- 2) идея мен форманың бір мезгілде болуы;
- 3) мазмұнның тұтастығы;
- 4) құрылымдылық,
- 5) минималды резервтеу,
- 6) шындық пен қиялдың бірлігі;
- 7) көркемдік техниканың болуы [7, 218-220 б.].

Д.А. Братусь, «әдеби туынды» ұғымы тек көркем шығармаларды: 1) поэма, 2) өлең, 3) повесть, 4) авторлық ертегі (яғни халық шығармаларына қатысы жоқ ертегі, өнер), 5) көркем роман, 6) проза, 7) эпопея, 8) басқа да көркем шығармаларды қамтуы керек деп санайды [7, 221 б.].

Детектив жанрын көркем туынды ретінде танудың барлық критерийлеріне сай келетіндіктен әдеби туындылар қатарына қосу керек деп есептейміз.

Зияткерлік меншік объектілері материалдық емес және идеалды сипатқа ие, олар адам шығармашылығының нәтижесі, рухани және құнды қасиеттердің көрінісі екендігін білдіреді. Бұдан шығатыны, кез-келген туындыны авторлық құқық объектісі деп тануға болмайды, олай деп тану үшін объект қорғау қабілеттілігіне ие қандай да бір белгіге ие болуы тиіс.

Сондай-ақ, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының 8 бабына сәйкес, мыналар авторлық құқық объектілері болмайды:

- 1) ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, заң әкімшілік, сот сипатындағы және дипломатиялық сипаттағы өзге де мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары;
- 2) мемлекеттік нышандар мен белгілер

(жалаулар, елтаңбалар, ордендер, ақша белгілері және өзге де мемлекеттік нышандар мен белгілер);

3) халық шығармашылығы туындылары;

4) оқиғалар мен фактілер туралы ақпараттық сипаттағы хабарлар⁴.

Осылайша, туындыны құқықтық қорғауға жатады деп тану кезінде туындыларды қорғау критерийлерін анықтау маңызды болып табылады.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының 6 бабының 1 тармағына сәйкес авторлық құқық мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады⁵. Авторлық құқық заңында шығармашылыққа не жататынын анықталмаған.

Оқу әдебиетінде шығармашылық - адамның бар қабілеттеріне, қоршаған шындықты қабылдауына және алған біліміне сүйеніп отырып, жаңа идеяларды, бейнелерді, ұсыну формаларын, әртүрлі мәселелердің шешімдерін, өз ойын білдіретін және адамның сезімдері мен көңіл-күйлері туралы психикалық әрекеттің ерекше түрі. Шығармашылықтың нәтижесі әрқашан жаңа дүниеге айналады, бұрынғыдан өзге бір түрімен (маңызды және елеусіз) ерекшеленеді. Бұл жағдайда шығармашылық күрделі қатаң сипатқа ие болады [5, 694 б.].

Ю.Л. Косякованың пікірінше, шығармашылық қызмет - ақыл-ой, ойлау немесе басқаша айтқанда, зияткерлік, идеалды бейнелерді жасауға қабілетті қызмет түрі болып табылады [8, 165 б.]. Шығармашылықты субъективті санат болып табылады деген ұстаныммен келісеміз.

Сот практикасында сондай-ақ шығармашылық қорғау қабілетінің өлшемі болып табылатын тәсіл қолданылады. Мысалы, Б. авторлық құқықты бұзғаны үшін зиянды өтеуді өндіріп алу туралы талап арызбен соқа жүгінеді. Талап қоюға оның «Огни Мангыстау» газетінде отыз мақала дайындап жариялауы түрткі болған. Мақалалар жарияланғаннан кейін Талап қоюшы мақала жариялаушы ретінде М. жеке кәсіпкерлігі болып табылатын «К» журналының бірнеше нөмірлерінен тауып алады. Мақалалар автордың келісімінсіз және қаламақы төлен-

⁴ «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңы. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005798&pos=203;-34#pos=203;-34&sdoc (жүзінген күн 22.11.2023 ж.)

⁵ «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005798. (жүзінген күн 22.11.2023 ж.)

бей жарияланған. Жауапкер М., талап қоюға қарсылық білдіріп, дау шыққан мақалалардың ақпараттық жанрға жататындығын, сондықтан авторлық құқық объектісі болып табылмайтынын алға тартады. Талап қоюшы өз жұмысын газет редакторларының нұсқауы бойынша жүзеге асырғандықтан, бұл жағдай, М.-ның пікірінше, Б.-ның авторлығын жоққа шығарады. Сот талап арызды қанағаттандырады, себебі, Б.-ның отыз мақаласы авторлық құқық объектісі болып табылады деп санайды, өйткені олар жазылған ақпараттық жанр журналисттен арнайы білімді талап етеді және фактілерді баяндау емес, он бір пікірден, мәлімдемелерден, өз ұстанымынан және қамтылған оқиғаларға деген көзқарасынан тұратын шығармашылық жұмыс болып табылады [9, 34 б.].

Туындылардың мақсатын, мазмұнын, артықшылықтарын, сондай-ақ әдістері мен формаларын толығырақ қарастырсақ.

Авторлық құқық объектілерінің ғылыми тұжырымдамасын жасауға үлкен үлес қосқан А.П. Сергеев, ол әдебиет пен өнер теориясында шығарманың элементтерін ажыратады. Олардың қарыз алуы пайдаланушыға ешқандай міндеттеме жүктемейді, яғни бұл авторлық құқықты бұзу болып табылмайды. Шындығында, бір тақырыпта, бір материалда кез-келген сан шығарма тудыруы әбден мүмкін, авторларға ұсынылған оқиғаларды, кейіпкерлерді, олардың іс-әрекеттерін, т.б. ұқсас интерпретация беруге ешкім тыйым салмайтыны анық [10, 158 б.].

Айта кету керек, А.П. Сергеевтің жұмыстардың негізгі элементтеріне деген көзқарасының зияткерлік меншік құқығы теориясы үшін тұжырымдамалық маңызы бар. Авторлық құқық объектілерін анықтау кезінде туындының мазмұнына оның атауы сияқты элементі де кіреді. Дегенмен, ғалымның пайымдауынша, егер атау түпнұсқа болса, ол құқықтық қорғауды талап етеді. Одан әрі автор туындының бейнелері мен тілін туындының «заңдық маңызы бар» (қорғалған) элементтері деп санайды. Көркем образ деп шындықты бейнелеу және суретшінің өнерге тән ойлары мен сезімдерін білдіру формасы түсініледі.

А.П. Сергеев авторлық құқық ғылымында суретші жасаған бейнелер шығармашылық қызметтің нәтижесі болып табылатын және оны жасаушының даралығын көрсететін-

діктен, оның құқықтық қорғауға ие болатын шығарманың ішкі формасы деп аталатындығын көрсетеді. Шығарманың бейнелеріне жаңа сыртқы пішін берілген жағдайда, жаңа, шығармашылық тұрғыдан дербес жұмыс жасау үшін алуға болады деп есептеледі.

Бұл ретте заң туындының түпнұсқасы авторының міндетті келісімін және сәйкестік көзін көрсетуді талап етеді. А.П. Сергеев көзқарасынша, бөлетін келесі элемент - бұл шығарманың тілі, ғалым авторға тән көркемдік бейнелерді жасаудың құралдары мен әдістерін түсінеді. Басқаша айтқанда, туындының тілі – автор қолданатын бейнелі және мәнерлі құралдардың жиынтығы. Туындының тілі дереккөзді көрсету арқылы дәйексөз қолдану жағдайында сәйкестікке ұшырамауы тиіс [10, 159 б.].

Осылайша, әдеби туындыны бағалау кезінде шығарманың элементтерін талдауға назар аудару керек, себебі, бұл қорғалатын туындыны «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңына сәйкес авторлық құқық объектісі болып танылмаған нәтижелерден ажыратуға мүмкіндік береді.

Ғылым, әдебиет және өнер туындылары – олардың сыртқы келбеті мен материалдың ішкі ұйымдастырылуының үйлесімі болып табылатын нысанның айрықша белгісі болып табылатын шығармашылық қызметтің нәтижесі. Әдеби, музыкалық шығарма немесе бейнелеу өнерінің туындысы болсын, олардың нысаны әрқашан бірдей. Бұл бірегей, сондықтан түпнұсқаның авторын есепке алмағанда, оны басқа адам жасай алмайды немесе тіптен қайталай алмайды [5, 723 б.]. Яғни, ғылым, әдебиет және өнер туындыларында объективтіліктің белгілері (қорғау қабілеттілігі критерийлері) болуы тиіс, жаңашылдық пен бірегейлік (бірегейлік), сонымен қатар авторлық құқық объектілері ретінде танылу үшін шығармашылық жұмыстың нәтижесі болуы қажет.

Авторлық құқықтың объектісі тұтас туынды ғана емес, оның бір бөлігі де болуы мүмкін, бұл «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының 6-бабының 3-тармағында көрсетілген, оған сәйкес Заңның осы бабының 1-тармағында аталған белгілері бар және дербес қолдануға болатын туынды бөлігі (оның атауымен, кейіпкерлердің атауларымен қоса) авторлық құқық объектісі болып табылады⁶.

Авторлық құқық объектілерін қорғаудың

⁶ «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-1 Заңы. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005798. (жүзінген күн 22.11.2023 ж.)

сөзсіз шарты мен критерийі жаңалық болып табылады, тек бірінші рет жасалған авторлық құқықпен қорғалатын объектілер ғана құқықтық қорғауға жатады. Бір сөзбен айтқанда, авторлық құқық объектілері болып тұңғыш рет жасалған ғылым, әдебиет және өнер туындылары табылады.

А.В. Кашанин авторлық құқық логикасы заңды құрылым ретінде туындының нысаны мен мазмұны туралы доктринаны қорғалатын туындылардың (шығарма элементтерінің) шеңберін анықтау мақсатында жеткіліксіз дәлдікпен сипаттайды деп санайды. Алайда, әрбір нақты жағдайда авторлық құқықпен қорғалатын туындыны (не оның элементін) қорғалмайтын зияткерлік өнімдерден, сондай-ақ өзге де күзет жүйелерімен қорғалатын нәтижелерден ажырату міндетін тиімді шешуі, сондай-ақ, оны жою мүмкіндігі көбінесе авторлық құқықтың логикасына сүйене отырып, шығарманың шығармашылық сипатының бірыңғай критерийін қалыптастыру мәселесін авторлық құқықтың ұлттық доктринасында қаншалықты шеше алғанына байланысты [11].

А.Ю. Копылов, зияткерлік қызметтің белгілі бір нәтижесін авторлық құқықты қорғау объектісі ретінде шығармаға жатқызу үшін бағалау кезінде жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін де, жеке ерекшеліктерін де ескеруге мүмкіндік беретін күрделі субъективті-объективті критерийді басшылыққа алу керек, жеке шығармашылығынан көрінеді деп есептейді [12, 60 б.].

Осылайша, авторлардың пікірі қорғауға қабілеттілік критерийлерін жан-жақты зерттеуге бағытталған.

Әдеби туындыларды қорғау критерийлерін анықтау туындыға қатысты дауларды шешу, ол туындының авторлық құқық объектісі ретінде танылатын-танылмайтындығы анықталуымен маңызды болып табылады, өйткені анықтайды. Қазіргі уақытта заңнама туындының шығармашылық сипаты мен нысанын ғана ескереді.

Авторлық құқық дауларын қарау кезінде қазақстандық соттар туындының екі критерийге сай болуын заңда реттейтінін негізге алады: біріншісі – шығармашылық қызметтің нәтижесі болуы және екіншісі – объективті нысанда көрсетілуі тиіс, демек, шығармашылық критерийі. сот төрелігін жүзеге асыру кезінде ескеріледі.

Сот ұстанымы, мысалы, журналистің репортажы, сюжеті, мақаласы және басқа да жұмыстары ақпараттық сипатта болса да, егер авторға жаңа, бірегей туынды жасауға

мүмкіндік берген шығармашылық элементі болса, онда фактілерді әдеттегі растау емес, туынды деп танылуы мүмкін екендігін негізге ала алады [9, 78 б.].

Шынайылық критерийі көбінесе пікірталас тақырыбы болып табылады. Мысалы, Жоғарғы Соттың әйгілі шешімінде Feist Publications, Inc. v. Rural Telephone Service Co. , бұл XX ғасырда АҚШ-та авторлық құқықты дамыту тұрғысынан маңызды деп саналады [13]. Даудың мәні телефон нөмірлерінің жиынтық анықтамалығын жариялаған Feist Publications, Inc. компаниясының Rural Telephone Service Co телефон компаниясы құрастырған басқа анықтамалық бөлігінің сәйкестігі болды. Сонымен қатар, сәйкестігі бар анықтамалық осы түрдегі басылымдар үшін әдеттегі жазылушыларды жіктеу критерийлерін қолдана отырып, стандартты схема бойынша құрастырылған.

Жоғарғы Сот жұмыстарды қорғау шарттары мен құқықтық қорғау көлемі туралы екі іргелі мәселені шешуге тиіс болатын. Жоғарғы Соттың шешімі негізінен авторлық құқық жүйесінің негізгі ұстанымдарынан бас тартуды қамтыды: креативтік теориясы толық қолдау тауып, ал, а доктрина sweat of the brow доктринасы теріске шығарылды. Дербес шығармашылық қызмет зияткерлік өнімге монополия беруді өздігінен қаржыландыруға қабілетсіз екені анықталды, өйткені тұтастай алғанда зияткерлік қызметтің нәтижесі де, оның жекелеген элементтері де бірегей болып қалуы және жалпыға қолжетімді материал болуы мүмкін. Бұл, ең алдымен, қарапайым фактілерге, сондай-ақ авторы жоқ, тек зияткерлік өнімді жасаушы ғана ашқан және қарызға алатын принципті қайталанатын идеялар мен оларды білдірудің стандартты нысандарына қатысты. Осыдан американдық авторлық құқық жүйесі үшін екі маңызды нәтиже шығады. Біріншіден, авторлық құқықты басқа зияткерлік өнімдерге тәуелсіз жасалған (яғни көшірілмеген) ғана емес, сонымен қатар белгілі бір шығармашылық деңгейі бар туындылар ғана пайдаланылады. Жоғарғы Соттың пікірінше, шығармашылық автордан өзінің ерекше субъективті қалауын, эстетикалық талғамын, шығармашылық шешім қабылдау қабілетін көрсетуді талап ететін шығарманың нысанын сипаттайды, сондықтан бұл ерекше және күтпеген жағдай. Бұл авторлық құқықты қорғаудың көлемін анықтайды. Жоғарғы Сот атап өткендей, авторлық монополия туындының қорғаудың көрсетілген критерийлеріне сәйкес келмейтін элемент-

теріне таралмайды. Туындыларды құқықтық қорғау жан-жақты емес, тек бастапқы элементтерге ғана таралады [14].

Осылайша, түпнұсқалық критерийді қолдана отырып, авторлық құқықты қорғау бір мезгілде шығармашылықтың нәтижесі болып табылатын түпнұсқа емес, шығармашылық емес мазмұны бар туындыларды жоққа шығаруы мүмкін.

Қазіргі уақытта қорғаныстың төменгі деңгейін анықтау тұжырымдамасы барған сайын назар аударуда. Шығармашылық деңгейі төмен жұмыстарды ажырататын қызықты тәсіл.

Түрлі жұмыстарды шығармашылықтың елеусіз деңгейімен сипаттауға болады деп саналады. Атап айтқанда, оларға көптеген каталогтар, жарнамалық брошюралар мен ұрандар, қозғалыс бағыттарының сипаттамасы, әр түрлі сәндік-қолданбалы бұйымдар (жиһаз, шамдар, сәнді киімдер және т.б.), географиялық карталар мен жоспарлар, көптеген жинақтар (мысалы, телефон анықтамалары) жатады. Сонымен қатар, шығармашылықтың елеусіз деңгейі көптеген компьютерлік бағдарламалар мен деректер қорына, эстрадалық музыкалық өнімдерге, телебағдарламаларға және бірқатар ғылыми өнер туындыларына (әр түрлі техникалық схемалар мен сызбалар) тән. Айта кетейік, бүгінгі күні бұқаралық өнер логикасы көптеген шығарма түрлерінің форматын стандарттауды анықтайды, бұл олардың шығармашылық сипаттағы деңгейінің төмендеуіне әкеледі [14].

Бүгінгі таңда Еуропада туындының өзіндік ерекшелігін талап етуден бас тарту, авторлық құқық объектілерін кеңейту, инвестицияларды қорғау функциясын күшейту және сәйкесінше авторлық құқықты үнемдеу, түпнұсқа және түбегейлі қайталанатын зияткерлік өнімдер үшін бірыңғай құқықтық режимді қалыптастыру әрекеттері бағытында кері қозғалыс байқалады. Алайда, ұсынылғандай, копирайт жүйесі тетігінің негізгі элементтерінің рецепциясы АҚШ-та осы жүйені практикалық қолдану тәжірибесін талдаумен және тиісінше америкалық құқық қолданушыны оны жеткілікті тиімді емес деп тануға және авторлық монополия саласынан жалпыға бірдей қолжетімді зияткерлік өнімдерді алып тастай отырып, қорғау қабілеттілігі стандартын арттыруға мәжбүрлеген негіздермен сүйемелденуі тиіс [14].

Осылайша, туындыларды қорғау қабілеттігі критерийлерін анықтау практикалық сипаттағы өзекті мәселе болып табылатыны және оның шешімі қандай шығармалардың

авторлық құқық қорғауына ие бола алатынын анықтау үшін қажет екені белгілі болды. Қазіргі уақытта авторлық құқық объектісі ретінде танылмайтын объектілердің тізбесін жай ғана анықтау жеткіліксіз екені анық, өйткені, сот тәжірибесі көрсеткендей, тіпті ақпараттық хабарламалардың да шығармашылық сипатқа ие екендігін көруге және сол арқылы оларға құқықтық қорғауды кеңейтетінін байқауға болады. Демек, туындыларды қорғау қабілеттілігі критерийлеріне жаңаша қараудың уақыты жетті.

Детектив жанрындағы шығармаға қатысты дауларға қатысты қазақстандық сот тәжірибесінің бір мысалын қарастырайық.

Алматы қаласы Алмалы ауданының № 2 аудандық соты азаматтық істі Талап қоюшы А.М.-ның талап арызы қаралды, талап қоюдың мәні бойынша Талап қоюшы соттан Жауапкерлерге фильмнің 3, 6, 8-сериялары сценарийлерін жазу кезінде оның кітабын пайдалану фактісін көпшілік алдында мойындауға міндеттеуді, Талап қоюшы сценарийлер мен кітаптың салыстырмалы талдауы Жауапкерлердің оқиғалар мен фактілерді кітаптан оның келісімінсіз алғанын көрсететінін дәлелдей отырып, авторлық құқықтарды бұзғаны үшін өтемақы өндіріп алуды, сценарийлер мен кітаптардың салыстырмалы талдауы жауапкерлердің оқиғалар мен фактілерді кітаптан өзінің келісімінсіз алғанын көрсетіп, моральдық зиянның өтемақысын өндіріп алуды сұрайды.

Талап қоюшы А.М. 2020 жылы Павлодар қ. «Баспасөз үйі» ЖШС-нен шығарылған «Хаттамадан тыс. Қазақстандағы атышулы қылмыстардың құпиялары» атты (бұдан әрі - кітап) кітаптың авторы болып табылады.

2021 жылы YouTube және Aitube бейнехостингтерінде (1,3,5,6,8 серияларында) режиссері және сценаристі А.А., ал, (1,3,5,6,8 серияларында) сценаристі С.В. және (1,3,5,6 сериялында) сценаристі Ә.Ә. болып табылатын, «5:32» деген атаумен (бұдан әрі - фильм) веб-сериал көрсетілді.

Жауапкерлер кітапта жазылған фактілер мен мән-жайлар авторлық құқық объектілері болып табылмайтындықтан, талап қою дәйектері негізсіз екендігін дәлелдей отырып, қылмыс туралы мәліметтер ақпараттық сипатта болатындығын және авторлық құқықпен қорғалмайтындығын негізге ала отырып, талапты қанағаттандырмауды сұрады.

А.М.-нің «Хаттамадан тыс. Қазақстандағы атышулы қылмыстардың құпиялары» атты кітабы Қазақстан Республикасының аумағында әртүрлі уақыт кезеңдерінде жа-

салған ең жан түршігерлік және резонансты қылмыстардың жинағы болып табылады.

Бұл кітапты жазу барысында Талап қоюшының екі жыл бойы ПМ мен республика соттарының мұрағаттарын, қылмыстық істердің материалдарын зерттеу бойынша біршама жұмыстар атқарғаны анықталды. Сондай-ақ, кітапта қылмысты ашуға тікелей қатысқан бұрынғы тәртіп сақшыларының естеліктері де авторлық түсіндірме арқылы қолданылған.

Аталғандарды негізге ала отырып, сот А.М. кітабының материалдарды іріктеу және орналастыру бойынша шығармашылық еңбектің нәтижесін қамтитыны сөзсіз, демек, ҚР АҚ-нің 972-бабы 3-тармағының талаптарына жатады деген қорытындыға келеді.

шешімдердің қоршаған ортаның жай-күйіне елеулі әсер етуі мүмкін екенін ескере отырып, осы мүлікті пайдалану және реттеу мәселелерін өз қалауы бойынша шеше алатынын белгілейді [11].

Табиғи ресурстар, табиғи объектілер ерекше сипаттағы мүлік ретінде әрекет етеді. Меншік құқығының пайда болуы мен іске асырылуындағы шектеулер мен тыйымдар өмірлік маңызды объектілерді пайдалануға азаматтық құқықтарды қорғау жөніндегі конституциялық ережелер негізінде белгіленуі мүмкін. Осы арқылы мемлекет азаматтардың өміріне және денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға құқығын қамтамасыз етеді. Дегенмен, халықтың табиғи ресурстарды пайдалануға табиғи құқықтарын жүзеге асыру мәселелері жеке меншіктің болуымен ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік және халықтық мүлікке жүктелген мемлекеттік меншік құқығын жүзеге асырудағы нақтылық пен дәлсіздікпен де қиындауы мүмкін. құқықтық реттеу режимі.

ӘДЕБИЕТ

1. Агеев В.Н. *Международные стандарты в области ограничения прав и свобод личности* // *Международное публичное и частное право*. - 2008. - № 4. – С. 10-13.
2. *Перспективы развития гражданского законодательства в России: планы и современные реалии 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Е.А. Сухановпен интернет-сұхбат* [Электрондық ресурс] // URL: <https://www.consultant.ru/law/interview/sukhanov/?ysclid=lnshcsp556598266204> (Жүзінген күні 15.10.23 жс.)
3. Бринчук М.М. *Экологическое право: Учебник* // Бринчук М.М. - 2020. – 305 с.
4. Балащенко С.А. *Экологическое право* // Балащенко С.А., Макарова Т.И., Лизгаро В.И. – Минск, 2021. – 398 с.
5. Chris Armstrong. *Natural Resource Ownership* [Электрондық ресурс] // URL: <https://www.researchgate.net/publication/323840051> (Жүзінген күні 12.10.23 жс.)
6. Волков Г.А. *О методологии природоресурсных отраслей права* // *Проблемы теории экологического права*. - № 1. - 2018. – С. 3-11.
7. Яковлев В.Н. *Компоненты окружающей природной среды – не «вещь» и не «имущество». Отношения по использованию и охране – предмет регулирования экологической и природоресурсных отраслей права* / *Вестник Удмуртского университета*. - № 3. – 2010. С.115-123.
8. Боголюбов С.А. *Проблемы реализации права собственности на природные ресурсы* // *Журнал российского права*. - № 12. – 2006. – С.82-90.
9. Бондаренко Н.Л. *Социальная функция права собственности в контексте конституционного принципа ее неприкосновенности* // *Вестник Томского государственного университета*. *Право*. – № 28. - 2018. – С.106-116.
10. Гаджиев Г.А. *Конституционные основы современного права собственности* // *Журнал российского права*. - № 12. – 2006. – С.31-41
11. Stilz Anna. *Nations, States and Territory* // *Ethics*. - Vol 121. - Pp. 572-601 [Электрондық ресурс] // URL: <https://astilz.scholar.princeton.edu/sites/g/files/> (Жүзінген күні 12.10.23 жс.)

REFERENCES

1. Ageev V.N. *Mezhdunarodnye standarty v oblasti ogranichenija prav i svobod lichnosti* // *Mezhdunarodnoe publichnoe i chastnoe pravo*. - 2008. - № 4. – S. 10-13.
2. *Perspektivy razvitija grazhdanskogo zakonodatel'stva v Rossii: plany i sovremennye realii 2008 zhylzy 29 zheltoqsandazy E.A. Suhanovpen internet-syhbat [Jelektrondyq resurs]* // URL: <https://www.consultant.ru/law/interview/sukhanov/?ysclid=lnshcsp556598266204> (Zhygingen kyni 15.10.23 zh.)
3. Brinchuk M.M. *Jekologicheskoe pravo: Uchebnik* // Brinchuk M.M. - 2020. – 305 s.
4. Balashenko S.A. *Jekologicheskoe pravo* // Balashenko S.A., Makarova T.I., Lizgaro V.I. – Minsk, 2021. – 398 s.
5. Chris Armstrong. *Natural Resource Ownership* [Jelektrondyq resurs] // URL: [https://www.researchgate.net/publication/323840051_\(Zhygingen_kyni_12.10.23_zh.\)](https://www.researchgate.net/publication/323840051_(Zhygingen_kyni_12.10.23_zh.)).
6. Volkov G.A. *O metodologii prirodoresursnyh otraslej prava // Problemy teorii jekologicheskogo prava*. - № 1. - 2018. – S. 3-11.
7. Jakovlev V.N. *Komponenty okruzhajushhej prirodnoj sredy – ne «veshh'» i ne «imushhestvo». Otnosheniya po ispol'zovaniju i ohrane – predmet regulirovaniya jekologicheskoy i prirodoresursnyh otraslej prava / Vestnik Udmurtskogo universiteta*. - № 3. – 2010. S.115-123.
8. Bogoljubov S.A. *Problemy realizacii prava sobstvennosti na prirodnye resursy* // *Zhurnal rossijskogo prava*. - № 12. – 2006. – S.82-90
9. Bondarenko N.L. *Social'naja funkciya prava sobstvennosti v kontekste konstitucionnogo principa ee neprikosnovennosti* // *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Pravo*. – № 28. - 2018. – S.106-116.
10. Gadzhiev G.A. *Konstitucionnye osnovy sovremennogo prava sobstvennosti* // *Zhurnal rossijskogo prava*. - № 12. – 2006. – S.31-41
11. Stilz Anna. *Nations, States and Territory* // *Ethics*. - Vol 121. - Pp. 572-601 [Jelektrondyq resurs] // URL: <https://astilz.scholar.princeton.edu/sites/g/files/> (Zhygingen kyni 12.10.23 zh.).



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Ақтоты Иманғазықызы Рзабай

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің қауымдастырылған профессоры, философия докторы (PhD), Қазақстан Республикасы, Тараз қ., e-mail: toty_r@mail.ru.

Даурен Нуржанұлы Бекежанов¹

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры, философия докторы (PhD), Қазақстан Республикасы, Талдықорған қаласы, e-mail: bek_dauren@mail.ru

Индира Сейсенқызы Несипбаева

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының қауымдастырылған профессоры, философия докторы (PhD), Қазақстан Республикасы, Тараз қ., e-mail: Nesipbaeva83@bk.ru

Аннотация. Бұл мақалада шағын және орта кәсіпкерліктің инновациялық қызметін құқықтық реттеу қарастырылған. Қазіргі жағдайда отандық экономикадағы инновациялық процестерді ынталандырудың ғылыми негізделген теориялық базасын және тұрақты механизмін құруды құқықтық тұрғыдан зерттеу қажет. Инновациялық кәсіпкерлікті дамытудың жоғары көрсеткіштері шағын және орта кәсіпкерлікті инновациялық салаға интеграциялану дәрежесіне тікелей байланысты болып табылады. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, шағын және орта кәсіпкерлер өз қызметіне инновацияларды енгізу есебінен табысы жоғары екенін байқаймыз. Ал, біздің елдегі шағын және орта кәсіпкерліктің инновациялық қызметі құқықтық реттеу әлі де тиісті деңгейде жетілмеген, бұл елдің инновациялық жүйесінің дамуына мүмкіндік бермей тұр. Осыған байланысты құқық саласындағы ең өзекті мәселе инновациялық кәсіпкерліктің құқықтық жобасын әзірлеу және инновациялық кәсіпкерлікті одан әрі құқықтық дамыту жолдарын айқындау болып табылады. Біздің де еліміздің шағын және орта кәсіпкерлерді ынталандыру жобаларын құра отырып, төменгі деңгейде несие беру, салықты азайту, субсидия бөлу, сырттан инвесторларды тарту сияқты жеңілдіктер жасау керек. Авторлар Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлікті құқықтық реттеуді зерттей отырып, инновациялық қызметпен айналысатын шағын және орта кәсіпкерлерінің құқықтық жағдайын қарастырып, «инновациялық қызмет» түсінігі мен құқықтық мәнін анықтап, Қазақстан Республикасында және шет мемлекеттерде шағын және орта инновациялық кәсіпкерлікті құқықтық қамтамасыз етуін талдап, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымымен өзара әрекеттесу шарттарын анықтауды қарастырды. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасының осы саладағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Түйінді сөздер: құқықтық реттеу, инновация, кәсіпкерлік, кәсіпкерлік құқық, цифрлық экономика, инновациялық кәсіпкерлік, құқық, инновациялық қызмет

¹ Хат-хабарларға арналған автор

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Рзабай Ақтоты Иманғазықызы

Ассоциированный профессор Таразского регионального университета им. М.Х.Дулати, доктор философии (PhD), Республика Казахстан, г. Тараз, e-mail: toty_r@mail.ru

Бекежанов Даурен Нуржанович

Ассоциированный профессор Жетысуского университета имени И. Жансугурова, доктор философии (PhD), Республика Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: bek_dauren@mail.ru

Несипбаева Индира Сейсеновна

Ассоциированный профессор Международного Таразского инновационного института имени Шерхана Муртазы, доктор философии (PhD), Республика Казахстан, г. Тараз, e-mail: Nesipbaeva83@bk.ru

Аннотация. В данной статье рассмотрено правовое регулирование инновационной деятельности малого и среднего предпринимательства в сложившейся ситуации необходимо создать научно обоснованную теоретическую базу и устойчивый механизм стимулирования инновационных процессов в отечественной экономике, изучить его с правовой точки зрения. Высокие показатели развития инновационного предпринимательства напрямую связаны со степенью интеграции малых и средних предприятий в инновационную сферу. Зарубежный опыт показывает, что малые и средние предприниматели будут более прибыльными за счет внедрения инноваций в свою деятельность. Кроме того, правовое регулирование инновационной деятельности наших малых и средних предприятий еще недостаточно разработано, что не позволяет развивать инновационную систему страны. В связи с этим наиболее актуальной задачей в области права является разработка правового проекта инновационного предпринимательства и определение путей дальнейшего правового развития инновационного предпринимательства. Наша страна должна создавать проекты стимулирующие предпринимателей для занятия малым и средним бизнесом, предоставлять дешевые кредиты, снижать налоги, выделять субсидии, привлекать внешних инвесторов. Изучив правовое регулирование малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан, авторы рассмотрели правовое положение субъектов малого и среднего бизнеса, занимающихся инновационной деятельностью, определили понятие и правовую сущность «инновационной деятельности», проанализировали правовое обеспечение малого и среднего инновационного бизнеса в Республике Казахстан и иностранных государствах, определили условия взаимодействия с инфраструктурой поддержки малого и среднего бизнеса. В результате исследования выработаны предложения по совершенствованию законодательства Республики Казахстан в данной сфере.

Ключевые слова: правовое регулирование, инновация, предпринимательство, предпринимательское право, цифровая экономика, инновационное предпринимательство, право, инновационная деятельность.

LEGAL REGULATION OF INNOVATIVE ACTIVITIES OF SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Rzabay Aktoty Imangazykyzy

*Associate Professor of Taraz Regional University named after
M.X.Dulaty, Doctor of Philosophy (PhD), Republic of Kazakhstan, Taraz,
e-mail: toty_r@mail.ru*

Bekezhanov Dauren Nurzhanovich.

*Associate Professor of Zhetysu University named after I. Zhansugurov,
Doctor of Philosophy (PhD), Republic of Kazakhstan, Taldykorgan,
e-mail: bek_dauren@mail.ru*

Nessipbayeva Indira Seisenovna

*Associate Professor of Taraz International Innovation Institute named after Sherkhan
Murtaza, Doctor of Philosophy (PhD), Republic of Kazakhstan, Taraz,
e-mail: Nesipbaeva83@bk.ru*

Abstract. *In this article, the legal regulation of innovative activity of small and medium-sized enterprises is considered. In the current situation, it is necessary to create a scientifically based theoretical base and a stable mechanism for stimulating innovative processes in the domestic economy, to study it from a legal point of view. High indicators of the development of innovative entrepreneurship are directly related to the degree of integration of small and medium-sized enterprises in the innovative sphere. Foreign experience shows that small and medium-sized entrepreneurs will be more profitable due to the introduction of innovations in their activities. In addition, the legal regulation of innovative activity of our small and medium-sized enterprises has not yet been sufficiently developed, which does not allow the development of the innovative system of the country. In this regard, the most urgent task in the field of law is the development of a legal project of innovative entrepreneurship and the determination of ways of further legal development of innovative entrepreneurship. Our country should create projects that stimulate entrepreneurs to engage in small and medium-sized businesses, provide cheap loans, reduce taxes, allocate subsidies, and attract foreign investors. Having studied the legal regulation of small and medium-sized businesses in the Republic of Kazakhstan, the authors considered the legal status of small and medium-sized business entities engaged in innovative activities, defined the concept and legal essence of "innovative activity", analyzed the legal protection of small and medium-sized innovative businesses in Kazakhstan and foreign countries, determined conditions of interaction with infrastructure support for small and medium-sized businesses. As a result of the research, proposals were made to improve the legislation of Kazakhstan in this area.*

Keywords: *legal regulation, innovation, entrepreneurship, business law, digital economy, innovative entrepreneurship, law, innovation activity*

DOI: 10.52026/2788-5291_2024_77_2_180

Кіріспе

Қазіргі таңда еліміздің экономикасы қарқынды дамуы инновациялық кәсіпкерлікке көшумен байланысты және оның ішінде ең маңызды орын алатын шағын және орта кәсіпкерлердің инновациялық қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру болып тұр. Дамыған елдерде инновацияның негізгі қатысушылары болып шағын және орта кәсіпкерлердің инновациялық қызметін

жүзеге асыруы үшін экономикалық инновацияларға көбірек бейімделген, өзгермелі тұтынушылық сұранысқа ие, ғылым мен техниканың даму тенденцияларына икемді жауап беру қабілетіне ие болуға қолайлы құқықтық ахуал қалыптасқанын байқаймыз. Инновациялық кәсіпкерліктің дамуының жоғары көрсеткіштері шағын және орта бизнестің (бұдан әрі – ШОБ) инновациялық салаға интеграциялану дәрежесіне

тікелей байланысты болып тұр. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, шағын және орта кәсіпкерлер өз қызметіне инновацияларды енгізу есебінен табысы жоғары екенін байқаймыз. Сонымен қатар, біздің шағын және орта кәсіпкерліктің инновациялық қызметіне құқықтық реттеу әлі де тиісті деңгейде жетілмеген, бұл елдің инновациялық жүйесінің дамуына мүмкіндік бермей тұр. Осыған байланысты құқық саласындағы ең өзекті мәселе инновациялық кәсіпкерліктің құқықтық жобасын әзірлеу және инновациялық кәсіпкерлікті одан әрі құқықтық дамыту жолдарын айқындау болып табылады. Инновациялар ғылыми және техникалық әзірлемелердің қол жеткізілген деңгейін көрсететін және өз жиынтығында жеке мемлекеттің әлемдік аренадағы орнын бағалау өлшемдерінің бірі болып табылады. Сонымен бірге, инновациялық кәсіпкерлік субъектілерінің жеке құқықтық мүдделерін ескермей, олардың қатысуымен туындайтын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу кезінде жеке және қоғамдық принциптердің үйлесімді болмауы анық екенін байқаймыз. Қазіргі жағдайда отандық экономикадағы инновациялық процестерді ынталандырудың ғылыми негізделген теориялық базасын және тұрақты механизмін құру, құқықтық тұрғыдан зерттеу қажет. Жоғарыда айтылған мәселелердің барлығы осы тақырыпты зерттеу қажеттілігін тудыра отырып, зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Нысаны мен әдістер

Жұмысты жазу барысында әдіснамалық негізіне формальды құқықтық әдіс, салыстырмалы құқық әдісі, құқықтық талдау әдісі, сонымен қатар басқа ғылымдардың әдістері – тарихи әдіс, лингвистикалық әдістер жатады. Бұл әдістер олардың өзара байланысында және өзара тәуелділігінде қолданылды, бұл шағын және орта кәсіпкерліктің инновациялық қызметін құқықтық реттеу мәселелерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Біздің заңдарымыз Қазақстан Республикасының инновациялық жүйесін және инновациялық қызметтің негізгі ҚР Кәсіпкерлік кодексте (бұдан әрі - КК) көрініс тапқанымен, шағын және орта кәсіпкерліктің инновациялық қызметін құқықтық тұрғыдан толық реттелмегенін байқаймыз. Инновациялық қызметті жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлердің, сондай-ақ шағын кәсіп-

керлікті қолдау жөніндегі инфрақұрылымдық ұйымдардың орнын белгілемейді, сондай-ақ инновациялық өнімдер мен технологиялардың өндірісі айналымы саласындағы біртұтас нарықтық кеңістікті қалыптастыруға кері әсерін тигізетін осы жүйедегі инновация саласындағы орта кәсіпкерлікке назар аударылмаған.

Біздің заңнамаларда шағын және орта кәсіпкерліктің инновациялық қызметін дамыту үшін сырттан да, мемлекеттік органдар мен жергілікті органдарынан да, отандық және шетелдік жеке инвесторлардан қаржы ресурстарын тартудың тиімді мүмкіндіктері қарастырылмағаны атап кетсек болады. Сонымен бірге, шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілерінің құрылтайшылары (қатысушылары) болып, олардың қызметін дамытуға барынша мүдделі субъектілерге тиісті қаржылық қолдау көрсете алатын тұлғалар болады. Осы заңнамада инновациялық қызметті қамтамасыз ететін шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілер құрылтайшыларының (қатысушылардың) осы ұйымдарға қатысудан түскен пайда есебінен инновациялық қорлар құру құқығын, егер олар осы ұйымдарға берілген жағдайда, инновациялық қор жеке тұлғалардың табысына немесе құрылтайшы ұйымдардың табыс салығына салық салынатын базаны азайтуды қарастыру ұсынылады. Мұндай қорды құрудың қажетті шарты оның қаражатын тек шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілердің инновациялық қызметін дамытуға мақсатты пайдалану болады.

Талқылау

Экономиканың қазіргі жай-күйі және Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлікті нақты дамытуға бағытталған әдістер мен құралдарды әзірлеуге және енгізуге, сондай-ақ дағдарыстан кейінгі кезеңде осы секторды одан әрі қолдауға жоғары назар аударуды талап етеді. Өйткені шағын және орта кәсіпкерлік Қазақстан экономикасын дамытуда түйінді ұстанымдарға ие бола отырып, нақты кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға және кеңейтуге ықпал ететін болады. Соның ішінде жұмыспен қамтудың өсуін және халықтың іскерлік белсенділігін, сондай-ақ нарықты отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтермен толтыруды қамтамасыз ете отырып, экономика секторы мен көрсетілетін қызметтер саланы, бәсекелестік ортаны қалыптастырады.

Кәсіпкерлік құқықта жалпы қабылданған

терминология бойынша олардың көлеміне қарай ірі, орта және шағын кәсіпкерлердің үш тобы туралы айтуға болады. Осы үш топтың әрқайсысының өздерінің экономикалық мінез-құлық стратегиясына, мемлекет пен оның саясатына, әлеуметтік-экономикалық, саяси және ұлттық, құқықтық проблемаларға қатынасын анықтайтын ішкі мүдделері бар. Біз осы шағын және орта кәсіпкерлікті талқылап кетейік. Орта кәсіпкерлік өз қызметінде ішкі экономикалық жағдайға көбірек тәуелді және өз тобында, сондай-ақ ірі отандық және шетелдік капиталмен бәсекелесуге мәжбүр болады. Бұл протекционистік мемлекеттік экономикалық саясатты жүргізу және нарықтық қатынастардың белгілі бір ережелерін қалыптастыру арқылы орта кәсіпкерліктің ішкі нарықта қорғауға деген қызығушылығын анықтайды, бұл орта кәсіпкерліктің ұлттық мүдделермен тығыз байланысын анықтайды [1, 36-6].

Шағын кәсіпкерлік, соның ішінде жеке кәсіпкерліктің көп болуына байланысты елдің дамуының әлеуметтік-экономикалық және ішінара саяси деңгейін анықтайтын шағын меншік иелерінің көптеген қабаты болып табылады. Олардың өмір сүру деңгейі мен әлеуметтік жағдайы бойынша олар халықтың көпшілігі айналысады, сонымен бірге тауарлар мен қызметтердің тікелей өндірушісі де, тұтынушысы да болады. Шағын кәсіпкерлік секторы барлық дамыған экономикалық жүйенің ажырамас, объективті қажетті элементі болады, онсыз экономика мен жалпы қоғам қалыпты дами алмайды. Осы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында жаңа технологиялық жабдықты, озық технологияны енгізуге бағытталған инновациялық өндіріс процестерін пайдалану кез-келген кәсіпорынды дамытудың, атап айтқанда, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың негізгі стратегиялық параметріне айналады. Өйткені дағдарыстан кейінгі кезеңдегі қатаң бәсекелестік жағдайында, тұтынушылық сұраныстың айтарлықтай төмендеуі және кәсіпкерліктің дамуын қалпына келтіруге негізделген кезде, көптеген фирмалар инновациялық жолдарды ізденуге тырысады. Мұндай жағдайларда, жаңа тауар нарығына шығу туралы шешім қабылдағанда, кәсіпкерлер нарықта өмір сүру мақсатында стратегиялық және өндірістік жоспарларды қайта құруға барынша назар аударуы керек. Бұл мақсатқа жету көбінесе жаңа идеяларды, тауарларды, қызметтерді, материалдарды, технологияларды қолдануға байланысты, бұл өнімді өзгертуге және жақ-

сартуға, оны өндіру немесе тарату тәсіліне ықпал етеді. Демек, қиын экономикалық жағдайдан шығу, фирманы тауар нарығында ұстап тұру және болашақта өз кәсіптерін дамытуға, сондай-ақ өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік алу шағын және орта кәсіпкерлерге инновациялық қызметті жандандыруды талап етеді [2, 210-6].

Соған қарамастан елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың инновациялық бағытын күшейту бойынша белгілі қадамдар жасалуда, өйткені бұл инновациялық өндіріс және оның қызметі шағын және орта кәсіпкерлік үшін перспективалы нарық тетігіне айналуы тиіс және шет елдер тәжірибесі өзінің динамизміне байланысты инновацияларға аса сезімтал екенін көрсетті, өйткені салалық нарықта белгілі бір үлесті алу қажеттілігі, қатаң бәсекелестік түбегейлі жаңа техникалық шешімдерді қабылдауға, өнімді модернизациялауға, өндірістің кеңеюіне, өнім ассортиментіне, сондай-ақ тұтынушылардың тез өзгертін сұранысына жылдам жауап беруіне ықпал етеді. Сондықтан кез келген кәсіпкер нарықта өз орнын табуға және ұзақ уақыт бойы жоғары пайда көрсеткіштеріне қол жеткізуге, нарықта көшбасшылық позицияларды қорғауға мүмкіндік беретін инновациялық шешімдердің артықшылықтарын түсінуі керек. Алайда, бұл мақсаттарға қол жеткізу көбінесе шағын және орта кәсіпкерліктің инновациялық қызметінің оңтайлы дамуы мен жұмыс істеуіне ықпал етуі тиіс және мемлекеттік құқықтық реттеумен байланысты болады. Шағын және орта кәсіпкерлерінің инновациялық қызметі тәуекелді болуымен кәсіпкерліктің қызметіне әрдайым жағымды әсер етпейді, сондықтан инвестицияланған қаражатты жоғалту мүмкіндігін ескере отырып, инновацияларды енгізуге саналы түрде қарастыру қажет [3, 179-6].

«Инновациялық қызмет» ұғымы жаңа және жеткіліксіз зерттелгендердің қатарына жатады. «Инновациялық қызмет» термині негізінен экономикалық ғылымда кең таралған. Экономикалық теория инновациялық қызметті екі ұғыммен түсіндіреді. Бірінші тұжырымдама, инновациялық қызметтің генезисін технологиялық серпіліспен түсіндіреді. Екінші тұжырымдама, инновациялық қызметтің негізін нарықтық сұраныстың көптігінен туындайды [4,15-6]. Ғылыми-техникалық процесс пен инновацияның арақатынасын айта кететін болса, ғылыми-техникалық прогресс объективті

түрде екі процесті біріктіреді, олардың бірі ғылымның дамуы болса, екіншісі техниканың дамуы болады. Оның басты ерекшелігі жаңа ғылыми жаңалықтарды іздестіру және оларды жүзеге асыру болмақ. Қазіргі көзқарас бойынша инновациялық қызметті ғылымды, техниканы, экономиканы және кәсіпкерлік қызметті біріктіретін үздіксіз процесс деп түсіну керек [5, 67-6].

Инновациялық қызметтің құқықтық түсінігі Кәсіпкерлік кодекстің 241-1-бабына сәйкес, инновациялық қызмет деген инновацияларды (зияткерлік, шығармашылық, ғылыми, ғылыми-техникалық, технологиялық, өндірістік-инновациялық, ақпараттық-коммуникациялық, ұйымдастырушылық, қаржылық және (немесе) коммерциялық қызметті қоса алғанда) жасауға бағытталған қызметті айтамыз. Инновациялық қызметтің нарықтық перспективаларының белгісіздігімен мен инвестицияланған қаржылық және басқа ресурстардың ықтимал жоғалтуымен сипатталатын жоғары кәсіпкерлік тәуекелдің мүмкіндігін білдіреді².

Инновациялық кәсіпкерлік – жаңа мүмкіндіктер мен жаңалықтарды үнемі іздестіруге негізделген жаңа инновациялық технологияны пайдалану арқылы кәсіпкерлікпен айналысу болып табылады. Кәсіпкерліктің инновациялық қызметі дегеніміз жанаша немесе жетілдірілген өнімді немесе қызметтерді, жаңа өндіріс әдістерін пайдалану мақсатындағы ғылыми-техникалық және интеллектуалдық әлеуеттің қызметі. Ол жеке сұранысты, сондай-ақ қоғамның жалпы қызығушылық тудыратын жаңалықтарға деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін қолданылады. Айта кету керек, инновациялық заңнама айтарлықтай ерекшелікке ие және қазақстандық құқық құрылымында жас құқықтық білім болып табылады.

ҚР-ның КК кәсіпкерлік пен инновациялық кәсіпкерлікті тікелей реттейді. ҚР-дағы кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз ететін экономикалық, әлеуметтік және құқықтық жағдайлар мен кепілдіктерді анықтайды,

мемлекет пен кәсіпкерлік субъектілерінің өзара іс-қимылынан туындайтын қоғамдық қатынастарды, оның ішінде кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдайды және реттейді. Кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілердің бірі ҚР-ның Азаматтық кодексі болып табылады.

ҚР АҚ-нің 10-бабында, азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашылық қызметі кәсіпкерлік болып табылады³.

Кәсіпкер – өз атынан және өз қаражаты (меншікті немесе қарыз) есебінен өндірісте жұмыстарды орындау жолымен пайда алуға байланысты қызметті (кәсіпкерлік қызметті) тұрақты негізде жүзеге асыратын, тауарлар мен өнімдерді сату немесе сатып алу және қызметтер көрсететін азаматтар, қандастар және заңды тұлға жатады.

Сонымен қатар, ҚР-ның 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы⁴ жарлығында Қазақстанның ұлттық инновациялық жүйесінің жағдайын талдау, сондай-ақ түпкілікті мақсаты бәсекеге қабілетті тауарларды, процестер мен қызметтерді өндіру болып табылатын инновациялық дамудың негізгі мақсаттары, міндеттері мен әдістері қарастырылған. Өкінішке орай бұл тұжырымдама уақыттың бітуіне орай аяқталды.

«Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы»⁵ қаулысы қабылданып, шағын және орта кәсіпкерлердің инновациялық экономиканы құруға және әртараптандыруға бағытталған Қазақстан Республикасын дамытудың ұлттық басымдықтары айқындалды. Осыдан кейін, «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021 - 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын бекіту

² Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375#z3086> (жүзінген күн 15.05.2023 ж.)

³ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі, (жалпы бөлім) 1994 ж. 27 желтоқсан, (ерекше бөлімі) <http://adilet.zan.kz/> (жүзінген күн 29.05.2023 ж.)

⁴ Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000579> (жүзінген күн 29.05.2023 ж.)

⁵ Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 Қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000250> (жүзінген күн 13.06.2023 ж.)

туралы⁶» қаулысы қабылданды. Бұл жобаның басты мақсаты: кәсіпкерлік құрылымындағы сапалы өзгерістерді қамтамасыз ету; халықты жұмыспен қамтуды арттыру мақсатында шағын кәсіпкерлікті дамыту; экономика салаларын әртараптандырудың драйвері – орта бизнеске тәуелділік; бәсекелестікті жан-жақты дамыту; - шаруашылық жүргізуші субъектілерге тең жағдай жасау.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында 2023 жылдан бастап жастар кәсіпкерлігін қолдау мақсатында жылдық 2,5 пайызбен жеңілдетілген шағын несиелеудің жеке тетігі іске қосылатынын атап өткен болатын. 2023 жылдың 1 наурызынан бастап жас кәсіпкерлерге жылдық 2,5 пайыздық мөлшерлеменен жеңілдетілген шағын несиелер беру басталады. Бұл бастама аясында 5 796 жас өз жобаларын сәтті іске қосып, дамытуға қажетті ресурстарды алады. Микрокредиттер – «Аграрлық несиелер корпорациясы» АҚ 21 мен 35 жас аралығындағы ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге ұсынатын қаржылық ресурстар болды⁷. Бұл несиелер инновациялық идеяларды дамытуға емес, көбіне ауылшаруашылық кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған, сонымен қатар жас мөлшері тек 35 жасқа дейінгі кәсіпкерге арналған. Ал біз КК-тің 241-7-баптағы мемлекеттік қолдау шараларына, 2,5% несиені жас мөлшерін шектеместен бизнес-жоспарда инновациялық идеялары бар барлық орта және шағын кәсіпкерлерге беру туралы нормалар, сонымен қатар инновациялық қызметті жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлерге салық көлемін төмендету нормасын енгізуді ұсынамыз.

Ендігі мәселе шағын және орта кәсіпкерлер инновациялық қызметті жүзеге асыруға байланысты инновациялық мүлікті сақтандыру туралы норма «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында⁸ көрініс таппаған. Қазақстан заңнамасында инновациялық қызметті жүзеге асыру процесінде шағын және орта кәсіптен туындайтын инновациялық тәуекелдерді сақтандыру мүмкіндігі қарастырылмағаны анықталды. Бұл ретте инновациялық қызмет тәуекелділігі жоғары санатқа жатқызылады, ал шағын және орта кәсіп арасында тәуекелдерді, әсіресе инно-

вациялық қызметті басқарудың тиімділігі төмен. Тәуекелді жабудың негізгі көзі, әдетте, субъектінің меншікті капиталы болып табылады. Ықтимал шығындарды жабу көздерінің бірі сақтандыру болып табылады.

Қазіргі дамыған елдерде кәсіпорындардың инновациялық қызметі жасанды интеллект пен робототехниканы дамытуды қамтиды. Қазіргі жағдайда жасанды интеллект технологияларын құру және пайдалану кезінде цифрлық ортада ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі аса маңызды болып отыр. Бұл ретте ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің стратегиялық мақсаты азаматтық заңнамаға қайшы келетін түрлі мақсаттарда ақпараттық технологияларды пайдаланумен байланысты ішкі және сыртқы қауіптерден тұлға мен қоғамның өмірлік маңызды мүдделерін қорғау болып табылады [6, 155-6]. Сондықтан, кәсіпорындардың тәжірибесін ескере отырып, инновация айналымының жоғары деңгейіне, инвестициялық тартымдылыққа қол жеткізу үшін қауіпсіздікті сақтай отырып, оның ішінде цифрлық ортада инновациялық заңнама кешенді болуы керек, сондықтан келесі бағыттарды: инвестицияны қамтамасыз ету кәсіп үшін тартымдылық; технологиялық жарыста қоғамның этикасын, қауіпсіздігін және мүдделерін сақтау; шығармашылық еркіндік пен ішкі бақылау шаралары арасындағы тепе-теңдікті сақтау; цифрлық технологиялар мен инновациялар саласында өзін-өзі реттеуді қамтамасыз ету; экономикалық кеңістікте бірыңғай құқықтық базаны дамыту қажет [7, 150-6].

Сонмен қатар цифрлық технологияларды дамыту экономикалық өсудің маңызды факторларының бірі болып табылады, ол қолданыстағы процестерді автоматтандыру, цифрлық платформалар, цифрлық экожүйелер, цифрлық экожүйелер сияқты түбегейлі жаңа, серпінді кәсіп модельдер мен технологиялар, үлкен деректер жинақтары, роботтандыру, интернетті енгізу есебінен мүмкін болады. Цифрлық технологиялар медицина, білім беру, мемлекеттік және жергілікті қызметтер, мәдениет сияқты салаларда қызмет алудың қолжетімділігін, сапасын және ыңғайлылығын арттыруға ықпал ететін

⁶ «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021 - 2025 жылдарға арналған ұлттық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы No 728 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000728> (жүзінген күн 15.06.2023 ж.)

⁷ Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2022 жыл 5 қыркүйек. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (жүзінген күн 20.06.2023 ж.)

⁸ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126_ (жүзінген күн 22.06.2023 ж.)

элеуметтік лифттердің механизмі ретінде қызмет етеді. Цифрлық платформалар адамға жұмысқа орналасудың жаңа мүмкіндіктерін жасайды, қосымша дағдыларды дамытуға және біліктілігін арттыруға көмектеседі, әсіресе бұрын мұндай мүмкіндіктерге байланысты болмаған адамдар үшін элеуметтік немесе географиялық шектеулер цифрландыруға байланысты жаңа кәсіптер мен жоғары жалақы алатын жұмыс орындарының пайда болуына ықпал етеді [8, 78-б].

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде мемлекеттің рөлі ол қажетті экономикалық, қаржылық, ұйымдастырушылық және реттеуші жағдайларды жасау арқылы инновацияның дамуын ынталандырады. Инновацияларды мемлекеттік ынталандыру және қолдау инновациялық қызметті дамытудың маңызды аспектісі болып табылады. Бірақ көптеген авторлар атап өткендей, мемлекеттік қолдау инновациялық қызметті дамытуға негізгі орында. Нарықтық жағдайда инновациялық қызметті жүзеге асыру негізінен жеке секторға жүктелген. Инновациялық кәсіп – елдің кәсіптерінің ең осал бөлігі болады. Негізгі мәселе – жеке компаниялар ұзақ мерзімді және жоғары тәуекелді технологиялық зерттеулерге инвестиция салмайды [9, 26-б].

Д. Асаннның ойынша «экономикалық айналымның ең серпінді және икемді қатысушысы ретінде» шағын және орта кәсіптің инновациялық қызметін дамытудағы басты рөлді атап өтеді [10, 83-б].

Біз осы ойлармен келісе отырып, алайда инновациялық кәсіпкерлікті дамыту жағдайында мемлекеттің қатысуы орынды деп санаймыз. Шет мемлекеттерде шағын және орта кәсіпкерліктің инновациялық қызметін құқықтық реттеу жоғарғы деңгейде дамыған. Демек, инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыру жемісті және жоғары нәтиже береді. Қазіргі тарихта инновация өмір салтына айналған мемлекеттерге мысалдар келтіруге болады, ал жаңа ғылыми идеяларға, жаңа технологияларға назар аудару, оларды іс жүзінде жүзеге асыруға ұмтылу экономикалық жүйенің айрықша белгісі болып табылады. Біріншіден, бұл Жапония, соңғы жылдары Финляндия бұл бағытта өте белсенді дамып келеді және инновациялық белсенділіктің жарқын мысалдарын Қытайдан табуға болады.

АҚШ үкіметінің инновациялық саясатының объектісі негізінен жеке кәсіпкерлік болып табылады. Мемлекеттің инновациялық саясаты ғылыми-техникалық резервті эко-

номикалық пайдалануға, ғылыми-техникалық кешендегі ішкі байланыстарды нығайтуға, инновациялық қызмет үшін ыңғайлы жағдайлар жасауға (инновациялық климат) бағытталған. Америка Құрама Штаттарында мемлекеттік инновациялық саясаттың әдістері мен құралдарының жиынтығы айтарлықтай кең. Шағын кәсіпкерліктегі инновацияларды дамыту туралы заң 1982 шағын кәсіпкерліктің экономикалық өсудің қозғаушы күші екенін анықтайды [11, 67-б]. Сонымен қатар, заң ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыратын федералды ведомствоға жеке фирмаларға алынған технологияларға ерекше лицензия беру құқығын берді. Канадада үкімет кәсіпкерлерге қызметтің жаңа түрлерін ұсынатын ережелерді бекітті. Осылайша, арнайы бағдарламалар бойынша тәуекел кәсіпкерлер мен несие берушілер арасында бөлінеді. Шағын инновациялық кәсіпке көмектесу үшін арнайы қаржылық бағдарлама жүзеге асырылуда. Онда ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге берілетін несие көлемін өзгерту, қарызды өтеу мерзімін ұлғайту қарастырылған. Канада үкіметі сонымен қатар зерттеу топтары төлеген салықтардың 20 пайызын қайтару туралы шешім қабылдады. Жаңаша технологиялар мен жобалармен айналысатын субъектілерге 15% салық жеңілдіктері әр келесі жылдан бастап беріледі [12, 231-б].

Германияда, атап айтқанда, инновациялық қызметті жүзеге асыратын жаңа шағын және орта бизнесті (ШОБ) құруға мемлекет әртүрлі нысандарда қолдау көрсетеді, мысалы:

- ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге жеңілдетілген несиелер мен ұзақ мерзімді несиелер беру арқылы;
- жаңадан құрылған фирмалардың капиталына мемлекет капиталының қатысуы арқылы;
- ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өнім өндіруге бағытталған жаңадан құрылған ШОБ субъектілеріне қосымша жеңілдікті несиелер беру арқылы;
- ШОБ субъектілеріне уақытша қаржылық қиындықтарды еңсеру үшін коммерциялық банктік несие алуына мемлекеттік кепілдіктер беру арқылы, жас кәсіпкерлерге кеңес беру орталықтарын ұйымдастыру жатады [13, 131-б].

Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, венчурлық қаржыландыру инновацияларды қаржыландырудың ең қолайлы түрі болып саналады, яғни тәуекелі жоғары кәсіпорындар мен банктік несиеге қол жеткізе алмай-

тын қызмет түрлеріне ерте кезеңде тікелей инвестициялар жатады. Бүгінгі таңда инновациялар нарығының негізгі проблемасы инвестициялардың жеткіліксіздігі болып табылады, бұл құбылыс біздің экономикамыздың маңызды қозғаушы күштерін қамтиды. Инвестициялардың жетіспеушілігін инновациялық қызметті салықтық ынталандыру арқылы өтеуге болады. Мысалы, белгілі бір қызмет үшін салық ауыртпалығын төмендету маңызды ағымдағы активті - қаржы ресурсын босатады, сондықтан ол қажетті салаға бағытталады.

Қорытынды

Біздің ойымызша, шағын және орта кәсіпкерліктің инновациялық қызметін құқықтық реттеу және ынталандыру саласындағы оң динамикаға қарамастан, біздің елімізде осы салада әлі де көптеген олқылықтар бар, оларды жақын арада елдің табысты экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін шешу қажет. Біз шағын және орта кәсіпкерлердің инновациялық қызметін реттейтін жеке нормативтік-құқықтық актіні қабылдауды ұсынамыз, ол әртүрлі нормативтік-құқықтық актілерде қамтылған көптеген нормалардың орнын басады. Ең алдымен, осы актіде шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілерінің ин-

новациялық қызметі ұғымы өзінің заңнамалық бекітілуі тиіс. Шет мемлекеттер сияқты біздің де еліміздің шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпкерлерді ынталандыру жобаларын құрып, көптеген жеңілдіктер мен гранттар көлемін ұлғайту, төменгі пайызда несие беру, салықты азайту, субсидия бөлу, сырттан инвесторларды тарту сияқты мүмкіндіктер жасау керек. Кәсіпкерлік кодекстің 241-7-баптағы мемлекеттік қолдау шараларына, 2,5 % несиені жас мөлшерін шектеместен бизнес-жоспарда инновациялық идеялары бар барлық орта және шағын кәсіпкерлерге беру туралы нормалар қосылса, сонымен қатар инновациялық қызметті жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлерге салық көлемін төмендету нормасын енгізуді ұсынамыз.

«ҚР сақтандыру қымметі туралы» ҚР Заңына инновациялық қызметті жүзеге асыруға байланысты инновациялық мүлкіті сақтандыру мақсатында «Инновациялық объектілерді сақтандыру туралы» арнайы бапты енгізу қажет. Дәл осы мақсатта ҚР Кәсіпкерлік кодекске «Инновациялық тәуекелді сақтандыру» деген 241-10-баппен толықтыру ұсынылады, ол инновациялық тәуекелді сақтанушының пайдасына да, үшінші тұлға пайдасына да сақтандыру мүмкіндігі болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Глебова И.С., Садырtdинов Р.Р. Государственное регулирование малого и среднего предпринимательства: Учебное пособие. – Казань: Казанский государственный университет им. В.И. Ульянова-Ленина, 2008. – 21-36 с.
2. Айбосынова Д.А., Урузбаева Н.А. Инновационная деятельность малого и среднего бизнеса в Казахстане: невыездное состояние и факторы развития // Вестник университета «Туран». – 2019. - (2). – С. 208-210.
3. Smagulova G.S., Nurgali A.A. Innovative activity as a factor of increasing enterprise's competitiveness // Bulletin of the Treasury. Economic Series. - 2016. Volume 114. - No. 2/2. - 170-179 p.
4. Костенко Л.Н. Понятие и правовое регулирование инновационной деятельности // Научный журнал КубГАУ. – 2014. - №96 (02). – 10-15 с.
5. Қуанышбаева С. Кәсіпкерлік мәмілелерді құқықтық талдау // Заң журналы. - 2013. - №7. – 62-67 б.
6. Киздарбекова А.С., Асетова Г.Б. Кәсіпкерлік құқық: Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 154-155 б.
7. Nebratenko G., Studenikina S., Kazantseva O. Innovations in the field of state and legal regulation of socio-economic activity in Modern times. E3S Web of Conferences. – 2020. - № 210. – 149-150 p.
8. Жуниспаева А.Б. Кәсіпкерлік құқық. Оқу құралы. - Талдықорған: ЖМУ баспасы, 2018.- 76-78 б.
9. Романчук С.В. Проблемные аспекты правового регулирования инновационной Деятельности в российской Федерации // Вестник Тюменского государственного университета. «Право». - № 3. - 2014. – 25-26 с.

10. Асан Д. Экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты дамыту тетіктері. Оқу құралы.- Алматы: Заң әдебиеті, 2008.- 82-83 б.
11. Jacobsen P.J., Coyne C.J. *The Austrian School in the USA: Institutions and Entrepreneurship. Contributions to Economics. Book Chapter. Austrian state printing house, 2022. – 66-67 p.*
12. Neymotin F. *Necessity and opportunity entrepreneurship in Canada // Review of Economic Analysis. - 2021. - 13(2). – 230-231 p.*
13. Bonfiglioli A. *The culture of effort The gap between the US and Europe in the labour market and the business structure // Revista de occidente. 2016. –130-131 p.*

REFERENCES

1. Glebova I.S., Sadyrtidinov R.R. *Gosudarstvennoe regulirovanie malogo i srednego predprinimatel'stva: Uchebnoe posobie. – Kazan': Kazanskij gosudarstvennyj universitet im. V.I. Ul'janova-Lenina, 2008. – 21-36 s.*
2. Ajbosynova D.A., Uruzbaeva N.A. *Innovacionnaja dejatel'nost' malogo i srednego biznesa v Kazahstane: nevyezdnoe sostojanie i faktory razvitija // Vestnik universiteta «Turan». – 2019. - (2). – S. 208-210.*
3. Smagulova G.S., Nurgali A.A. *Innovative activity as a factor of increasing enterprise's competitiveness // Bulletin of the Treasury. Economic Series. - 2016. Volume 114. - No. 2/2. 170-179 r.*
4. Kostenko L.N. *Ponjatje i pravovoe regulirovanie innovacionnoj dejatel'nosti // Nauchnyj zhurnal KubGAU. – 2014. - №96 (02). – 10-15 s.*
5. Қуанышбаева С. *Кәсіпкерлік мәмілелерді қысқарту талдау // Заң zhurnaly. - 2013. - №7. – 62-67 б.*
6. Kizdarbekova A.S., Asetova G.B. *Кәсіпкерлік қысқарту: Оқулық. - Алматы: ZhShS RPBK «Dәuir», 2011. – 154-155 б.*
7. Nebratenko G., Studenikina S., Kazantseva O. *Innovations in the field of state and legal regulation of socio-economic activity in Modern times. E3S Web of Conferences. – 2020. - № 210. – 149-150 p.*
8. Zhunispaeva A.B. *Кәсіпкерлік қысқарту. Оқу құралы. - Taldyқорған: ZhMU baspasy, 2018.- 76-78 б.*
9. Romanchuk S.V. *Problemyne aspekty pravovogo regulirovaniya innovacionnoj Dejatel'nosti v rossijskoj Federacii // Vestnik Tjumenskogo gosudarstvennogo universiteta. «Pravo». - № 3. - 2014. – 25-26 s.*
10. Асан Д. *Јекономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты дамыту тетіктері. Оқу құралы.- Алматы: Заң әдебиеті, 2008.- 82-83 б.*
11. Jacobsen P.J., Coyne C.J. *The Austrian School in the USA: Institutions and Entrepreneurship. Contributions to Economics. Book Chapter. Austrian state printing house. 2022. – 66-67 r.*
12. Neymotin F. *Necessity and opportunity entrepreneurship in Canada // Review of Economic Analysis. - 2021. - 13(2). – 230-231 r.*
13. Bonfiglioli A. *The culture of effort The gap between the US and Europe in the labour market and the business structure // Revista de occidente. 2016. –130-131 p.*

НЕОБХОДИМО ПОВЫШАТЬ ЭФФЕКТИВНОСТЬ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ

Сарпеков Рамазан Кумарбекович

Кандидат юридических наук, Заслуженный деятель Казахстана, директор Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: instzak-kz@mail.ru

Рахметов Саттар Муканович¹

Доктор юридических наук, профессор, главный научный сотрудник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: rasattar@mail.ru

Аннотация. Борьба с коррупцией была и все еще остается важной проблемой нашего государства. Одними из препятствий для решения данной проблемы являются недостатки законодательства и правоприменительной практики.

Низкая эффективность уголовно-правовой борьбы с наиболее распространенным видом коррупционных преступлений – взяточничеством заключается в нарушении принципа неотвратимости ответственности и наказания. Статистические данные свидетельствуют о том, что значительной части взяточников удается избежать ответственности и наказания. Той небольшой части лиц, совершивших коррупционные преступления, которым назначено наказание в виде лишения свободы, отбывают его в более комфортных условиях, чем другие осужденные – в учреждениях минимальной безопасности, то есть в колониях-поселениях.

Одним из пробелов, существующих в уголовном законодательстве нашей страны, является отсутствие норм об ответственности за предложение, обещание взятки, дачу согласия на получение взятки и требование взятки. Общественная опасность указанных действий заключается в том, что взяточничество – это преступная сделка, которой предшествует заключение между взяткодателем и взяткополучателем договоренности об условиях выполнения сторонами своих обязанностей. Эта договоренность заключается со стороны взяткодателя во времени, размере взятки (в некоторых случаях договариваются передать взятку в несколько этапов) и способе передачи взятки; со стороны взяткополучателя – совершить определенные действия (бездействие) в пользу взяткодателя или представляемых им лиц. Если стороны не договорятся, акт дачи-получения взятки не состоится.

Поэтому переговоры между взяткодателем и получателем взятки, которые можно оценивать, как предложение взятки, обещание дать взятку, дачу согласия на принятие взятки, а также просьбу или требование взятки представляют общественную опасность, так как в большинстве случаев они завершаются совершением коррупционного преступления: дачей-получением взятки. Чтобы снизить уровень взяточничества, необходимо пресекать его на ранней стадии путем установления ответственности за указанные выше действия. Это повысит профилактическую роль уголовного законодательства в противодействии взяточничеству.

Ключевые слова: Уголовный кодекс Республики Казахстан, уголовные правонарушения, общественная опасность взяточничества, предложение взятки, обещание дать взятку, дача согласия на принятие взятки, а также просьба, требование взятки, эффективность предупреждения коррупционных преступлений.

¹ Автор для корреспонденции

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ КЕРЕК

Рамазан Құмарбекұлы Сәрпеков

Заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының директоры, Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: instzak-kz@mail.ru

Саттар Мұқанұлы Рахметов

Заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының бас ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: rasattar@mail.ru

Аннотация. Сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекетіміздің маңызды және шешімін таппаған мәселелерінің бірі болды және болып қала береді. Заңнама мен құқық қолдану тәжірибесінің кемшіліктері бұл мәселені шешудегі кедергілердің бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстың кең тараған түрі – парақорлықпен қылмыстық-құқықтық күрестің жеткіліксіз тиімділігі жауапкершілік пен жазаның бұлтартпастығы қағидатының бұзылуында жатыр. Статистика пара алушылардың едәуір бөлігінің жауапкершілік пен жазадан құтыла алатынын көрсетеді. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың шағын бөлігі, атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағандар басқа сотталғандарға қарағанда қолайлы жағдайда – ең төменгі қауіпсіздік мекемелерінде, яғни қоныс колонияларында өтейді.

Еліміздің қылмыстық заңнамасында орын алып отырған олқылықтардың бірі – пара ұсыну, уәде беру, пара алуға келісім беру және пара талап ету үшін жауаптылық туралы нормалардың жоқтығы. Мұндай әрекеттердің қоғамдық қауіптілігі пара берудің қылмыстық уағдаластық болып табылатындығында. Оны орындаудың алдында пара беруші мен пара алушының арасында тараптардың өз міндеттемелерін орындау шарттары туралы уағдаластық жасалуы жатады. Бұл бойынша пара беруші тарапынан параны беру мерзімі, параның мөлшері (кейбір жағдайларда параны бірнеше кезеңде беруге келісіледі) және параны беру тәсілі; пара алушы тарапынан – пара берушінің немесе оның өкілдік ететін адамдарының пайдасына белгілі бір әрекетті (әрекетсіздікті) жасау бойынша уағдаласылады. Тараптар келіспесе, пара беру мен алу орын алмайды.

Сондықтан пара беруші мен пара алушы арасындағы пара беру туралы ұсыныс, пара беруге уәде беру, пара алуға келісім беру, сондай-ақ пара беру туралы өтініш немесе талап ретінде бағаланыла алатын келіссөздердің қоғамдық қауіптілігі бар, өйткені олар басым жағдайда пара беру және алу түріндегі сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаумен аяқталады. Парақорлық деңгейін төмендету үшін оны алдын ала, яғни жоғарыда көрсетілген әрекеттерге жауаптылықты белгілеу арқылы тоқтатып отыру қажет. Бұл парақорлыққа қарсы күресте қылмыстық заңнаманың профилактикалық рөлін арттырады.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, қылмыстық құқық бұзушылықтар, пара алудың қоғамдық қауіптілігі, пара ұсыну, пара беруге уәде беру, пара алуға келісім беру, сондай-ақ пара сұрау, талап ету, сыбайлас жемқорлық қылмыстардың алдын алудың тиімділігі.

IT IS NECESSARY TO INCREASE THE EFFECTIVENESS OF THE FIGHT WITH CORRUPTION

Sarpekov Ramazan Kumarbekovich

Candidate of Legal Sciences, Honored Worker of Kazakhstan, Director of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: instzak-kz@mail.ru

Rakhmetov Sattar Mukanovich

*Doctor of Law, Professor, Chief Researcher of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan;
e-mail: rasattar@mail.ru*

Abstract. *The fight against corruption has been and still remains one of the important and unresolved problems of our state. One of the obstacles to solving this problem is the shortcomings of legislation and law enforcement practice.*

The insufficient effectiveness of the criminal legal fight against the most common type of corruption crime - bribery - lies in the violation of the principle of the inevitability of responsibility and punishment. Statistics show that a significant proportion of bribe-takers manage to avoid responsibility and punishment. That small part of those who have committed corruption crimes and who are sentenced to imprisonment serve it in more comfortable conditions than other convicts - in minimum security institutions, that is, in colony settlements.

Ключевые слова: примирительные процедуры, медиация, мирное урегулирование спора, межэтнические споры и конфликты, медиатор, поликультурное общество.

PARTICULAR QUALITIES OF RECONCILIATION PROCEDURES IN THE INTERETHNIC CONFLICT

Dyachuk Marianna Ivanovna

Associate Professor of the East Kazakhstan University named after S. Amanzholova, Candidate of Law, Ust-Kamenogorsk, Republic of Kazakhstan; e-mail: marianna_turani@mail.ru

Kazbayeva Assel Gabidenovna

Principal Researcher at the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, docent of Kokshetau University named after A. Myrzakhetova, candidate of legal sciences, Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: K_2385@mail.ru

Abstract. *The authors devote their work studying the problems of resolving conflicts and disputes in the field of interethnic relations, revealing the content and functional components of this category.*

This article examines the causes of local ethnic conflicts. Factors, hindering the harmonization of interethnic relations. Principles of action to neutralize the confrontational aspirations of participants in interethnic conflicts.

The work represents approaches to the definition of ethnic conflict and its typology, reflects the specificity and commonality of ethnic disputes and conflicts relating to disputes and conflicts of other generally recognized types. The authors compared reconciliation procedures. The concept of a settlement agreement as a reconciliation procedure, as well as the definition of mediation are presented and their stages are considered.

In the course of studying this topic, the subject of the research was the norms of national legislation regulating the possibility of appealing to reconciliation procedures, and the emerging judicial practice, norms of substantive legislation, theoretical developments about reconciliation procedures, general patterns of formation, development and implementation of reconciliation procedures; as well as the experience of foreign countries in the field of their application in resolving interethnic disputes and conflicts through the use of a mediation approach in a multicultural society. In this work, a number of normative legal acts of varying legal force and purpose were considered, which formally strengthened the definition of arbitration. As for their content, these definitions do not differ at all. Mediation is a dynamic, interactive, structured process during which a neutral, independent body represented by a mediator helps opposing parties resolve conflict situations and find the optimal solution to resolve disputes using specialized communication, psychological and other negotiation methods.

These provisions can be used for further theoretical research of the institution of reconciliation procedures and to find application in scientific and educational activities.

Keywords: *conciliation procedures, mediation, peaceful settlement of disputes, interethnic disputes and conflicts, mediator, multicultural society.*

DOI: 10.52026/2788-5291_2024_77_2_267

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында Тәуелсіздіктің 30 жылдығы – біздің ең жоғары құндылығымыз екенін атап өтті².

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясында Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы әртүрлі этностық топтар, діни конфессиялар арасындағы келісім, тұрақтылық, халық достығы, құрмет мемлекетіміздің негізі, барлық тұрғыдан даму тірегі болып табылатынын атап көрсетті³.

Сонымен қатар «Болашағы Біртұтас Ел»

төртінші реформаға сәйкес қазіргі Қазақстанның мемлекеттік ұлттық саясатының мақсаты – патриоттық құндылықтар мен әлеуметтік ынтымақтастық негізінде Қазақстанның көпұлтты қоғамын біртұтас саяси ұлтқа біріктіру. Медиация институтын мемлекетіміздің мәдени-құқықтық кеңістігіне дамыта отырып, кеңінен енгізу осы реформаны іске асыру тетіктерінің бірі болып табылады. Бірде-бір мемлекет жаһандану көлеңкесінде қалмайтын қазіргі жағдайда медиация институты өзектілігін арттыра түсуде [1].

Қазақстан Республикасы мәдениетінің

² Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы// Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2100002021> (қаралған күні: 01.04.2024 ж.)

³ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен өткен 2019 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясы// https://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/xxvii-sessiya-assamblei-naroda-kazahstana-pod-predsedatelstvom-pervogo-prezidenta-respubliki-kazahstan-elbasy-nursultana-nazarbaeva (қаралған күні: 04.04.2024 ж.)

алуандығы саясаты бүгінгі таңда әлемдік кеңістіктегі нәтижелі мысалдардың бірі болып табылады. Кез келген мемлекеттің этносаясаты этносаралық даулар мен қақтығыстардың алдын алуға бағытталған [2; 134-144 б.]. Бұл фактордың маңыздылығын тану мемлекетімізде 1995 жылы Қазақстандағы этносаралық қатынастарды 30 жылға жуық уақыт бойы табысты үйлестіріп келе жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуына себеп болды.

Қазіргі әлемдегі көші-қон процестерінің артуы және мұндай процестердің этносаралық (ұлтаралық) саладағы мемлекет саясатына ықпалына байланысты олардың сөзсіз маңыздылығы көпэтностық қоғамда сөзсіз болатын этносаралық қақтығыстардың алдын алу және реттеу тәсілдерін іздеуде жана сын-қатер туғызуда. Сонымен қатар мемлекеттің сауатты құрылған этносаясаты қоғамдағы тұрақтылықты сақтаудың, демек қоғамның барлық салада дамуының негізгі факторларының бірі болып саналады. Осыған байланысты мемлекет өзін этноқақтығыстардың алдын алу тетіктерімен ғана емес, оларды шешу құралдарымен де қамтамасыз етуі қажет.

Бүгінгі қоғам қақтығыстарды шешудің соттан тыс институттарының рөлін арттыру туралы пайымдайды, олардың бірі – медиация институты. Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің 2021 жылғы 21 қазандағы кеңейтілген отырысында ел Президенті этносаралық қақтығыстарды шешу үшін қоғамдық-құқықтық институттардың, атап айтқанда медиация институтының мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдалану қажет екенін атап өтті. Ол этномедиация үшін кәсіби келіссөз жүргізушілердің форматы неғұрлым тиімді екенін атап өтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясы этномедиация бойынша дау-дамайды шешу мәселелерімен айналысатын негізгі институттардың біріне айналуға тиіс екенін де айқындады [3; 50-53 б.].

Қазақстанда Медиация туралы заң 2011 жылы қабылданды, осылайша бүгінгі таңда елімізде жанжалды шешудің осы әдісін қолданудың 13 жылдық практикасы қалыптасты. Алайда этносаралық дау-жанжалда медиацияны қолдану тәжірибесі туралы деректер іс жүзінде жоқ. Бұл бірнеше факторларға байланысты, мысалы: медиаторлар арасында да, мемлекеттік деңгейде де «этникалық қақтығыс» терминінің, яғни нақты нені этносаралық қақтығыс деп санауға болатыны туралы түсініктің болмауы, дау-дамайды шешу әдіснамасының болмауына

байланысты олармен жұмыс істеуге дайын мамандардың болмауы, сондай-ақ осындай жанжалдарды шешу кезінде қолданылуға тиіс медиативтік (келіссөз) техника түсінігінің бытыраңқылығы [4; 154-161 б.].

Әдістер

Мақалада формалды-логикалық және диалектикалық әдістер, салыстырмалы-құқықтық, эмпирикалық талдау, сондай-ақ ғылыми зерттеудің сандық, сапалық және арнайы әдістері қолданылады.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі уақытта кейбір ғалымдар мен медиация саласындағы мамандар Қазақстан Республикасындағы этностық қақтығыстарды шешу үшін медиацияны қолданудың проблемалық мәселелерін заң тұрғысынан да, практикалық тұрғыдан да қарастыруда. Мәселен, медиация – медиатордың бейтарап үшінші тарап сияқты рөлі қақтығыс тараптарына өзара қолайлы және өміршең шешімді эзірлеуге жәрдемдесу болып табылатын тауластырудың ерекше түрі.

«Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес медиация рәсімі мынадай қағидаттар:

- еріктілік;
- тараптардың тең құқылы болуы;
- медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы;
- медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік негізінде жүргізіледі.

Медиация адам тыныс-тіршілігінің түрлі салаларында қолданылады. Медиацияда азаматтық, еңбек, отбасы және өзге де құқықтық қатынастардан туындаған даулар қаралады. Бұл рәсім жоғарыда санамаланған дау-жанжалды реттеуде кеңінен қолданылды. Алайда этносаралық және ұлтаралық қақтығыстар саласындағы медиация іс жүзінде аз дамыған әрі сирек қолданылады.

Этносаралық қақтығыс дегеніміз не? Өртүрлі авторлар бұл құбылысты әрқилы қарастырады. Ресей этнологы В.А. Тишков бұл ұғымды «этникалық қақтығыс ретінде ішкі және трансмемлекеттік деңгейлердегі азаматтық текетірестің бір түрі, онда тараптардың кем дегенде біреуі этностық негізде немесе белгілі бір этноқауым атынан ұйымдастырылады және әрекет етеді деп түсіндіреді. Бұл ретте этносаралық шиеленіс пен саяси күрес, кездейсоқ зорлық-зомбылық пен бүлік, этностық нұқсан келтіру, ашық қарулы күрес түріндегі айырмашылықтарды айқындайды. Этноқақтығыстың себептері

ресурстар мен билікті бақылау үшін бәсекелестік, этностық белгілерге қарап кемсітушілік пен теңсіздік, басқару жүйесін немесе мемлекеттер мен олардың шекаралары мәртебесін өзгертуге ұмтылыс болуы мүмкін» [5; 67-68-б.].

Ресей философы, әлеуметтанушысы Ф.Н. Ильясов этностар арасындағы қақтығысты этнос топтары арасында ресурстарды бөлутұрғысынан қарайды. «Қауымдастықтар арасындағы және ішіндегі дау-жанжал әрқашан ресурстарды бөлуге бағытталған. Шын мәнінде, қақтығыс – бұл екі немесе одан да көп субъектінің (жеке адамдар немесе топтардың) өздерінің арасындағы даулы ресурстарды бөлуге, қайта бөлуге бағытталған мінез-құлқы. Көпұлтты қоғамдастық жағдайында қақтығыс ресурстарды белгілі бір этно-топтардың пайдасына қарай қайта бөлу ыңғайына байланысты туындайды» [6; 20-33-б.] деп Тишков та пайым жасайды.

Осыған байланысты С.Д. Гуриеваның этноқақтығыстар типологиясын (сыныпта-масын) қалыптастырған мақаласы ерекшеленеді, ол этноэкономикалық, этносаяси, этноаумақтық, этномәдени, этноконфессиялық және этнопсихологиялық деген түрлерді ажыратады [7; 19-б.].

Ұлтаралық қақтығыстар болған кезде әртүрлі этностық топтар мен қауымдастықтар арасындағы қатынастардың іргелі әрі күрделі процестері алдыңғы орынға шығады. Мұндай жағдайлардың дамуына әртүрлі факторлар, оның ішінде діни сала, мәдени, аумақтық, тарихи және саяси проблемалар да әсер етуі мүмкін. Ұлт арасындағы қақтығыс шешу оның себебі, сондай-ақ белгілі бір аумақта тұратын ұлттың немесе адамдар тобының айырмашылықтары сияқты тұстарымен де ерекшеленетін болады.

Мақала негізі болып отырған қақтығыс факторлары мен себептері әр жағдайда әртүрлі. Проблема ойламаған жерде туындауы да мүмкін немесе көршілес ұлттарда мәдени тұрғыдан айырмашылықтар немесе аумақтық наразылықтар болған кезде ондаған жылдар бойы белең алуы да мүмкін. Ұлт арасында қақтығыстың өрбуіне әсер ететін факторларға қоныстану түрі; өңірдегі ұлттық құрам; әлеуметтік белсенді топ мүшелерінің жасы; әлеуметтік жағдай; өзара қарым-қатынас тарихы; саяси көзқарас; білім деңгейі жатады.

Этнос арасындағы қақтығысқа алып ке-

летін факторларға қарамастан, олардың салдарынан азаматтардың құқықтары жаппай бұзылып, қолданыстағы заңдардың сақталмауы орын алады. Мемлекет тарапынан тиісті бақылау болмаған жағдайда бұл этностық «тазартуға» және толыққанды соғысқа әкелуі мүмкін. Мұндай жағдай бұрынғы Югославияда орын алды, ол кезде федералды орталық күрт ыдырауға ұшыраған көпұлтты мемлекетті сақтап қалуға тырысты. Соның салдарынан Сербияның кейбір аймақтарында этностық «тазарту» көрініс тапты.

Этносаралық қақтығыстар жергілікті халықтың күнделікті өміріне айналған Африка елдеріне де қатысты. Қара нәсілділер континентінде әр түрлі тайпалар арасында қарулы қақтығыстар үнемі өршіп тұрады, олардың себебі аумақ пен табиғи ресурстарды бөлу ғана емес, сонымен қатар жік қауым арасындағы жылдар бойы жиналып келген қастасу болып отыр.

Ықтимал алғышарттар, болып жатқан қақтығыстарды ойдағыдай шешу көбінесе олардың пайда болу себебін дұрыс анықтауға байланысты. Бұл көбінесе ұлттық саясаттағы елеулі деформация, сондай-ақ көптеген жылдар бойы ұлттың немесе адамдар тобының жағдайға қанағаттанбауы. Қанды қақтығысты туындатуға тіпті болмашы ұшқынның өзі жеткілікті, оның алдын алмау салдары өте қиынға соғады. Әдетте этносаралық қақтығыстар елдегі экономикалық ахуалдың нашарлауы аясында көрініс табады, мамандар тіпті шиеленіс өсуінің үй шаруасы жағдайына тікелей тәуелділігінің графиктері мен кестелерін жасайды. Бұл бір топ немесе ұлт мемлекеттен белгілі бір артықшылыққа ие болып, ал екінші қауымдастық ауыртпалық пен кедейлік күйде қалуға мәжбүр болған кезде әлеуметтік наразылыққа әкеп соғады.

Ұлтаралық қақтығыстың айқын мысалы – Африкадағы депрессиялық экономика мен халық арасындағы кедейлік салдарынан болатын соғыста⁴.

Қалай болғанда да, ғалымдар мен тәжірибешіл мамандардың көпшілігі мәдениетаралық қақтығыстардың медиациясы тараптардың жанжалды өзара іс-қимылын тәуелсіз делдалдың қатысуымен диалог формасына аударуға мүмкіндік береді деп санайды. Медиатор-делдалдың нақ өзі қақтығыстарды шешуде рәсімдік тәсілдің сақталуын қамтамасыз етеді және тараптарды өзара қолай-

⁴ Межнациональные конфликты - виды, причины и пути решения // Дереккөз: <https://nauka.club/obshchestvoznanie/mezhnatsionalnye-konflikty.html> (қаралған күні: 15.04.2024 ж.).

лы шешімдерді іздеуге бағыттай отырып, сындарлы көзқарасты қолдайды. Медиация – бұл үшінші тараптың жанжалды реттеуге қатысуының ең оңтайлы түрі.

Сонымен бірге медиацияның мәні адамға таңылған көзқарастар мен таптаурынды жою, оның шынайы мүдделерін ашу, даудың басқа қатысушысын түсіну, өзіне басқа қырдан қарау екенін әрдайым назарда ұстаған жөн.

Ресейлік ғалымдардың зерттеу жұмыстарында «этномедиация» ұғымы жиі қолданылады, ол жекелеген адамдар немесе адамдар тобы қатыса алатын, ұлтаралық қайшылықтардан туындаған қақтығыстарды шешу әдісін білдіреді [8; 444-б.].

Этномәдени қақтығыстар медиация алдында үлкен сын-қатер туғызады. Олар дау-жанжал сәйкестігіне негізделген ерекше түрі болып табылады, бұл олардың ұзақтығы, қатаңдығы және өткірлігімен түсіндіріледі.

Ұлттық құндылықтарға, ұлтаралық қатынастар саласындағы аса маңызды міндеттерге қатысты қақтығыстар шешімін табу қиынға соғатын дау-жанжалдар қатарына жатады.

Этносаралық қатынастар саласында қоғамдағы қақтығыстардың өршуіне ықпал ететін бірқатар проблемалар бар. Олардың арасында мынадай түрлеріне тоқталып өткен орынды:

- әлеуметтік-экономикалық (жұмыссыздық, жалақыны кешіктіру және төлемеу, азаматтардың көпшілігіне тиісті қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік бермейтін әлеуметтік төлемдер, этностардың бірінің кез келген қызмет саласындағы немесе халық шаруашылығы салаларындағы өкілдерінің монополиясы және т.б.);

- тіл-мәдениет (ана тілін, ұлттық мәдениетті және ұлттық азшылық топтардың кепілдік берілген құқықтарын қорғауға, жаңғыртуға және дамытуға байланысты);

- этнодемографиялық (халық саны арақатынасының салыстырмалы түрде тез өзгеруі, яғни мәжбүрлі қоныс аударушылардың, босқындардың көші-қонына байланысты қоныс аударушылар, босқындар үлесінің артуы);

- тарихи (бұрынғы қатынастар – соғыстар, бұрынғы «үстемдік – бағыну» саясаты қатынастары, депортация және онымен байланысты тарихи оқиғаның жағымсыз жақтары және т.б.);

- дінаралық және конфессияаралық (қазіргі діни ұстаным деңгейіндегі айырмашылықтарды қоса алғанда).

Ұлтаралық қатынастарды үйлестіруге ке-

дергі келтіретін факторлар қатары – азаматтардың билік пен басқару органдарына деген сенімінің төмен болуы, сыбайлас жемқорлық, азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдікке сенбеуі, биліктің жекелеген өкілдерінің кейбір халық мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына бейімділігі, олардың әділеттілікті қамтамасыз ете алмауы, адамдардың заңды мүдделерін қорғай алмауы.

Қалыпты күйдегі әлеуметтік-саяси және экономикалық қатынастар жүйесінде әртүрлі этностық топтарға жататын адамдар жақсы тіл табысады.

Бірақ экономикалық және саяси тұрақсыздық немесе қоғамдағы дағдарыс жағдайларында топаралық қатынастардың бұрынғы барлық реттеушісі жойылып, жаңалары бірден дамып кетпейді. Мұндай жағдайда этникалық реттеуші бірінші орынға шығады. Егер қандай да бір көрші елмен қарым-қатынас нашарласа, онда көршілермен ортақ болатын қасиеттердің мәні елеусіз болып, этносаралық айырмашылықтар аса маңызға ие бола түседі және әр тарап оны өз пайдасына бағалайтын болады.

Этносаралық қақтығыстың даму процесінің өзіндік ерекшелігі бар және үш негізгі кезеңді қамтиды:

- 1) бірінші кезеңде қарсылық пайда болады – жинақталған реніштердің әсерінен жаудың бейнесі қалыптасады;

- 2) екінші кезеңде әртүрлі жауларды белсенді іздеу жүреді, олардың саны жинақталады;

- 3) үшінші кезеңде қарсылық антагонизмге айналады және сіздің барлық ісіңіз бен әрекеттеріңіз кері айналып келген кезде оқиғалар «айналы шағылу» қағидаты бойынша өріс ала бастайды. Бұл айнымайтындар соғысында әрекет әрқашан қарсыласуға тең болады, әр тарап қарсыласын өзі айыптаған күнәлары үшін айыптайды.

Ұлтаралық шиеленістің ұлғаюы барлық жауласушы елдердегі адамдардың өмірін қатандатып қана қоймайды. Қауіпсіздік мақсатында өзін өз ұлтымен мүмкіндігінше толық сәйкестендіруге ұмтыла отырып, адам «ұлттық киелі жерлер» үшін күрес барысында қайта жанданған ең жағымсыз ұлттық әдеттерді қабылдауға дайын. Нәтижесінде өркениеттен бас тартуы да мүмкін.

Этностық қақтығыстарды сыныптаудың бірнеше типі бар. Қақтығыстардың негізгі түрлері:

- билік, үстемдік, ықпал, бедел үшін күрес жүретін кездегі саяси қақтығыстар;
- әлеуметтік-экономикалық (немесе сөз-

дің тар мағынасында элеуметтік) қақтығыстар – «еңбек пен капитал арасында», мысалы, кәсіподақтар мен жұмыс берушілер арасында;

– этностық қақтығыстар – этностық қауымдастықтардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты [9; 12-21-б.].

Этносаралық қақтығыстар әрқашан эмоциялардың, құштарлықтың жоғары шиеленісуімен, адам табиғатының иррационал жақтарының көрінуімен және символизммен ерекшеленеді. Бұл ерекшелік ұлттық-этностық стереотиптерді адам бала кезінен іліп алып, кейіннен көбінесе түпсана деңгейінде қолданатынына байланысты. Сондықтан этностық қақтығыстарға жасалатын әрекеттердің ұтымды дәлелдерінің әлсіз негізділігі тән. Осыған байланысты этносаралық қақтығыстар қарсы тұрудың өткірлігімен және күрес жүргізу формаларының қатыгездігімен ерекшеленеді.

Этносаралық қақтығыстар адами ресурстардың жоғары жұмылдырылуымен сипатталады.

Қорғалатын этностық ерекшеліктер (сенім, тіл, тұрмыс) этностың әр мүшесінің күнделікті өмірін құрайды, бұл оларды қорғаудағы қозғалыстың жаппай сипатын қамтамасыз етеді. Басталған қақтығыс өз саласына барған сайын жаңа адами және басқа ресурстарды тарта отырып, тізбекті реакцияны тудырады.

Этносаралық қақтығыстар созылмалы сипатқа ие, олардың түпкілікті шешімі болмайды. Бұл этностық қатынастардың өте көшпелі болатынымен және этностың қазіргі ұрпағы қанағаттанатын еркіндік пен дербестік дәрежесі келесі ұрпаққа жеткіліксіз болып көрінуі мүмкін екендігімен түсіндіріледі.

Осы ерекшеліктерге байланысты қоғамның тіршілік әрекетінің кез келген саласында және кез келген деңгейде этносаралық қақтығыстардың пайда болуы, дамуы және шешілуі өзіндік ерекшеліктерге ие.

Этносаралық қақтығыстар саласындағы ереже: қақтығыстарды болашақта шешуден гөрі алдын алу оңайырақ.

Бұған Қазақстан Республикасының ұлттық саясаты бағытталған. Осыған байланысты бұл қайшылықтарды уақытында анықтау, зорлық-зомбылықтың қолданылуына жол бермеуге тырысу, даулы мәселелерді шешудің тиімді жолдарын табу маңызды.

Мұны іс жүзінде жүзеге асыру үшін жалпыға бірдей өзара қолайлы құндылықтар мен нормаларды табу қажет.

Сондықтан мемлекет пен оның құрамына кіретін барлық этнос арасында жеке адам мен ұлт қауіпсіздігінің кепілдіктерін, теңқұқықты, қайшылықтар туындаған кезде зорлық-зомбылықты қолдануға тыйым салуды қамтитын қоғамдық шарт жасасу туралы мәселе туындайды.

Жергілікті ұлтаралық қақтығыстардың негізгі себептері:

1. Жеке адамдар арасындағы қақтығыстарды ұлтаралық дәрежеге шығару;

2. Белгілі бір ұлт өкілдерінің қызмет салалары туралы дәстүрлі қалыптасқан көзқарастарға негізделген этнотоптардың экономикалық қақтығыстары;

3. Этносаяси және діни-саяси келіспеушіліктер;

4. Билік құрылымдарында, азаматтық қоғам институттарында сол немесе өзге халық өкілдерінің болмауы;

5. Ұлтаралық қатынастардың жай-күйі және мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру барысы туралы халықтың жеткіліксіз хабардар болуы;

6. Ұлттық саясатты БАҚ-та объективті көрсетпеу;

7. Мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру барысын ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етудің төмен деңгейі, оның ішінде: мемлекеттік ұлттық саясат саласындағы терминологияны әртүрлі түсіндіру;

8. Ұлттық және ұлтаралық тәрбие деңгейінің, ең алдымен, отбасында жеткіліксіз болуы;

9. Позитивті қаһармандар (образдар) – ұлт өкілдері туралы көркем фильмдердің болмауы;

10. Мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ұлттардың бірқатарының өкілдігі болмауы.

Ұлтаралық қатынастарды үйлестіруге кедергі келтіретін факторлар – азаматтардың билік пен басқару органдарына деген сенімі деңгейінің төмен болуы, сыбайлас жемқорлық, азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдікке сенбеуі, биліктің жекелеген өкілдерінің кейбір халықтың мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына бейімділігі, олардың әділеттілікті қамтамасыз ете алмауы, адамдардың заңды мүдделерін қорғай алмауы.

Этносаралық қақтығыстарға қатысушылардың конфронтациялық ұмтылыстарын бейтараптандыру бойынша іс-қимыл жасау қағидаттары:

1) жанжалды заңдастыру – бар билік құрылымдары мен қақтығысушы тараптардың талқылауды және шешуді қажет ететін

проблеманың (қақтығыс нысанасының) бар екенін ресми мойындауы;

2) қақтығысты институттандыру – екі тарап танитын өркениетті қақтығысты мінезқұлық қағидаларын, нормаларын, регламентін әзірлеу;

3) зорлық-зомбылықты мүмкіндігінше тез тоқтату мақсатында қақтығысты заң кеңістігіне ауыстырудың орындылығы;

4) келіссөздер процесін ұйымдастыру кезінде делдалдар институтын енгізу – егер қақтығыс субъектілері арасында сол немесе өзге себептермен диалог мүмкін болмаған жағдайда қажет;

5) қақтығысты реттеуді ақпараттық қамтамасыз ету, яғни келіссөздердің ашықтығы, «айқындығы», барлық мүдделі азамат үшін қақтығыстың даму барысы туралы ақпараттың қолжетімділігі мен объективтілігі.

Этномедиация – бұл жекелеген адамдар немесе адамдар тобы қатысушысы бола алатын ұлтаралық қарсылықтардан туындаған қақтығыстарды шешу тәсілі. Бүгінгі таңда этномедиация – бұл сәнге айналған дүние емес, уақыттың қатаң талабы. Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілі тұрады. Этномәдениеттердің осындай орасан зор санының барлық мүддесін толық көлемде ескеру мүмкін емес. Бірақ мүдделердің тепе-теңдігін сақтау әбден мүмкін. Мұндағы этномедиация – нақты жұмыс істейтін тетік.

Егер:

1) білім беру және өз бетімен білім алу деңгейі үнемі жоғарылайтын болса;

2) әртүрлі ұлттың адамдарымен қарым-қатынас жасау тәжірибесі жинақталатын болса (сонымен қатар бұған Қазақстан халқы Ассамблеясы шеңберіндегі белсенді жұмыс ойдағыдай ықпал етеді), этносаралық қатынастарда медитацияны жетілдіріп жүргізуге болады.

Этномедиация саласындағы білім әрқашан пайдалы екені түсінікті, бірақ кәсіби және этномәдени білімдерден басқа медиатордың белгілі бір қасиеттері болуы керек. Ол қандай қасиеттер?

Ол:

а) психология, дін, тарих, мәдениет, философиядағы білім;

б) медиатордың ақыл-ой жүйесі мен жеке қасиеттері: тыңдай, келіссөздер жүргізе білуі, әңгімелесушілермен байланыс орната және даулы кездерді анықтай білуі;

в) шыдамдылық, табандылық және қажырлық.

Сонымен бірге этномедиатор бейтарап және әділ болып қалуы керек.

Медиативті процесте тараптар теңеледі, олардың құндылықтары да тең болады. Бұған қоса түрлі ұлттардың көпшілігінде өмір, достық, отбасы, сенім, наным, денсаулық сияқты және т.б. мәңгілік құндылықтар бар. Оларға деген көзқарас әртүрлі болуы мүмкін, бірақ құндылықтар мүлдем өзгеше болса да, тереңірек үніліп, ортақ жанасу нүктелерін табуға болады. Медиатордың құндылықтар қозғалған этносаралық қақтығыстағы міндеті тараптарға өзге этнос өкілінен адамды көруге көмектесу, сондай-ақ нақты ағымдағы жағдайды реттеп қана қоймай, барлық қатысушы арасындағы одан арғы қатынастарды сақтау проблемасын реттеу.

Қазақстанда 125 ұлт пен ұлыстың өкілдері тұрады. Этномәдениеттердің мұндай көптеген санының барлық мүддесін толығымен ескеру мүмкін емес. Бірақ мүдделер тепе-теңдігін сақтау жете орындалатын міндет.

Қазақстанда қоныстанған халық – әзірбайжандар, армяндар, грузиндер, ингуштар, лезгиндер, осетиндер және шешендер Қазақстанның ірі Кавказ этностық топтарының қатарына кіреді. Зерттеу аталған Кавказ халықтарының отбасылық қақтығыстарды шешуде көптеген ұқсас ерекшеліктері барын көрсетті. Атап айтқанда, делдалдық, яғни қақтығысты шешуге үшінші тарапты тарту (Ақсақалдар кеңесі, туыстар, құрметті адамдар және т.б.) зерттелетін Кавказ өңірінің халқы арасында сот талқылауы, ақпарат беру және татуласу үшін өте ұқсас әдіс [10].

Барлық ұлт азаматтарын шоғырландырудың қоғамдық органы – Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық дауларды реттеуде үлкен рөл атқарады.

«Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңның 6-бабының

11-тармақшасына сәйкес Ассамблея қызметінің негізгі бағыттарының бірі этносаралық қатынастар саласындағы келіспеушіліктер мен дауларды реттеу, қақтығысты жағдайларды болдырмау жөнінде ұсынғандар әзірлеу және практикалық шараларды іске асыру және оларды шешуге қатысу болып табылады.

Ассамблеяның және оның жұмыс органдарының сөзсіз медиативтік рөлі туралы айта келе, мынадай маңызды аспектіні атап өткім келеді: Қазақстандағы этностық топтар сауатты құрылған ұлттық саясатқа сәйкес өте жоғары азаматтық-құқықтық және қоғамдық мәртебеге ие. Бұл бірегей ерекшелік толеранттылықтың ғасырлық дәстүрінің арқасында қалыптасты.

Полиэтностық қоғамдағы медиация толеранттылық мәдениетінің пайда болуымен және дамуымен тікелей байланысты. Медиатор толеранттылық тәртібін тараптардың одан әрі өмір сүруінің институционалдық аспектісі ретінде – бейбіт келісімдер мен шарттарда қамтылған дауларды шешу қағидаты ретінде белгілеуге тиіс.

Қазақстан толеранттылығының өзіндік ерекшелігін полиэтностық қоғамда медиация функциясы ретінде қолдануға болады. Оның кейбір ерекшеліктерін атап өтейік:

Біріншіден, бұл – ұлттық сипаттағы қасиет, басқа этностардың өмір салтына, олардың мінез-құлқына, дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, сезімдеріне, пікірлеріне, идеяларына, нанымдарына деген құрметті көрсететін менталитет элементі.

Екіншіден, бұл – қоғамда сіздікінен басқа этникалық бастау барын және ол сіздің құқықтарыңызбен бірдей құқықтарға ие екенін түсіну.

Үшіншіден, бұл – этносаралық қатынастар мәдениеті деңгейінің индикаторы, этносаралық келісім дәрежесінің көрсеткіші, адамдардың жалпы әлеуметтік кемелденуінің, олардың қарым-қатынасқа, ынтымақтастыққа дайындығының көрсеткіші.

Төртіншіден, бұл – этностардың келісімімен, бірлігімен сипатталатын мемлекеттік ұлттық саясат қағидаты.

Бесіншіден, бұл – этносаралық қайшылықтарды реттеу, этносаралық шиеленісті жою құралы, этносаралық қатынастарды нығайтудың маңызды элементі.

Алтыншыдан, қорытынды ретінде, толеранттылық демократиялық этноұлттық саясаттың көрсеткіші болып табылады, оның мақсаты – теңдік, этностарды өзара құрметтеу және ынтымақтастық, келісім және ұлттық бірлік.

Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА), біздің ойымызша, этносаралық қатынастар саласындағы бірегей медиатор болып табылады, қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің ерекше институты бар.

Қазақстандағы медиацияны дамытуға, Қазақстан халқы Ассамблеясының және оның қоғамдық құрылымдарының қызметіне қоғамдық қатысуға байланысты түрлі мәселелерді қарастыра келе:

– превентивті саясатты дамытуға, этносаралық өзара байытуға, қоғамдық ұйымдардың, ең алдымен, ҚХА-ның қызметінде қоғамдық келісімді, толеранттылық пен

ұлттық бірлікті нығайтуға байланысты жаңа нысандарды іздеуге ықпал ететін медиацияны пайдаланудың техникасы мен тетіктерін оқытуды дамыту;

– медиацияны дамыту процестерінің халықаралық тәжірибесін, медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды нормативтік-құқықтық реттеуді және медиатор мәртебесін зерделеу;

– ҚХА-ның бірегей институты бүгінде медиаторлықтың негізгі қағидаттары мен функцияларына шын мәнінде ие қоғамдық және этносаралық қатынастар саласындағы бас модератор болып табылады деген пікірді объективті және негізделген деп санау орынды деп пайымдаймыз.

Қорытынды

Қорытындылай келе, медиация барлық дау мен қақтығыстарды шешудің әмбебап әдісі бола алмайды деп айтуға болады. Бұдан басқа бүгінгі күні Қазақстан Республикасының медиация туралы заңнамасы жаппай (топтық) қақтығыстарды шешу кезінде, тіпті этностық құрамдас бөлігінсіз де медиацияны пайдалануға толық дайын емес. Заңнамада этноқақтығыс термині жоқ, алайда оны енгізу медиацияны қолдану аясын тарылтуы немесе керісінше, өзінің табиғаты бойынша этностық емес даулар мен қақтығыстарды қамтып, оны негізсіз кеңейтуі мүмкін. Медиаторлардың көпшілігінің біліктілігі бүгінгі күнге дейін этностық құрамдас бөлігі бар қақтығыстарды шешу үшін жеткілікті түрде жоғары емес, өйткені оқыту бағдарламасы мұндай қақтығыстарды шешу үшін қажетті дағдыларды қамтымайды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының медиация туралы заңнамасына және медиаторларды оқыту қағидаларына өзгерістер енгізу мақсатында осы тақырыпты терең зерделеу қажет.

Бірақ бұл ретте этномедиация – медиацияның қажетті саласы деп айтуға болады, өйткені қазіргі мемлекетіміз белсенді дамып келеді, ал бұл сала, өз кезегінде, этносаралық даулар мен жанжалдарды реттеудің заманауи тәсілі ретінде азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға көмектеседі. Сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы азаматтық қоғамның саяси емес институттары үшін басты диалог алаңы бола отырып, этносаралық қатынастар, еліміздегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету саласындағы бірегей медиатор болып қала беретініне күмәніміз жоқ.

ӘДЕБИЕТ

1. Марианна Дячук: АНК - уникальный медиатор в сфере межэтнических отношений, ASSEMBLY.KZ ресми сайтында 05.03.2020 ж. орналастырылған, қол жеткізу режимі: <https://assembly.kz/ru/news/marianna-dyachuk-ank-unikalnyy-mediator-v-sfere-mezhetnicheskikh-otnosheniy/> (қаралған күні: 05.04.2024 ж.).

2. Дячук М.И. Особенности межэтнической медиации. В сборнике: Третьи международные теоретико-правовые чтения имени профессора Н.А. Пьянова. Материалы конференций. Отв. ред. и сост. М.Ю. Спириин, науч. ред. С.А. Комаров, И.А. Кузьмин. Иркутск, 2022. – 427 с. (қаралған күні: 04.04.2024 ж.).

3. Дячук М.И. Самобытность казахстанской толерантности как функция медиации в полиэтничном обществе. В сборнике: Медиация как культура согласия: диалог в изменяющихся условиях. 2019 – 236 с. (қаралған күні: 05.04.2024 ж.).

4. М.И. Дячук, А.С. Қожабекова Ұлтаралық және дінаралық жанжалдарды реттеудегі медиация. Вестник Института законодательства и правовой информации РК, №2 (56) – 2019 - 260 б. (қаралған күні: 05.04.2024 ж.).

5. Народы и религии мира: энциклопедия // Под ред. В.А. Тишкова; [Редкол.: О.Ю. Артёмова, С.А. Арутюнов, А.Н. Кожановский, В.М. Макаревич (зам. гл. ред.), В.А. Попов, П. И. Пучков (зам. гл. ред.), Г. Ю. Ситнянский]. - М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. – 928 с.

6. Ильясов Ф.Н. Причины и типология этнических конфликтов // ж-л «Социальные исследования», 2017. №2. С. 20-33; қол жеткізу режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/prichiny-i-tipologiya-etnicheskikh-konfliktov/viewer> (қаралған күні: 04.04.2024 ж.).

7. Гуриева С.Д. Современные способы урегулирования межэтнических конфликтов // Вестник Санкт-Петербургского Университета, Сер. 12. 2009. Вып. 1. Ч. II., с. 19; қол жеткізу режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennyye-sposoby-uregulirovaniya-mezhetnicheskikh-konfliktov/viewer> (қаралған күні: 01.04.2024 ж.).

8. Рогочая Г.П. Кросс-культурный диалог и медиация кросс-культурных конфликтов, Ассамблея народов России, Сборник методических материалов, выпуск 11, Москва. 2016 год, С.444; қол жеткізу режимі: https://www.lihachev.ru/pic/site/files/lihcht/2018/dokladi/RogochajaGP_sec3_rus_izd.pdf (қаралған күні: 01.04.2024 ж.).

9. Здравомыслов А.Г. Фундаментальные проблемы социологии конфликта и динамика массового сознания // Социологические исследования. 1993. № 8. - С. 12-21.

10. Исакова, Ж., Дронзина Т. Традиционные механизмы разрешения семейных конфликтов у этнических групп Кавказа и Азии, проживающих в Казахстане и их влияние на государственную семейную политику // Государственное управление и государственная служба, №4 (71), 2019 - 72-84. қол жеткізу режимі: <https://journal.apa.kz/index.php/path/issue/view/12> (қаралған күні: 04.04.2024 ж.).

REFERENCES

1. Marianna Dyachuk: ANK – unikal'nyy posrednik v sfere mezhnatsional'nykh otnosheniy, na ofitsial'nom sayte ASSEMBLY.KZ ot 05.03.2020. opublikovano, rezhim dostupa: <https://assembly.kz/ru/news/marianna-dyachuk-ank-unikalnyy-mediator-v-sfere-mezhetnicheskikh-otnosheniy/> (prosmotr: 05.04.2024).

2. Dyachuk M.I. Osobennosti mezhetnicheskoy mediatsii. V sbornike: Tret'i mezhdunarodnyye teoretiko-pravovyye chteniya imeni professora N.A. P'yanova. Materialy konferentsiy. Отв. ред. i sost. М.Ю. Spirin, nauch. ред. S.A. Komarov, I.A. Kuz'min. Irkutsk, 2022. – 427 s. (prosmotr: 04.04.2024).

3. Dyachuk M.I. Samobytnost' kazakhstanskoy tolerantnosti kak funktsiya mediatsii v polietnichnom obshchestve. V sbornike: Mediatsiya kak kul'tura soglasiya: dialog v izmenyayushchikhsya usloviyakh. 2019 - 236 s. (prosmotr: 05.04.2024).

4. M.I. Dyachuk, A.S. Kozhabekova Ұлтаралық, zhәне дінаралық, zhanzhaldardy retteudegi mediatsiya. Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoy informatsii RK, №2 (56) – 2019 – 260 s. (prosmotr: 05.04.2024).

5. Natsiya i religiya mira: entsiklopediya // Pod red. V.A. Tishkov; [Redkol.: O. YU. Artemova, S. A. Arutyunov, A. N. Kozhanovskiy, V. M. Makarevich (zamestitel' glavnogo redaktora),

V. A. Popov, P. YA. Puchkov (pomoshchnik glavnogo redaktora), G. YU. Sitnyanskiy]: M.: Bol'shaya Rossiyskaya entsiklopediya, 1998 - 928 s.

6. Il'yasov F.N. Prichiny i tipologiya etnicheskikh konfliktov // «Obshchestvoznaniye», 2017. №2. S. 20-33; Rezhim dostupa: <https://cyberleninka.ru/article/n/prichiny-i-tipologiya-etnicheskikh-konfliktov/viewer> (prosmotr: 04.04.2024).

7. Gur'yeva S.D. «Sovremennyye metody razresheniya mezhnatsional'nykh konfliktov» // Vestnik SPbGU, Ser. 12. 2009. Vyp. 1. CH. II., s. 19; Rezhim dostupa: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennyye-sposoby-uregulirovaniya-mezhetnicheskikh-konfliktov/viewer> (prosmotr: 01.04.2024).

8. Rogochaya G.P. «Mezhkul'turnyy dialog i posrednichestvo v mezhkul'turnykh konfliktakh», Assambleya narodov Rossii, Sbornik metodicheskikh materialov, vypusk 11, Moskva. 2016, S. 444; Rezhim dostupa: https://www.lihachev.ru/pic/site/files/lihcht/2018/dokladi/RogochajaGP_sec3_rus_izd.pdf (data prosmotra: 01.04.2024).

9. Zdravomyslov A.G. Fundamental'nyye problemy sotsiologicheskogo konflikta i dinamiki massovogo soznaniya // Sotsiologicheskiye issledovaniya. 1993. № 8. - S. 12-21.

10. Iskakova YU., Dronzina T. «Traditsionnyye mekhanizmy razresheniya semeynykh konfliktov sredi narodov Kavkaza i Azii, prozhivayushchikh v Kazakhstane, i ikh vliyaniye na gosudarstvennuyu semeynuyu politiku» // Gosudarstvennoye upravleniye i gosudarstvennaya sluzhba, №4 (71), 2019 – 72-84. Rezhim dostupa: <https://journal.apa.kz/index.php/path/issue/view/12> (prosmotr: 04.04.2024).



ЭВОЛЮЦИЯ СИСТЕМЫ ПОЛНОМОЧИЙ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Тебаев Дидар Болатович

Ведущий научный сотрудник отдела конституционного, административного законодательства и государственного управления Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, кандидат юридических наук, г. Астана, Республика Казахстан, e-mail: tebdidar@gmail.com

Аннотация. Автор отмечает, что большинство казахстанских авторов в определении полномочий главы государства так или иначе придерживаются функционального подхода. Сам термин «функция» в конституциях некоторых государств встречается. Однако, как в первой Конституции независимого Казахстана от 28 января 1993 года, так и в действующей Конституции данный термин не был использован. Тем не менее некоторые положения Конституции Республики можно интерпретировать как описания функций высшего должностного лица государства.

В статье автор рассматривает группы полномочий, указанных в Конституционном законе Республики Казахстан «О Президенте Республики Казахстан». Автором исследуется развитие полномочий главы государства с учетом всех конституционных реформ с момента принятия действующей Конституции Республики Казахстан (изменение и дополнения в 1999, 2007, 2011, 2017, 2022 и 2023 годах). Предметом исследования являются правовые акты Республики Казахстан, которые регулируют полномочия Президента Республики Казахстан, сформулированные в них правовые нормы и практика их реализации, программные документы. Целями работы являются выявление проблем развития системы полномочий Президента и выработка предложений по их решению.

В статье проанализирована каждая группа полномочий главы государства, включая конституционно-правовое положение Президента в системе органов государственной власти, проанализированы процессы развития взаимоотношений между государственными органами, выявлены положения, которые носят недостаточно ясный характер. Автор детально обращает внимание на чрезмерную детализацию полномочий главы государства по каждой группе полномочий, в том числе несоответствие некоторых полномочий по Конституции, Конституционному закону и другим правовым актам. В заключение дана оценка некоторым положениям правовых актов Казахстана, даны рекомендации по расширению полномочий.

Ключевые слова: Конституция, Конституционный закон, Президент, глава государства, полномочия.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ӨКІЛЕТТІК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Дидар Болатович Тебаев

Қазақстан Республикасы Заңнама құқықтық және ақпарат институтының конституциялық, әкімшілік заңнама және мемлекеттік басқару бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты, Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: tebdidar@gmail.com

Аннотация. Автор қазақстандық авторлардың көпшілігі мемлекет басшысының өкілеттіктерін анықтауда қандай да бір жолмен функционалдық көзқарасты ұстанатынын атап өтті. «Функция» терминінің өзі кейбір мемлекеттердің конституцияларында кездеседі. Алайда, тәуелсіз Қазақстанның 1993 жылғы 28 қаңтардағы бірінші Конститу-

циясында да, қолданыстағы Конституцияда да бұл термин қолданылмаған. Дегенмен, Республика Конституциясының кейбір ережелерін мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғасының функцияларын сипаттау ретінде түсіндіруге болады.

Мақалада автор «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көрсетілген өкілеттіктер топтарын қарастырады. Автор Мемлекет басшысының өкілеттіктерін барлық конституциялық реформаларды ескере отырып дамытуды зерттейді (1999, 2007, 2011, 2017, 2022 және 2023 жылдардағы өзгерістер мен толықтырулар). Зерттеу пәні Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктерін реттейтін Қазақстан Республикасының құқықтық актілері, оларда тұжырымдалған құқықтық нормалар мен оларды іске асыру практикасы, бағдарламалық құжаттар болып табылады. Жұмыстың мақсаты Президенттің өкілеттік жүйесін дамыту проблемаларын анықтау және оларды шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Мақалада Мемлекет басшысының өкілеттіктерінің әрбір тобы, оның ішінде Президенттің мемлекеттік органдар жүйесіндегі конституциялық-құқықтық жағдайы талданады, мемлекеттік органдар арасындағы қарым-қатынастардың даму процесстері талданады, жеткілікті айқын емес ережелер анықталды. Автор Мемлекет басшысының өкілеттіктердің әрбір тобы бойынша өкілеттіктерін, оның ішінде Конституция, конституциялық заң және басқа да құқықтық актілер бойынша кейбір өкілеттіктердің сәйкессіздігін егжей-тегжейлі нақтылауға назар аударады. Қорытындылай келе, Қазақстанның құқықтық актілерінің кейбір ережелеріне баға берілді, өкілеттіктерді кеңейту бойынша ұсыныстар берілді.

Түйінді сөздер: Конституция, Конституциялық заң, Президент, мемлекет басшысы, өкілеттіктер.

EVOLUTION OF THE SYSTEM OF POWERS OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Tebayev Didar Bolatovich

Leading researcher of Department of constitutional, administrative legislation and public administration, Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philosophy in Law, Republic of Kazakhstan, Astana, e-mail: tebdidar@gmail.com

Abstract. *The author notes that most Kazakh authors in determining the powers of the head of state one way or another adhere to a functional approach. The term «function» itself is found in the constitutions of some States. However, both in the first Constitution of independent Kazakhstan dated January 28, 1993, and in the current Constitution, this term was not used. Nevertheless, some provisions of the Constitution of the Republic can be interpreted as descriptions of the functions of the highest official of the State.*

In the article, the author examines the groups of powers specified in the Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan "On the President of the Republic of Kazakhstan". The author examines the development of the powers of the head of state, taking into account all constitutional reforms since the adoption of the current Constitution of the Republic of Kazakhstan (amendments and additions in 1999, 2007, 2011, 2017, 2022 and 2023). The subject of the study is the legal acts of the Republic of Kazakhstan, which regulate the powers of the President of the Republic of Kazakhstan, the legal norms formulated in them and the practice of their implementation, program documents. The objectives of the work are to identify problems in the development of the system of powers of the President and to develop proposals for their solution.

The article analyzes each group of powers of the head of state, including the constitutional and legal position of the President in the system of public authorities, analyzes the processes of development of relations between state bodies, identifies provisions that are insufficiently clear. The author draws attention in detail to the excessive detail of the powers of the head of state for each

group of powers, including the inconsistency of some powers under the Constitution, Constitutional Law and other legal acts. In conclusion, an assessment is given of some provisions of the legal acts of Kazakhstan, recommendations are given on the expansion of powers.

Keywords: Constitution, Constitutional law, President, head of state, powers.

DOI: 10.52026/2788-5291_2024_77_2_278

Введение

В первой Конституции Президент был назван главой государства и главой исполнительной ветви власти. Также он объявлялся «гарантом соблюдения прав и свобод граждан, Конституции и законов республики». Согласно статье 40 Конституции Республики 1995 года Президент Республики Казахстан является главой государства, его высшим должностным лицом, определяющим основные направления внутренней и внешней политики государства и представляющим Казахстан внутри страны и в международных отношениях, символом и гарантом единства народа и государственной власти, незыблемости Конституции, прав и свобод человека и гражданина, обеспечивает согласованное функционирование всех ветвей государственной власти и ответственность органов власти перед народом. Указанными положениями, по мнению В.А. Малиновского, регламентированы три конституционные функции Президента Республики. Он также считает, что президентские конституционные функции «преобладают в процессе формирования» [1, с. 222], хотя, как показывает практика и итоги конституционных реформ [1, 2], указанные положения статьи 40 Конституции остаются неизменными с момента её принятия.

Материалы и методы

Материалами для данной работы стали результаты исследования ученых по вопросам деятельности органов, непосредственно подчиненных и подотчетных главе государства, нормы конституций и законов Республики Казахстан и зарубежных стран, регулирующие эти вопросы. В ходе исследования использован комплекс общенаучных методов и специальные методы юридической науки (формально-догматический, сравнительно-правовой методы, метод толкования).

Обсуждение

Полномочия Главы государства перечислены в статье в статье 44 Конституции Республики и в статьях 7-19 Конституционного закона «О Президенте Республики Казахстан» от 26 декабря 1995 года.

В отличие от Конституции, где раздел о Президенте расположен на первом месте среди государственных органов и основные полномочия главы государства изложены в 21 пункте, в которые неоднократно вносились изменения и дополнения, в Конституционном законе о Президенте Казахстана от 26 декабря 1995 года полномочия главы Республики не просто перечислены, а структурированы по сферам их осуществления.

Первая – внешнеполитические полномочия Президента, которые не только воспроизводят, но и дополняют его конституционные полномочия. Законодательное расширение конституционных полномочий имеет формальный характер. Оно произошло за счет конкретизации и детализации внешнеполитических полномочий Президента и не привело к увеличению объема полномочий, указанных в Конституции Республики Казахстан. В указанную группу полномочий изменения вносились единожды в 1999 году: в результате было исключено не упомянутое в Конституции полномочие вносить международные договоры на ратификацию (данное полномочие в настоящее время осуществляется Правительством Республики)¹.

Вторая – полномочия «в области обеспечения обороноспособности и безопасности государства». Конституционные и законодательные перечни полномочий в этой области также не совпадают. По всей видимости, это объясняется теми же причинами, что и расхождение между перечнями внешнеполитических полномочий Президента. Более того, помимо Конституции и конституционного закона о Президенте Республики полномо-

¹ См.: Конституционный закон Республики Казахстан от 6 мая 1999 года № 378-1 «О внесении изменений и дополнений в Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу конституционного закона, "О Президенте Республики Казахстан"» // ИПС «Әділет»: сайт. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000378_ (дата обращения: 12.01.2023).

чия второй группы детализированы в иных нормативных правовых актах Республики². Эта группа полномочий изменялась дважды в 1999 г. и 2017 г. (в связи с реорганизацией государственных органов)³.

Третья – полномочия в отношении Парламента Республики. Указанная группа включает полномочия, которые затрагивают процессы формирования состава высшего законодательного органа, его деятельности, прекращения деятельности Парламента и его палат и законотворческий процесс. Помимо этого, в указанную группу входит полномочие Президента освобождать от должности члена Правительства в случае неисполнения им закона по обращению группы депутатов Парламента. По данному полномочию в Конституции отсутствует информация об альтернативности действий Президента, указано о действии как следствии волеизъявления депутатов Парламента. В первоначальной редакции пункта 6 статьи 57 Конституции говорилось лишь о возможности обратиться к Президенту без указания последствий такого обращения. Согласно изменениям и дополнениям Конституции, внесенным 7 октября 1998 года, данное положение было дополнено: в случае отклонения первого обращения депутатов Парламента об освобождении члена Правительства они получили право повторно обратиться к Президенту (в этом случае он должен был освободить его от должности⁴). В 2007 году в указанное положение были внесены изменения, касавшиеся числа депутатов, обращающихся к Президенту⁵. Действующая редакция данного положения, установившая безальтернативность отреше-

ния Президентом члена Правительства от должности, была закреплена в 2017 году⁶. Помимо этого, актуальным является полномочие, закрепленное в подпункте 10 статьи 9 Конституционного закона Республики. Согласно первоначальной редакции Конституционного закона Республики Президент при определенных условиях наделялось законодательными полномочиями⁷. Кроме того, Президент активно пользовался правом срочного рассмотрения законопроектов [4]. В 2017 году указанный подпункт статьи был изменен: теперь глава государства может лишь определить приоритетность рассмотрения законопроектов (приоритетные законопроекты «должны быть приняты» не позднее двух месяцев). По мнению некоторых авторов, указанное полномочие (оно закреплено как в Конституции, так и в Конституционном законе) следовало изложить иным образом, так как оно имеет неясный характер и может толковаться по-разному: не только как рассмотрение законопроекта в первоочередном порядке, но и как «предписание» принять проект закона, внесенный главой государства [5]. Кроме того, существует мнение, что указанный пункт снижает положительное влияние этого важного изменения [6] (т.е. исключение положения, по которому Президент мог быть наделен законодательными полномочиями, не привело к значительному изменению его роли в законодательном процессе).

Помимо этого, отношения между Президентом и Парламентом с 1999 года складывались в пользу Президента, любые инициативы главы государства принимались законодательным органом Республики.

² См.: Закон Республики Казахстан от 7 января 2005 года № 29 «Об обороне и Вооруженных Силах Республики Казахстан // ИПС «Әділет»: сайт. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000029_ (дата обращения: 12.01.2023); Указ Президента Республики Казахстан от 29 сентября 2017 года № 554 «Об утверждении Военной доктрины Республики Казахстан» // ИПС «Әділет»: сайт. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1700000554> (дата обращения: 12.01.2023).

³ См.: Конституционный закон Республики Казахстан от 6 мая 1999 года № 378-1 «О внесении изменений и дополнений в Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу конституционного закона, "О Президенте Республики Казахстан"» // ИПС «Әділет»: сайт. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000378_ (дата обращения: 12.01.2023); Конституционный закон Республики Казахстан от 15 июня 2017 года № 75-VI ЗРК «О внесении изменений и дополнений в некоторые конституционные законы Республики Казахстан» // ИПС «Әділет»: сайт. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1700000075> (дата обращения: 12.01.2023).

Томирис Сәкенқызы Қадыржанова

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану бөлімінің ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы, Астана қ.; e-mail: qadyrzhanova@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада автор Жапонияда, Оңтүстік Кореяда және АҚШ-та еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы өзекті тенденцияларға, соның ішінде сәйкестік стратегиясын әзірлеу, қызметкерлерді оқыту, тиісті жабдықтармен қамтамасыз ету, жұмыс міндеттерін қауіпсіз орындау, жазатайым оқиғалар туралы есеп беру және жарақат пен аурушаңдықты азайтуға талдау жасайды. Осылайша автор жоғарыда аталған елдердің кәсіпорындары назар аударатын бірнеше негізгі аспектілерді бөліп көрсетеді.

Зерттеу барысында автор еңбекті қорғау саласындағы белсенді саясат қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар кәсіпорындардың қиын кезеңдер мен жағдайларда да оңтайлы жұмыс істеуіне мүмкіндік береді деген қорытындыға келді. Сондай-ақ автор жұмыс орнындағы қауіптерді жарақатқа немесе ауруға әкелмес бұрын анықтауға және жоюға бағытталған саясат – көптеген юрисдикцияларда қажеттілігін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы сенімділікті, қауіпсіздікті арттыру, коммуникацияны жақсарту арқылы құндылықты қамтамасыз ететінін, операциялық қызметтің жалпы жақсаруына әкелетінін

атап көрсетеді. Автор жұмыс орнындағы денсаулық пен қауіпсіздік саясатын сәтті жүзеге асыру бүкіл әлемдегі жұмыс берушілер, жұмысшылар, басқа мүдделі тараптар мен үкіметтер үшін әрдайым басымдықта болуы керек деп санайды.

Түйінді сөздер: еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, сақтандыру бағдарламасы, OSHA, денсаулықты қорғау және сақтау, жұмыс берушілер, жұмысшылар.

ANALYSIS OF FOREIGN TRENDS IN THE FIELD OF OCCUPATIONAL SAFETY AND HEALTH

Kadyrzhanova Tomiris Sakenkyzy

Researcher of the Department of International Law and Comparative Legal Studies of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: qadyrzhanova@gmail.com

Abstract. *In this article, the author analyzes current trends in occupational safety and health in Japan, South Korea and the United States, including the development of a compliance strategy, staff training, provision of appropriate equipment, ensuring safe performance of work duties, accident reporting and reduction of injuries and morbidity. Thus, the author identifies several key aspects on which the enterprises of the above-mentioned countries focus.*

In the course of the study, the author came to the conclusion that an active labor protection policy not only ensures the safety of employees, but also allows enterprises to function optimally even in difficult times and conditions. The author also emphasizes that policies aimed at identifying and eliminating workplace hazards before they lead to injury or illness are not only necessary in many jurisdictions, but also provide value by increasing trust between employers and employees, improving safety and communication, leading to an overall improvement in operational performance. The author argues that the successful implementation of workplace health and safety policies should continue to be a top priority for employers, employees, other stakeholders and governments around the world.

Keywords: *labor protection, safety measures, insurance program, OSHA, health protection, employers, employees.*

DOI: 10.52026/2788-5291_2024_77_2_320

Введение

За более чем 100 лет общественное восприятие вопросов безопасности на рабочем месте и соответствующих ролей и обязанностей работодателей, работников и правительства существенно изменилось. Изменения в правилах безопасности часто сопровождаются серьезными трагедиями на рабочем месте. Целью данной статьи является изучение уникального характера систем безопасности труда в зарубежных развитых странах, так как независимо от местоположения, одним из самых важных активов работодателей являются их сотрудники.

В статье подчеркивается, что, опираясь на зарубежный опыт, можно создать систему управления охраной труда, охватывающую все рабочие места, независимо от собственности и вида деятельности предприятия, путем создания конкретного прозрачного гибкого механизма оценки профессиональных рисков.

Для достижения указанной цели исследована оценка профессиональных рисков в области безопасности труда в Японии, Корее и США, также изучены экономические инструменты, применяемые по снижению профессионального риска в виде страхового механизма, корректирующие меры по снижению риска, исследована система контроля профессиональных рисков, а также меры, направленные на снижение производственного травматизма и профессиональных заболеваний.

Сто десять лет назад на фабрике Triangle Shirtwaist в Гринвич-Виллидж, штат Нью-Йорк, руководство держало двери на лестничные клетки и выходы с фабрики закрытыми в течение рабочего дня, чтобы предотвратить несанкционированные перерывы между работой и снизить риск кражи рабочей силы. 25 марта 1911 года это решение трагически унесло жизни 146 сотрудников, которые погибли, не сумев спа-

стись от пожара, охватившего предприятие. Ужасы того дня широко считаются поворотным моментом в общественном восприятии безопасности работников в Соединенных Штатах, что непосредственно привело к реформированию Трудового кодекса в штате Нью-Йорк. Во всем мире катастрофы на рабочих местах со смертельным исходом, подобные той, что произошла на фабрике Triangle Shirtwaist, находят отклик в общественном сознании еще долгое время после того, как они происходят, вызывая общее чувство утраты и общие вопросы о том, можно ли было принять какие-либо меры для предотвращения гибели людей [1].

4 октября 1918 года на заводе по производству снарядов TA Gillespie в Сайревилле, штат Нью-Джерси, произошел взрыв, вызвавший серию взрывов по всему центральному штату Нью-Джерси, в результате чего погибло около 100 человек, несколько сотен получили ранения и сотни зданий были разрушены. Ударные волны ощущались даже в Ньюарке и Нью-Йорке [2]. 23 марта 2005 года, на нефтеперерабатывающем заводе BP в Техас Сити произошла серия взрывов во время повторного запуска установки изомеризации углеводородов. Пятнадцать рабочих погибли, еще 180 получили ранения [3].

В двадцатом веке многие промышленно развитые страны инициировали и внедрили национальные режимы охраны труда, включая процессы разработки стандартов и политических рекомендаций по устранению опасностей на рабочем месте и улучшению охраны здоровья и техники безопасности на рабочем месте. В 1950 году Всемирная организация здравоохранения и Международная организация труда приняли общее определение гигиены труда: поддержание и укрепление здоровья и работоспособности работников; улучшение рабочей среды, чтобы она стала благоприятной для здоровья и безопасности; развитие трудовых организаций и культуры для поддержания здоровья и безопасности; позитивный социальный климат; и бесперебойная работа.

Далее будет проведен обзор законодательств Японии, Кореи и США в части обеспечения безопасности труда. Следовательно, перечисляя особенности законодательства каждой страны, приводятся последние изменения в сфере охраны труда.

Материалы и методы

Материалами исследования послужили труды экспертов и ученых по изучаемой те-

матике, включая зарубежное законодательство в области безопасности и охраны труда, нормы международного права. В качестве методов исследования используются эмпирический метод познания, сравнительный, эвристический и другие методы научного исследования.

Результаты и обсуждение

Во всем мире охрана труда признана государственным приоритетом и регулируется на национальном уровне с помощью системы нормативных правовых актов. В каждой стране существуют специализированные государственные институты, которые проводят научные исследования в области охраны труда, разрабатывают политику в этой сфере, а также следят за ее реализацией. Данные институты также занимаются мониторингом оценки профессиональных рисков, подготовкой статистических обзоров и другими подобными задачами. Например, в Японии Закон о промышленной безопасности регулирует вопросы охраны труда, а некоторые правила для конкретных секторов определены в других законах, как Закон о безопасности на шахтах, но большинство отраслевых правил указаны в постановлениях правительства. Один факт следует особо подчеркнуть, что Закон не распространяется на предприятия, в которых работают только совместно проживающие родственники, или на моряков, подпадающих под действие Закона о морях. В Японии, как и в нашей стране, нормативные акты, касающиеся охраны труда, издаются на основе законодательных поправок к Закону и поправок к соответствующим постановлениям Министра здравоохранения, труда и социального обеспечения [4].

Согласно их закону несчастный случай на производстве определяется как случай, при котором работник получает травму, заболевает или погибает по причинам, связанным со зданиями, сооружениями, сырьем, газом, парами и пылью и т.д. Несчастливым случаем на производстве признается только при наличии причинно-следственной связи между работой и травмой, болезнью, нетрудоспособностью или смертью работника.

Наличие причинно-следственной связи определяет директор инспекции трудовых норм на основе двух критериев: произошел ли несчастный случай во время выполнения работы или под контролем работодателя; и причинно-следственная связь между работой и несчастным случаем [4].

Кроме этого, интересно отметить, что по закону работники не имеют права отказываться от работы в опасных ситуациях или добиваться перевода с опасной работы, приказы о приеме на работу или инструкции по работе в опасных ситуациях могут рассматриваться как злоупотребление правами и, следовательно, незаконны и недействительны, если в этом нет деловой необходимости.

Судебный прецедент постановил, что увольнение экипажей, отказавшихся выполнить приказ о плавании в морской район с военной напряженностью, было недействительным, поскольку существовала неизбежная военная опасность, даже если были приняты все возможные меры безопасности, и такая опасность не была того типа, которого обычно ожидали экипажи в связи с их работой на море¹. Закон о промышленной безопасности и гигиене труда содержит подробные правила, касающиеся опасных веществ. Перечень запрещенных веществ настолько широк, что работодателям следует в каждом конкретном случае проверять, подпадают ли вещества, которые они будут использовать, под эти категории и какие правила будут применяться [5].

Если на рабочем месте работает более 50 сотрудников, работодатель должен провести стресс-проверку для всех сотрудников. Это делается для того, чтобы сотрудники не заболели психически. Стресс-проверка проводится следующим образом: работодатель раздает сотрудникам анкеты и оценивает уровень их стресса, и для сотрудников, уровень стресса которых кажется высоким, работодатель уточняет у врача, следует ли этим сотрудникам пройти собеседование или консультацию непосредственно у врачей.

Последние изменения в области охраны труда и техники безопасности в Японии: с 1 июля 2022 года больше людей могут участвовать в программе страхования, расширен круг лиц, имеющих право на участие в специальной программе страхования для не работающих по трудовому договору, таких как подрядчики или самозанятые. В список включены зубные техники, лицензированные массажисты и иглотерапевты [5].

В Корее основным законом, регулирую-

ющим сектор охраны труда и техники безопасности, является Закон о безопасности и гигиене труда (OSHA)². В принципе, OSHA применяется ко всем предприятиям и рабочим местам, но в некоторых случаях OSHA может не применяться полностью или частично в зависимости от степени вреда или риска, типа бизнеса и количества сотрудников, работающих полный рабочий день. Кроме того, с 27 января 2022 года вступил в силу Закон о наказании за серьезные несчастные случаи (SAPA)³. Согласно SAPA лицо, осуществляющее надзор за деятельностью предприятия или организации, в которой работают не менее пяти штатных сотрудников, обязано обеспечивать безопасность и здоровье работников. Нормативные положения, изложенные в OSHA и SAPA, являются обязательными, а это означает, что эти положения применяются независимо от намерений сторон соблюдать такие положения. OSHA налагает на владельца бизнеса обязанность соблюдать стандарты предотвращения несчастных случаев на производстве, установленные OSHA или любым подзаконным актом, создать приятную рабочую среду и улучшить условия труда, предоставлять работникам информацию о безопасности на рабочем месте [6].

Верховный суд Кореи недавно постановил, что, если сотрудник, нанятый владельцем бизнеса, выполняет работу на рабочем месте третьей стороны, обязанность владельца бизнеса предотвращать несчастные случаи не отменяется исключительно на том основании, что такое рабочее место напрямую не управляется и не контролируется владельцем бизнеса⁴. OSHA обязывает владельцев бизнеса обеспечивать необходимые меры защиты и охраны здоровья и техники безопасности для предотвращения несчастных случаев и травм, связанных с опасными машинами и оборудованием. OSHA запрещает использование любого опасного оборудования, которое может угрожать здоровью и безопасности сотрудников, если нет сертификата безопасности. Кроме того, что касается любого опасного оборудования, которое должно проходить проверки на безопасность, то такие инспекции должны

¹ см. решение Верховного суда Японии по делу «Чиода-мару» (24 декабря 1968 года) *The Occupational Safety and Health Act*

² *The Occupational Safety and Health Act (OSHA)*: https://elaw.klri.re.kr/kor_service/lawView.do?hseq=60769&lang=ENG (дата обращения: 03.03.2024).

³ *The Serious Accidents Punishment Act (SAPA)*: https://elaw.klri.re.kr/kor_service/lawView.do?hseq=59952&lang=ENG (дата обращения: 03.03.2024).

⁴ *Supreme Court Decision 2016Do14559 of 29 April 2020* // <https://eng.scourt.go.kr/eng/supreme/decisions/NewDecisionsList.work?mode=6> (дата обращения: 03.03.2024).

проводиться через регулярные промежутки времени, а машины, которые не прошли такой проверки, не могут использоваться [6].

Если существует непосредственная опасность несчастных случаев на производстве, как указано в статье 52(1) OSHA, работники могут приостановить свою трудовую деятельность и эвакуировать свои рабочие места, однако при условии, что такие работники, которые прекратили трудовую деятельность и эвакуировались, должны сообщить о таком факте инспектору труда или аналогичному органу в соответствии со статьей 52(2). OSHA. Право напрямую требовать перевода на другую работу прямо не предусмотрено законом.

Наиболее значительные последние изменения в области охраны труда и техники безопасности в Корее: прошло более двух лет с тех пор, как вступил в силу Закон о наказании за серьезные несчастные случаи (SAPA), и корейские суды вынесли свои первые решения по делам, в которых прокуроры выдвигали обвинения в нарушениях. По состоянию на 2024 год в общей сложности по двум делам были вынесены судебные решения после предъявления обвинительного заключения прокуратурой в связи с нарушением SAPA. В одном из этих случаев директор-представитель был приговорен к тюремному заключению. Между тем, учитывая, что на данный момент было вынесено лишь несколько постановлений судов низшей инстанции (первой инстанции), требуется дальнейшее изучение дополнительных постановлений, чтобы иметь возможность понять тенденцию корейских судов в отношении толкования и применения SAPA [7].

В США Законом о безопасности и гигиене труда 1970 года⁵ было учреждено Управление по безопасности и гигиене труда (далее – OSHA), регулирующее и правоприменительное учреждение, которое разрабатывает и обеспечивает соблюдение стандартов охраны труда и техники безопасности на рабочем месте. Однако Закон об охране труда позволяет штатам и территориям представлять «государственный план» в OSHA на утверждение. В случае одобрения ответственность за принятие и обеспечение соблюдения стандартов охраны труда и техники безопасности на рабочем месте в пределах этой юрисдикции переходит к государственному учреждению. Более половины штатов име-

ют утвержденный OSHA государственный план, в то время как остальные штаты находятся в непосредственном ведении OSHA.

OSHA устанавливает требования к средствам индивидуальной защиты на рабочем месте в Своде федеральных нормативных актов⁶. Кроме того, рекомендуемые практики OSHA для программ безопасности и охраны здоровья предполагают сбор информации о любых опасностях; регулярное проведение проверок для выявления опасностей; выявление любых опасностей для здоровья (в отличие от физических опасностей); завершение расследований любых инцидентов; выявление опасностей, связанных с непредвиденными или иными нестандартными/нечастыми ситуациями и характеризующий природу всех выявленных опасностей; определение временных мер контроля, и определение приоритетности опасностей, подлежащих устранению [8].

Изучив законодательства развитых стран, и рассмотрев последние изменения в них, можно твердо утверждать, что продвижение культуры безопасного труда, внедрение программ нулевого травматизма, пропаганда безопасного поведения на рабочем месте – это мировые тенденции в области охраны труда. Социальные гарантии являются фундаментом охраны труда, в том числе посредством мер государственного регулирования компенсаций и льгот при выполнении работ во вредных и опасных условиях труда, защиты отдельных социально защищенных категорий работников, обязательного страхования и компенсации при возникновении профессиональных заболеваний и производственных травм.

Заключение

При анализе мирового опыта в сфере безопасности труда, целесообразно выделить ряд стран, добившихся значительных успехов. Эти страны демонстрируют прогрессивные изменения в области исследований, обновления нормативных актов, а также в организации и администрировании мер по обеспечению безопасных условий труда.

Япония известна своей культурой безопасности, которая основана на постоянном совершенствовании и вовлеченности всех сотрудников. Важно отметить, что в Японии с 1 апреля 2023 года работодатель, чьи сотрудники напрямую заняты на опасных и

⁵ OSH Act of 1970: <https://www.osha.gov/laws-regs/oshact/completeoshact> (дата обращения: 03.03.2024).

⁶ Code of Federal regulations, Title 29, § 1910.132 General requirements: <https://www.ecfr.gov/current/title-29/subtitle-B/chapter-XVII/part-1910/subpart-I/section-1910.132> (дата обращения: 03.03.2024).

вредных работах, обязан будет принимать меры профилактики несчастных случаев не только для своих прямых сотрудников, но и для всех лиц, выполняющих любые обязанности на том же рабочем месте, включая независимых подрядчиков. Кроме того, расширяется круг оборудования, в отношении которого заказчик должен принимать необходимые меры для предотвращения производственного травматизма у работников подрядчика.

В Корее наблюдается активное внедрение новых технологий и систем управления безопасностью труда, что позволяет эффективно снижать уровень травматизма. Следует отметить, что в Корее в соответствии с Законом о наказании за серьезные несчастные случаи (SAPA)⁷, который действует с 27 января 2022 года, ответственные руководители обязаны выполнять обязанность по обеспечению безопасности и гигиены труда, а в случае возникновения серьезных несчастных случаев на производстве в результате нарушения такой обязанности, главные исполнительные директора подлежат: тюремному заключению на срок не более одного года или штрафу в размере не более 1 миллиарда вон в связи со смертью; и тюремному заключению на срок не более семи лет и штрафу в размере не более 100 миллионов вон в связи с травмами и болезнями. Если ответственный руководитель или владелец бизнеса приговорен к наказанию за совершение правонарушения или совершает повторное правонарушение в течение пяти

лет с даты вынесения приговора (за первоначальное правонарушение), они могут быть подвергнуты дополнительному наказанию с отягчающими обстоятельствами в размере до 50 процентов от соответствующего наказания, описанного выше.

В США Управление по безопасности и гигиене труда (OSHA)⁸ в 2023 году выступило с несколькими новыми инициативами, направленными на повышение безопасности на рабочем месте. Во-первых, OSHA активизирует правоприменительную деятельность, увеличивая количество проверок и выписывая штрафы, а также используя свои полномочия по вызову в суд в ходе первоначальных расследований. Например, такие нарушения, как плохая защита органов дыхания и некачественное техническое обслуживание оборудования, ранее рассматривались только в тех случаях, когда нарушения работодателей были «умышленными и вопиющими», что подтверждается существенными доказательствами. Теперь OSHA разрешит ссылаться на менее вопиющие нарушения по отдельности. OSHA также планирует нацелиться на отрасли с высоким уровнем риска, такие как строительство, с целью снижения травматизма и смертности в этих секторах.

Опыт вышеупомянутых стран показывает, что эффективная система обеспечения безопасности на рабочем месте является ключом к улучшению условий труда и благополучия работников.

ЛИТЕРАТУРА

1. *History.com Editors "Triangle Shirtwaist Factory Fire" // A&E Television Networks, updated: October 4, 2023. URL: <https://www.history.com/topics/early-20th-century-us/triangle-shirtwaist-fire> (дата обращения: 22.04.2024).*
2. *Randall Gabrielan "Explosion at Morgan: The World War I Middlesex Munitions Disaster" // HUSHED UP HISTORY 2014–2024. URL: <https://husheduphistory.com/post/152025499908/when-the-world-war-wrecked-new-jersey-the-ta> (дата обращения: 22.04.2024).*
3. *U.S. Chemical Safety And Hazard Investigation Board "Investigation Report, Report No. 2005-04-I-TX, Refinery Explosion and Fire (15 Killed, 180 Injured)" // U.S. Chemical Safety Board, March 2007. URL: <https://www.csb.gov/bp-america-texas-city-refinery-explosion/> (дата обращения: 22.04.2024).*
4. *Mihaela Rotaru, Lucian-Ionel Cioca Summary of the Main Legal Requirements: International Legislative Aspects of Occupational Health and Safety // eBook Occupational Health and Safety. 2023. pp: 11-49 (39), URL: <https://www.eurekaselect.com/chapter/21428> (дата обращения: 04.03.2024).*
5. *Costica Bejinariu, Doru Costin Darabont, Diana-Petronela Burduhos-Nergis INCDPM*

⁷ *The Serious Accidents Punishment Act (SAPA): https://elaw.klri.re.kr/kor_service/lawView.do?hseq=59952&lang=ENG (дата обращения: 03.03.2024).*

⁸ *Occupational Safety and Health Administration (OSHA): <https://www.osha.gov/> (дата обращения: 03.03.2024).*

Method for Assessing the Risks of Occupational Injury and Illness at Work // eBook Occupational Health and Safety. 2023. pp: 127-147 (21), URL: <https://www.eurekaselect.com/chapter/21431> (дата обращения: 04.03.2024).

6. Doru Costin Darabont, Costica Bejinariu *Health and Safety Performance Monitoring and Measuring // eBook Occupational Health and Safety. 2023. pp: 107-126 (20), URL: <https://www.eurekaselect.com/chapter/21434> (дата обращения: 04.03.2024).*

7. Roland Iosif Moraru *General Model of the Occupational Health and Safety Management Process and Risk Assessment Tools: A Brief Outline // eBook Occupational Health and Safety. 2023. pp: 84-106 (23), URL: <https://www.eurekaselect.com/chapter/21430> (дата обращения: 04.03.2024).*

8. Violeta Firescu, *The Impact of Occupational Health and Safety on Company Performance // eBook Occupational Health and Safety. 2023. pp: 148-165 (18), URL: <https://www.eurekaselect.com/chapter/21432> (дата обращения: 04.03.2024).*

REFERENCES

1. History.com Editors “Triangle Shirtwaist Factory Fire” // A&E Television Networks, updated: October 4, 2023// <https://www.history.com/topics/early-20th-century-us/triangle-shirtwaist-fire> (date of access: 22.04.2024).

2. Randall Gabrielan “Explosion at Morgan: The World War I Middlesex Munitions Disaster” // HUSHED UP HISTORY 2014–2024. URL: <https://husheduphistory.com/post/152025499908/when-the-world-war-wrecked-new-jersey-the-ta> (date of access: 22.04.2024).

3. U.S. Chemical Safety And Hazard Investigation Board “Investigation Report, Report No. 2005-04-I-TX, Refinery Explosion and Fire (15 Killed, 180 Injured)” // U.S. Chemical Safety Board, March 2007. URL: <https://www.csb.gov/bp-america-texas-city-refinery-explosion/> (date of access: 22.04.2024).

4. Mihaela Rotaru, Lucian-Ionel Cioca *Summary of the Main Legal Requirements: International Legislative Aspects of Occupational Health and Safety // eBook Occupational Health and Safety. 2023. pp: 11-49 (39), URL: <https://www.eurekaselect.com/chapter/21428> (date of access: 04.03.2024).*

5. Costica Bejinariu, Doru Costin Darabont, Diana-Petronela Burduhos-Nergis *INCDPM Method for Assessing the Risks of Occupational Injury and Illness at Work // eBook Occupational Health and Safety. 2023. pp: 127-147 (21), URL: <https://www.eurekaselect.com/chapter/21431> (date of access: 04.03.2024).*

6. Doru Costin Darabont, Costica Bejinariu *Health and Safety Performance Monitoring and Measuring // eBook Occupational Health and Safety. 2023. pp: 107-126 (20), URL: <https://www.eurekaselect.com/chapter/21434> (date of access: 04.03.2024).*

7. Roland Iosif Moraru *General Model of the Occupational Health and Safety Management Process and Risk Assessment Tools: A Brief Outline // eBook Occupational Health and Safety. 2023. pp: 84-106 (23), URL: <https://www.eurekaselect.com/chapter/21430> (date of access: 04.03.2024).*

8. Violeta Firescu, *The Impact of Occupational Health and Safety on Company Performance // eBook Occupational Health and Safety. 2023. pp: 148-165 (18), URL: <https://www.eurekaselect.com/chapter/21432> (date of access: 04.03.2024).*

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ: COVID-19 ТӘЖІРИБЕСІ НЕГІЗІНДЕ

Зарина Нурбековна Аманжолова

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бас консультанты;
«М.С.Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ университеті» АҚ-ның докторанты;
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com

Аннотация. Қоғамның қалыпты өмір салтына орасан зор ықпалын тигізген COVID-19 коронавирустық пандемиясының негізінде енгізілген төтенше жағдай режимі уақытында адамдар мен азаматтардың халықаралық және ұлттық деңгейде нормативтік құқықтық актілерінің нормаларымен кепілдік берілген және қорғалатын құқықтары мен бостандықтары шектелген болатын. Оның ішінде, адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында еркін жүріп-тұру құқығы қолданылған уақытша шектеу шараларының әсерінен жан-жақты шектелген еді. Өйткені, ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген уақытша шектеу шараларын зерттей келе, адамдардың еркін жүріп-тұру құқығы барлық шаралардың бастауында тұрғандығы анықталды.

Сәйкесінше, осы «еркін жүріп-тұру құқығы» негізінде мақала аясында «адам құқығы» мен «азаматтық құқық» ұғымдарының арақатынасын түсіну қажеттігі туындады, себебі шектелген құқықтар мен бостандықтардың санатына қарай, оларға қолданылатын заңнамалық актілер мен нормаларда бірдей болмауы мүмкін. Бұл категориялар жалпы адамгершілік принциптеріне негізделген, біртұтас құқықтық негізге ие және жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің құрамдас бөліктері. Бұл құқықтар өзара байланысты құбылыстардың күрделі жүйесі болып табылады. Сол себепті адам құқығы мен азаматтық құқық санаттарын мұқият салыстыру, олардың өздеріне тән белгілері мен классификациясын қарастыру арқылы олардың арасындағы байланыстарды ашып көрсету бұл түсініктердің мәнін тереңірек айқындауға мүмкіндік беретіні анық.

Бұл жолда автормен халықаралық және отандық деңгейде нормативтік құқықтық актілердің нормалары салыстырылып, зерттеле келе, азаматтық құқықтардың адам құқықтарына негізделетіндігі айқындалды. Алайда, адам құқықтары мен азаматтық құқықтардың шектелу тәртібіне келгенде заңнамалық актілердің нормаларында шикіліктің бар екендігі айқындалды.

Түйін сөздер: адам құқықтары, азаматтық құқықтар, COVID-19 коронавирустық пандемиясы, төтенше жағдай режимі, еркін жүріп-тұру құқығы, жеке мүлкітік емес құқықтар, азаматтық қатынастар.

СООТНОШЕНИЕ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНСКИХ ПРАВ: НА ПРИМЕРЕ COVID-19

Аманжолова Зарина Нурбековна

Главный консультант Верховного Суда Республики Казахстан; докторант
АО «Университет КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева»; г.Астана,
Республика Казахстан; e-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com

Аннотация. Режим чрезвычайного положения, введенный на основе пандемии коронавируса COVID-19, во время которого были ограничены права и свободы человека и гражданина, гарантированные и охраняемые нормами нормативных правовых актов на международном и национальном уровнях, оказал огромное влияние на нормальный образ жизни общества. На территории Республики Казахстан было установлено временное ограничение на осуществление права на свободное передвижение, что было обусловлено действием временных мер, утвержденных Указом Президента РК. Исследование принятых ограничительных мер показало, что основным из ограничений прав было ограничение на свободное

передвижение, лежащее в основе общественных отношений.

Исход из этого, в рамках статьи возникла необходимость толкования соотношения понятий «права человека» и «гражданские права», поскольку, в зависимости от категории ограниченных прав и свобод закрепление их в нормах законодательных актов может быть неодинаково. Эти категории основаны на общих нравственных принципах, имеют единую правовую основу и являются составными частями правового статуса личности. Эти права представляют собой сложную систему взаимосвязанных явлений. По этой причине очевидно, что тщательное сравнение категорий прав человека и гражданских прав, раскрытие связей между ними путем рассмотрения их характерных черт и классификаций позволяет глубже выявить суть данных понятий в аспекте ограничений.

На этом пути, по мере изучения автором норм нормативных правовых актов на международном и отечественном уровнях, было определено, что гражданские права основаны на правах человека. Тем не менее, что касается порядка ограничения прав человека и гражданских прав, выявлены определенные недостатки в нормах законодательных актов.

Ключевые слова: права человека, гражданские права, пандемия коронавируса COVID-19, режим чрезвычайного положения, право на свободное передвижение, личные неимущественные права, гражданские отношения.

THE INTERPLAY BETWEEN HUMAN RIGHTS AND CIVIL LIBERTIES: INSIGHTS FROM COVID-19 PRACTICES

Amanzholova Zarina Nurbekovna

Chief Consultant of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan;

doctoral student of JSC "M. S. Narikbayev KAZGUU University";

Astana, Republic of Kazakhstan;

e-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com

Abstract. *The state of emergency imposed on the basis of the COVID-19 coronavirus pandemic, which had a significant impact on the normal way of life of society, during which the rights and freedoms of people and citizen, guaranteed and protected by the norms of normative legal acts at the international and national levels, were restricted. Within the territory of the Republic of Kazakhstan, a temporary restriction on the right to free movement was imposed, which was justified by the implementation of temporary measures approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan. Upon studying the temporary measures outlined in the Decree of the President of Kazakhstan, it has been established that the right of individuals to free movement underlies all implemented measures.*

Therefore, based on this right, within the framework of the article there is a need to understand the relationship between the concepts of "human rights" and "civil rights", since the applicability of legislative acts and norms to limited rights and freedoms may vary depending on the category. These categories are based on common moral principles, have a common legal basis and are integral parts of the legal status of an individual. These rights form a complex system of interrelated phenomena. For this reason, it is obvious that a careful comparison of the categories of human rights and civil law, the disclosure of the links between them by considering their characteristics and classifications allows us to identify these concepts more deeply.

Along this path, as the author studied the norms of normative legal acts at the international and domestic levels, it was determined that civil rights are based on human rights. Nevertheless, with regard to the procedure for restricting human and civil rights, shortcomings in the norms of legislative acts have been identified.

Keywords: *human rights, civil rights, COVID-19 coronavirus pandemic, state of emergency, right to free movement, personal non-property rights, civil relations.*

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінен адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін кемелдендіру қажеттігін түсінуге болады, яғни қоғам өмірінің барлық саласында заң үстемдігі қағидасын басшылыққа алу арқылы әрбір азамат өз құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына сенімді болуы тиіс.¹

Бұл арада, адам құқықтары мен бостандықтары күнделікті қалыпты өмір салтында ғана емес, Республика территориясында не оның белгілі бір әкімшілік аумағында жарияланған төтенше ахуал немесе төтенше жағдай режимі уақытында қорғалуы маңызды екендігін ескеру қажет, өйткені адам құқықтары мен бостандықтары – ең қымбат құндылық болып табылады. COVID-19 коронавирустық пандемиясына қатысты ҚР аумағында енгізілген төтенше жағдай режимі кезінде қолданылған шектеу шараларының негізінде шектелген құқықтар мен бостандықтардың құқықтық табиғатын зерттей келе, «адам құқықтары» мен «азаматтық құқықтар» арасындағы айырмашылықтарды көрсету қажеттілігі туындады, себебі бұл екі ұғымның мағынасы бір-біріне тең емес.

Осы орайда, азаматтық құқықтардың түрлеріне саралау жүргізу арқылы аталған тақырып адам және азаматтың «еркін жүріп-тұру құқығы» мысалында қарастырылды, өйткені ҚР Конституциясына сай бұл «адам құқығы», ал ҚР Азаматтық Кодексіне сай «азаматтық құқық» ретінде танылады (14-бап). Демек, мақаланың өзектілігі отандық заңнамаға сай адам құқығы және азаматтық құқық ретінде бірдей танылатын «еркін жүріп-тұру құқығының» негізінде бұл санаттардың ара-жігін ашып көрсетуді қажет ететіндігінде.

Осылайша, азаматтық құқық пен адам құқықтарының салыстырмалы аспектілерін түсіну құқықтық мәдениеттің дамуына және жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынас деңгейінде де, өз азаматтары мен халықаралық қоғамдастық алдындағы мемлекеттік міндеттемелер деңгейінде де құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың маңыздылығын түсінуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, азаматтық құқықтық қатынастар деңгейінде де, мемлекет деңгейінде де адамның құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік беру қоғамдағы саяси және әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға әсер етеді. Ал осы салыстыру жұмыстары арқылы құқық бұзушылықтар мен заңнамалардағы кемшіліктердің алдын алу үшін қосымша құқықтық реттеуді қажет ететін салаларды анықтауға көмектеседі.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу жұмысы барысында жалпы ғылыми және арнайы әдістер кеңінен қолданылды, оның ішінде анализ, синтез, жүйелілік, салыстырмалы-құқықтық және формальды құқықтық әдіс. Мақала аясында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттар, сондай-ақ, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері зерттеу материалдарын құрады.

Негізгі бөлім

Нәтижелер мен талқылау

COVID-19 коронавирустық эпидемиясының пандемия ретінде танылуы әлем мемлекеттерінде жаппай төтенше жағдай режимінің жариялануы арқылы немесе басқа да шаралармен инфекцияның таралуымен күресу амалдарын жүзеге асыру барысында қолданылған уақытша шектеу шаралары адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру және қорғау барысында дәстүрлі тәсілдермен толық көлемде іске асыра алмауына алып келді.

ҚР Президентінің 2020 жылғы 15 наурызындағы «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Жарлығына (бұдан әрі - Жарлық) сай келесідей шаралар мен уақытша шектеулер қолданылған: ірі сауда орталықтарының жұмысы шектелді; адамдар көп жиналатын объектілердің қызметі тоқтатылды; карантин енгізілді; бұқаралық және атаулы іс-шараларды өткізуге тыйым салынды; ҚР аумағына көліктің барлық түрімен кіруге және шығуға шектеулер қойылды.²

Бұл шектеулердің мәнінен түсінетініміз, адамдардың еркін жүріп-тұру құқығы

¹ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі \ \ <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-viii-saylangan-parlamenttin-birinshi-sessiyasynyn-ashyluynda-soylegen-sozi-2922539> [дата обращения: 20.12.2023]

² ҚР Президентінің 2020 жылдың 15 наурызындағы «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Жарлығы \ \ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000285> [дата обращения: 29.12.2023]

шектелді. Осы құқықтың негізінде «адам құқығы» мен «азаматтық құқық» арақатынасын зерттейік.

2020 жылдың сәуір айында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш өз баяндамасында адамдар мен олардың құқықтары басты назарда болу қажеттігін көрсеткен.

Адам құқықтары – адамның тумасынан берілетін табиғи және ажырамас құқықтар мен бостандықтардың жиынтығы. Адам құқықтары адамның жалпы құқықтық мәртебесін, яғни мемлекет пен қоғамдағы адам бостандығының өлшемін анықтайды [1, 152 б.]. Қазақстан Республикасының Конституциясының (*бұдан әрі – ҚР Конституция*) 12-бабына сай адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Сол сияқты, адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумасынан беріледі, олар абсолютті, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Ал ҚР азаматы өзінің азаматтығының күшіне сай құқықтар мен міндеттерге ие болады. ҚР Конституциясының осы бабында бекітілген нормалардың өзінен адам және азаматтың айырмашылығын байқауға болады. Осы тұстан бастап, *адамдардың еркін жүріп-тұру құқығының* негізінде адам құқықтары мен азаматтық құқықтардың ұштасу сәтін қарастыратын болсақ.

Біріншіден, бұл нормадан түсінетініміз: адам құқықтарының өзіне тән белгілері болады, олардың ішінде тумасынан берілетіндігі және ажырамастығы. Адам құқығы мен бостандықтары Конституцияның II бөлімінде белгіленген, бұл бөлімдегі нормаларды саралай келе, оларды жеке тұлғалардың негізгі жеке мүліктік емес құқықтары ретінде танауға болады [2]. Сондай-ақ, «Адам және азамат» деп аталатын бұл бөлімінде бекітілген адам құқықтарының бірі ретінде азаматтық құқықтарды қарастыратын болсақ, бұл бөлімде бекітілген нормаларды «адам құқықтары» және «азаматтың құқықтары мен міндеттері» деп бөлуге болады, өйткені азаматтың адамнан айырмашылығы: оның құқықтары ғана емес, міндеттері де заңнамада айқындалады.

ҚР Конституциясының 21-бабымен бекітілген нормалардан түсінетіміз, ҚР аумағында әрбір адам еркін-жүріп тұруға құқылы. Осы орайда, ҚР Конституциясында адам құқықтарын, яғни жеке тұлғаларға тиесілігін меңзейтін нормаларда «әрбір адам», «әркім», «жұрт», «адам», «ешкім» деген сөздер қолданылады, ал ҚР азаматына қатысты

нормаларда «азамат» деген сөзбен айқындайды. Сәйкесінше, 21-баптан түсінетініміз, ҚР территориясында заңды негізде жүрген кез келген адам, оның азаматтығына қарамастан, еркін жүріп-тұруға құқылы. Бұл норманың басшылығымен Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (*бұдан әрі – ҚР АҚ*) 14-бабына сай азаматтың Республика аумағында еркін жүріп-тұруға құқығы бар.

Осы орайда, адам құқықтары мен азаматтық құқықтардың арақатынасын байқауға болады, өйткені азаматтық құқықпен реттелетін жеке мүліктік емес қатынастардың келесідей классификациялары бар.

Құрылымдық-функционалдық белгісі бойынша:

1) азаматтың (жеке тұлғалардың) жеке өмір сүруін қамтамасыз ететін құқықтар, оның ішінде келесілерді атап өтуге болады: өмір сүру құқығы, денсаулық сақтау құқығы, қолайлы қоршаған ортаға құқық, жеке басына қол сұғылмаушылық құқығы;

2) азаматтың (жеке тұлғаның) әлеуметтік өмір сүруін қамтамасыз ететін құқықтар, оның ішінде: атына (тегіне, әкесінің атына), ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне құқық, жеке басының бостандық құқығы, *еркін жүріп-тұру құқығы*.

Қарастырылатын құқықтарды жүзеге асыру мақсаттары бойынша:

1) жеке тұлғаның физикалық және психикалық салауаттылығын (тұтастығын) қамтамасыз ететін құқықтар, оның ішінде: өмір сүру құқығы, денсаулық сақтау құқығы, физикалық және психикалық қол сұғылмаушылық құқығы, қолайлы қоршаған ортаға құқық;

2) қоғамда жеке тұлғаны дараландыруды қамтамасыз ететін құқықтар, оның ішінде аты-жөніне құқығы, ар-намыс, қадір-қасиет және іскерлік беделге құқығы;

3) жеке тұлғаның дербестігін қамтамасыз ететін құқықтар, оның ішінде құпия және жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқықтары;

4) жеке тұлғаның зияткерлік қызметінің нәтижелерін қорғауды қамтамасыз ететін құқықтар [3].

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «еркін жүріп-тұру құқығы» ҚР Конституция нормаларына сай адам құқығы ретінде, азаматтық құқық нормаларына сай азаматтық құқық ретінде де танылады деп есептеуге болады.

Екіншіден, келесі кестеге назар аударатын болсақ, ҚР Конституциясында орын алған нормалар 1948 жылы 10 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы-

ның резолюциясымен қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясына (бұдан әрі - Декларация) негізделгенін көруге болады.

1-кесте. Адам құқықтарының жалпыға

бірдей Декларациясы³ мен ҚР Конституциясының⁴ нормаларын салыстыру (*автормен құрастырылды)

Бұл салыстырудан түсінетініміз, адам құқықтары мен бостандықтары халықара-

Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы	ҚР Конституциясы 2 бөлім «Адам және азамат»
1 бап	12-бап 2-тармақ 17-бап 1- тармақ 22-бап 1- тармақ
2 бап	14-бап 2- тармақ
3 бап	15-бап 1- тармақ
5 бап	17-бап 2- тармақ
6 бап	13-бап 1- тармақ
7 бап	14-бап 1- тармақ
8 бап	13-бап 2- тармақ
9 бап	16-бап 2- тармақ
12 бап	18-бап 1-2 тармақтар
13 бап 1-2 тармақтар	21-бап 1-2 тармақтар
15 бап 1- тармақтар	10-бап 1- тармақтар
16 бап 1- тармақ	27-бап 1- тармақ
17 бап 1-2 тармақтар	26-бап 1 мен 3 тармақтар
18 бап	19-бап 1- тармақ
19 бап	20-бап 1- тармақ
20 бап 1- тармақтар	32-бап
21 бап 1-3 тармақтар	33-бап 1-2 тармақтар
23 бап 1-2 тармақтар	24-бап 1-2 тармақтар
24 бап	24-бап 4- тармақ
25 бап 1- тармақ	28-бап 1- тармақ 29-бап 1-2 тармақтар
26 бап 1- тармақ	30-бап 1-2 тармақтар
27 бап 1-2 тармақтар	19-бап 2- тармақ 37-бап

³ «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы» БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда №217 А (III) қабылданған \ \ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> [дата обращения: 23.01.2024]

⁴ Қазақстан Республикасының Конституциясы \ \ https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ [дата обращения: 23.01.2024]

лық деңгейде танылады және қорғалады, ал азаматтық құқықтар ұлттық деңгейде танылады және қорғалады.

Үшіншіден, Конституцияның 12-бабынан түсінетініміз, адам құқықтары адамға тумысынан беріледі және оның абсолюттік сипаты бар. Егер Конституцияның 39-бабының 3-тармағына сүйенетін болсақ, кейбір құқықтар мен бостандықтар қандай жағдай болмасын шектелуге жатпайды, сәйкесінше оларды абсолютті деп тануға болады.

Еркін жүріп-тұру құқығы бекітілген Конституцияның 21-бабы мен Декларацияның 13-бабын саралай келе, адам құқықтарына тән оның келесідей белгілерін бөліп шығаруға болады:

Әмбебаптық. Декларация әрбір адамға әр мемлекеттің аумағында еркін жүріп-тұруға құқық береді, бұл құқық ҚР Конституциясында және ҚР АҚ бекітілген. Демек, адам құқықтары әмбебап болып табылады, өйткені еркін жүріп-тұру құқығы қолданылу жері мен уақытына қарай шектеуге жатпайды, яғни құқықтың әмбебаптығы оны кез келген жерде, уақытта қолдану үшін қолжетімді екендігін көрсетеді. Сәйкесінше, адам құқықтарының әмбебаптығы адамның ұлтына, азаматтығына, нәсіліне, жынысына, дініне, әлеуметтік мәртебесіне немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, оларға тиесілі болатындығын көрсетеді.

Ажырамастық. Адам құқықтары мен бостандықтарының әркімге тумасынан берілетіндігі оның ажырамастығын сипаттайды. Ал ҚР АҚ 13-бабына сай азаматтардың құқыққабилеттігі, яғни олардың құқықтарға ие болып, жүктелген міндеттерді атқару қабилеттігі ол туған кезден басталады.

Бөлінбеушілік\оқшауланбаушылық. Егер ҚР АҚ 13-бабының екінші бөлігіне назар аударатын болсақ, азаматтың құқыққабилеттілігі ол қайтыс болған кезде тоқталады, яғни бұл адамның дүниеге келіп, одан өту аралығында одан алынып қойылмайтындығын білдіреді. Алайда, адам құқықтарының оқшауланбауы адамның ешқашан құқығынан айырыла алмайтындығын білдірмейтінін ескеру маңызды, жер бетіндегі әрбір адамның адам құқықтары болғанымен, оны талап ету барлық адамда бола бермейді. Мысалы, адам кәмет жасқа толған кезден бастап ол бала құқықтарынан айырылады, яғни ол адам құқықтарын сақтайды, бірақ бала құқықтарын емес [4, 126.]. Ал бала

құқықтары - адам құқықтарының бір бөлігі.

Теңдік. Адам құқықтары теңдікті қамтамасыз етеді. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының 1-бабында келесідей көрсетілген: «Барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді».⁵

Адам құқықтары мен бостандықтарының теңдік сипаты, ҚР азаматтық заңнамаларымен реттелетін қатынастарда, оларға негіз болған құқықтарда да басшылыққа алынады, яғни азаматтық құқықтық қатынастар оған *қатысушылардың теңдігіне негізделеді*, өйткені қатысушылардың ешқайсысы өзгеріп-басқа қатысушыға мәжбүрлеуге құқылы емес екендігімен ерекшеленеді. Бұдан бөлек, жоғарыда айтып өткен болатынбыз, ҚР Конституциясының II бөліміндегі адам құқықтарын оның жеке мүліктік емес құқықтары ретінде тануға болады, өз кезегінде, азаматтық құқықтарды жүзеге асыру арқылы орын алған азаматтық құқықтық қатынастың келесі сипаты – мүліктік сипатта болуы, яғни ол тауарлы-ақшалай нысанында және өзге де *мүліктік сипатта болады* [5, 90 б.]. Бұл мүліктік қатынастың пәніне ақшалай баға беруге болатындығын білдіреді.

Бұдан бөлек, мүліктік қатынастарға байланысы бар және байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар да азаматтық заңнамамен реттеледі. Мұндай қатынастардың объектілеріне ақшалай бағалау мүмкін емес, алайда сол объектілерді пайдалану мүліктік қатынастардың туындауының алғышарты болуы мүмкін.

Төртіншіден, ҚР Конституциясының 39-бабына сай адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары тек *заңмен* шектелуі мүмкін. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының 29-бабының 2-тармағына сай өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде әр адам тек заңда белгіленген шектеулерге ұшырауы керектігі көрсетілген. Ал, ҚР Азаматтық кодексінің 18-бабының қазақ тіліндегі редакциясы бойынша *«заң құжаттарында белгіленген тәртіптен басқа, ешкімнің құқық және әрекет қабилеттілігін шектеуге болмайды»*, ал орыс тіліндегі редакциясында *«как в случаях и порядке, предусмотренных законодательными актами»*.

Демек, ҚР Конституциясы мен Декларация қандай да бір құқық шектелмесін, бұл сәйкесінше заң нормаларына сай шектелу

⁵ «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы» БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда №217 А (III) қабылданған \ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> [дата обращения: 01.02.2024]

қажеттігін көрсеткенімен, коронавирустық инфекцияға байланысты енгізілген төтенше жағдай режимі уақытында «еркін жүріп-тұру» құқығының заңмен емес, Бас санитариялық дәрігердің қаулысымен шектелгенін білеміз.

Әрине, бұл жағдай дұрыс болмағандығын тану қажет, себебі «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Жарлығына сәйкес, Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия атаулы арнайы орган құрылған және барлық басқарушылық құзыреттер осы органға берілген. Сондықтан осы орган ғана тиісті салаларды басқарушы мемлекеттік органдарға алғашқы шешімімен тапсырмалар беруге міндетті болатын. Осылайша, Мемлекеттік комиссия 28 наурыз сағат 00:00-ден бастап Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында карантиндік режимді күшейту туралы шешім қабылдаған: азық-түлік, дәрі-дәрмек сатып алуды және жұмысқа баруды қоспағанда, азаматтардың үйлерінен шығуын шектеу; адамдар көп жиналатын орындарды жабу (саябақтар, скверлер, жаяу жүргіншілер көшелері, жағалаулар, ойын алаңдары және т.б.); көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда үш адамнан (отбасы мүшелерін қоспағанда) топта жиналуға тыйым салуды белгілеу және т.б.

Ал Шымкент қаласында осындай шаралар қала әкімінің шешімімен енгізілген⁶.

Сонымен қатар, төтенше жағдай 2020 ж. 16 наурызда енгізілгеніне қарамастан, біз талдауға салған адамдардың еркін жүріп тұру құқықтарының шектелуі мүмкіндігі заң дәрежесінде тек екі айдан кейін, яғни 2020 жылғы 16 мамырдағы Заңмен ғана бекітілген болатын⁷.

Ресми жарияланған төтенше жағдай 2020 жылдың 11 мамырында аяқталғанына қарамастан, Қазақстанда адамдардың еркін жүріп тұру құқығы бұл мерзіммен шектелмеген болатын, ол шектеулер тағы да Бас санитарлық дәрігерлердің шешімдерімен одан ұзақ уақытқа жалғастырылып отырған.

Қорытынды

Мақала аясында коронавирустық инфекцияның негізінде енгізілген төтенше жағдай режимінің негізінде шектелген құқықтардың бастауында тұрған «еркін жүріп-тұру құқығының» мысалында «адам құқықтары» мен «азаматтық құқықтардың» арақа-

тынасын зерттеген болатынбыз. Еркін жүріп-тұру құқығы: 1) Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының 13-бабында; 2) ҚР Конституциясының 21-бабында; 3) ҚР АҚ 14-бабында бекітілген. Жоғарыда жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде келесідей тұжырымдар шықты.

Біріншіден, азаматтық құқық мемлекет пен азамат арасындағы қатынасты айқындайды, жеке тұлғалардың мемлекеттік институттар алдындағы құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Ал, адам құқықтары мемлекеттің жеке тұлғалардың алдындағы құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

